



АЙҚЫН апта

www.facebook.com/aikyn.kz

www.twitter.com/aikyn_gazeti



Big data

БИЗНЕСКЕ НЕ БЕРЕДІ?



Соңғы жылдары іскер ортаның сөздік қорынан Big data деген тіркес өз орнын тапты десек қателеспеспіз. Өйткені ойы заманынан озық жүретін азаматтар сәт сайын артып келе жатқан ақпарат ағынын өз дегеніне бағындырып жатыр. Бизнесі экономиканың драйверіне айналдыруды көздеген біздің ел де бұл тенденциядан тыс қалған жоқ. Президенттің өзі Жолдауда «Үлкен деректерді» (Big data) пайдалану сапалы талдауды қамтамасыз етуге, өсімнің резервін анықтауға және артық шығынды азайтуға жағдай туғызады» деп жөн сілтеді. Бірақ Big data деген не? Батыс оны әлпештеп, арнаулы ғылым ретінде дамыту арқылы нені көздеп отыр? Біз одан не ұтамыз?

13 >>

ҚАРЖЫ

КРИПТОВАЛЮТА — КІРІС КӨЗІ ЕМЕС

Қазақстан аумағында теңге жалғыз төлем құралы, демек криптовалюталар ел аумағында төлем құралы ретінде пайдаланыла алмайды. Бұл туралы Қазақстан ұлттық банкінің өкілдері «Криптовалюталар: керек пе, жоқ па?» деген тақырыптық пікірталас барысында айтты.

— Қаржы ұйымдарына да заңнамада тікелей көзделмеген операцияларды жүргізуге тыйым салынады. Тікелей реттеудің жоқтығына қарамастан, бүгінгі күні қаржы секторында меншікті немесе клиенттік операциялар бойынша, сондай-ақ есеп айырысу бірлігі ретінде криптовалюталарды пайдалану заң-

намаға қайшы келеді, — деп түсініктеме берді Ұлттық банктің төлем жүйелері департаменті басқармасының бастығы Алина Иманғазина. Маман соңғы кездері халықтың криптовалюталарға деген сұранысы тез әрі жоғары кіріс алу мақсатында инвестицияларға арналған нысана ретінде байқалатынын атап өтті. А.Иманғазинаның айтуынша, криптовалюталардың ешқандай құндылығы, құны жоқ екендігін түсіну қажет. Криптовалюталардың бағасы алыпсатарлық болжаулар әсерінен өрши түсетін сұраныс арқылы ғана пайда болады. Соңғы екі айдың өзінде ең танымал криптовалюта — биткоиннің бағасы 2,5 есе құлдырады. Бұл — нарықтың бұдан кейін қалай өзгеретінін болжау мүмкін емес деген сөз. Әрі халық салған қаражаттың күйіп кету қаупі жоғары.

— Криптовалюталардың танымалдығы әсерінен қаржылық пирамидалар

секілді алаяқтық схемалар туындайды. Сонымен бірге, криптовалюталар арқылы жаңа жобаларға қаражат тарту (ICO) да соңғы кездері белсенді түрде жарнамаланып жатыр. ICO инвестициялау қағидаттары IPO-ға ұқсас. Дегенмен мұнда ешкім эмитенттерді тексермейді және инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік бермейді. Криптовалюталар арқылы жасалатын барлық операцияларда халық пен заңды тұлғалар тәуекелге бел буады, — деді А.Иманғазина.

Ұлттық банк сарапшылары теріс салдарды азайту үшін криптовалюталық қаржылық пирамидалардың пайда болуына тосқауыл болу, халықтың цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыру, осы саладағы заңнаманы қатаңдату жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет деген пікірлерімен бөлісті.

Берім СҰЛТАН

EXPO ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында Қазақ елінің ең басты 33 нәтижесінің 32-тармақшасы EXPO – 2017 көрмесіне арналған. Аталған еңбекте халықаралық мамандандырылған көрмені елімізде ұйымдастыру жұмыстарының қалай жүргізілгені жан-жақты жазылған. Қазіргі таңда тұмса табиғаттан балама қуат алу әлем елдері үшін ең өзекті мәселе болып отыр.

4 >>

ДАТ

ШЫҒЫСТЫҢ ШЫРАЙЫН КІМ КЕЛТІРЕДІ?

Мұхит асып, шығысқа әлемге танымал актерлер келді. Марк Дакаскас, Кэри Тагава, Майкл Мэдсон, Бай Лин, Эрик Робертсті Шығыс Қазақстанға алып келген не құдірет?

9 >>

ДОДА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ӘЛСІЗ ТҰСЫ ҚАНДАЙ?

Пеңчаң Олимпиадасында 7 спорт түрінен 15 дисциплина бойынша жарыс өтіп жатыр. Еліміздің спортшылары соның төртеуінен бақ сынайды. Біз қатыспайтын жарыстар – бобслей, шайбалы хоккей және керлинг. Сондай-ақ жекелеген дисциплиналардың кейбірінен отандастарымыз жолдама ала алмады. Газетіміздің өткен санында көпшілікке түсініксіз керлинг туралы сөз қозғаған едік. Енді кезек сноуборд пен шанаға келіп жеткен сыңайлы.

23 >>

ҮКІМЕТ



ЭКСПОРТҚА ҚОЛДАУ АРТУДА

Үкімет үйінде Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысының 9 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын орындау аясында инвестициялық тартымдылық және экспорттық әлеуетті дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Отырыс барысында инвестицияларды тартудың жаңа тәсілдері және 11 басымдықты елдердің инвесторларымен нақты жұмыс жүргізу, сондай-ақ 26 елдің трансұлттық компанияларының қатысуымен іске асырылатын жобалар талқыланды. Экспорттық саясат саласында отандық экспорттаушыларға қолдау көрсету және олардың әлемнің басты экспорттық нарығына шығуы үшін «бір терезе» құруды да қарастыратын биылғы жылға арналған жұмыс жоспары қаралды.

Kazakh Invest пен Kazakh Export басшыларының осы жылға арналған жоспарлары мен қабылданып жатқан шаралары туралы ақпаратты тыңдалды. Кеңес қорытындысы бойынша компанияларға жұмысты жандандыру және Мемлекет басшысының тапсырмаларын тиімді іске асыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Kazakh Invest ҰК мониторинг жүйесінде 35 мың жұмыс орнын ашатын, жалпы сомасы 47,8 млрд доллар болатын 145 инвестициялық жоба бар. Олардың ішінде жалпы сомасы 10,7 млрд долларды құрайтын 66 жоба іске асырылуда. 2017 жылдың қорытындысы бойынша 188,9 млн доллар сомасына 9 жоба жүзеге асырылды.

Экспорттық саясат саласында басты экспорттық нарықтар қатарынан 12 елде өкілдіктер ашу жоспарланып отыр. 2017 жылдың қорытындысы бойынша, қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар сомасы 196 137 млн теңгені құрады. Қолдау көрсетілген отандық өндірушілер саны – 42, ал шетелдік сатып алушылар саны – 108. Отандық қаржы институттарымен бірлесе отырып 42,6 млрд теңгеге жобалар іске асырылды.

ЖҮЗДЕСУ

ТҮРКИЯЛЫҚ ҚАНДАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова Түркияға сапары аясында, Ыстамбұл қаласында қазақ диаспорасы және қазақстандық студенттер қоғамдастығы өкілдерімен кездесті. Түркиядағы қазақ диаспорасы өткен ғасырдың елуінші жылдары қалыптаса бастады. Бүгінде оған 10 мыңға жуық адам кіреді.

Кездесу Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының басты ережелерін талқылауға арналды. Мемлекеттік хатшы бүгінде Қазақстанның табысты әрі заманауи мемлекетке айналғанын атап өтті. Бұл – Нұрсұлтан Назарбаевтың халықтың әл-ауқатын жан-жақты арттыруға бағытталған стратегиялық бағдарын іске асыру нәтижесінде мүмкін болған жетістік. 2017 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі – 4 пайызды, инфляция деңгейі – 7,1 пайызды, жұмыссыздық деңгейі 5 пайызды құрады.

Гүлшара Әбдіқалықова былтырдан бері экономиканың жаңа моделін қалыптастыруға, саяси реформа жүргізуге және қоғамдық сананы жаңартуға бағытталған елдің Үшінші жаңғыруы жүзеге асырылып жатқанын айтты. Жаңғыру үдерістерінің өзегі – «Рухани жаңғыру» жобасы. Г.Әбдіқалықова Жолдауда Мемлекет басшысының Индустрия 4.0 элементтерін енгізуге баса мән бергеніне назар аударды. Сондықтан бірінші басымдық жаңа технологиялық құрылымға қол жеткізуге негізделген

экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Жолдауда жаңғырудың негізі ретінде адам капиталының маңызы ерекше атап өтілген. Бүкіл халқымызды қамтитын өзіміздің төл білім беру жүйесін қалыптастыруды жеделдету міндеті қойылды. Бұл ретте әрдайым өзгерістерге бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту негізгі басымдыққа айналмақ. Қазақстан қоғамының идеалы айқындалды. Ол – өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық.

Мемлекеттік хатшы Жолдауда қойылған басты міндетті атап өтті. «Біз жаңа заманға сай болу үшін Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы тарихи өрлеу бастауында тұрған біртұтас ұлт болуымыз керек» деді ол.

Сонында Гүлшара Әбдіқалықова кездесуге қатысушыларды тарихи отанымен байланысты нығайта беруге, өздерінің пайдалы еңбегі мен үздік білімі арқылы жаһандық қоғамдастықтың маңызды әрі жауапты мүшесі ретіндегі еліміздің халықаралық беделін арттыра түсуге өз үлестерін қосуға шақырды.

ОТЫРЫС



Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өмірге жолдама алғанына 12 сәуірде тура бір жыл толады. Бүгінде бағдарлама нақты жобалар деңгейіне шықты. Олардың алғашқы қорытындылары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың республикалық және жергілікті жерлердегі жұмыс нәтижелері Президент жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның кезекті отырысында қаралды. Отырысқа Президент Әкімшілігінің басшысы Әділбек Жақсыбеков төрағалық етті.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ӨРГЕ БАСТЫ

– Қазіргі кезде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша көп жұмыс атқарылды. Қажетті ұйымдастыру мәселелері толығымен шешілді. Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша нақты нәтижелер бар. Бүгінде жобалар қарқынды іске асырылып жатыр. Ең бастысы, олар халықтың зор қолдауына ие, – деді жиынды ашқан Ә.Жақсыбеков.

Ол бағдарламаны іске асырудың жаңа кезеңінде қол жеткен қарқынды жоғалтпаудың және келешектің айқын көрінісін анықтап алудың маңыздылығын атап өтті. Әділбек Жақсыбеков қазақ тілін латын қарпіне көшіру бойынша міндеттер нақты қойылғанын, Мемлекет басшысы жаңа әліпби жобасын бекіткенін, Үкімет жанынан ұлттық комиссия құрылғанын еске салды.

– Ендігі жұмыс Үкіметте. Жаңа әліпбиге көшу жұмыстарын Үкімет өзі бекіткен жоспар аясында жалғастырады. Сонымен бірге, жоспарланған іс-шаралардың қисын-логикасын қатаң сақтау қажеттілігіне назар аударғым келеді. Науқаншылдыққа жол бермеу және популистік акциялармен елікпеу маңызды. Бұл жерде жүйелілік пен кезеңділік қажет, – деген Ә.Жақсыбеков бұл мәселе Үкіметтің айрықша бақылауында болуға тиістігін айтты.

Комиссия отырысында Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары О.Оразалин, Президент Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі А.Балаева, Ақпарат және коммуникациялар министрі Д.Абаев, Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиялы баяндама жасады. Ал бейнеконференц-байланысы арқылы Алматы және Атырау облысы басшыларының есептері тыңдалды. Өз баяндамасында Оңдасын Оразалин өңірлерде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оның идеологиясына жауап бермейтін іс-шараларды өткізетін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі мәселесін көтерді.

«Бағдарлама аясында «Рухани жаңғыру» идеологиясымен қабыспайтын іс-шаралар да жүзеге асырылуда. Көбінесе, ертеде жоспарланған, кейінге қалдырылып, бір жоспардан екіншісіне көше беретін шаралар ұйымдастырылады. Бұл туралы өз сөзінде Мемлекет басшысы атап көрсетті. Осыған байланысты мұндай сәйкессіздіктер үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін көтеру қажет. Біз аталған фактілерді әшкерелеп, жолын кесу, жоспарланған іс-шараларға өзгерістер мен тиісті түзетулер енгізу бойынша мемлекеттік инспекторларға тапсырма бердік» деді О.Оразалин.

Ол «Рухани жаңғыру» іс-шараларының критерийлерін түзу және бағдарламаның нақты көрсеткіштерін белгілеу керектігін жеткізді. Сол межелер арқасында рухани жаңғырту ісін жетістіктерін бағалауға жол ашылады. Оның мәліметі бойынша өткен жылы «Туған жер» арнайы жобасы аясында 2 мыңнан астам іс-шара өткізілді. 700-ден астам жоба іске асырылды. Бұл бағытқа шамамен 85 млрд теңге бөлінсе, оның 69 миллиарды – демеушілердің қаражаты. Меценаттар есебінен 51 миллиард теңгеден астам демеушілік көмек жасалды. 735 нысан абаттандырылды және қалпына келтірілді. «Туған жер» аясында 1438 нысан пайдалануға берілді.

Осы орайда Қоғамдық сананы жаңғырту

бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия төрағасы Әділбек Жақсыбеков «Туған жер» жобасын ары қарай жүзеге асыру аясында Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктеріне Өлкетануды дамытудың арнайы тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды.

Өз кезегінде Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиялы киелі жерлер қандай критерийлер негізінде іріктелгеніне тоқталды.

– Бүгінде киелі жерлерге қатысты ауқымды жұмыстар жүргізілді. Олардың нәтижесі бойынша біз жобаның бірінші кезеңі жемісті аяқталды деп сеніммен айта аламыз. Қазақстанда киелі жерлердің көп екені белгілі. Киелі жерлер тізіміне олардың барлығын қоспай, мемлекет пен ұлттың тарихында үлкен рөл атқарған, халықтың санасында қалған және ел жиі баратын, қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын киелі жерлерді ғана қостық. Негізінен, киелі жерлер тізімі келесі критерийлер негізінде жасалды: табиғи ландшафты нысандар, археологиялық және сәулет ескерткіштері, ғибадат орындары саналатын діни нысандар, тарихи тұлғалармен, саяси оқиғалармен байланысты киелі орындар, – деді министр.

Ол киелі жерлерді іріктеу, тізімге алу және жүйелеу жұмыстары Қазақстанда тұңғыш рет қолға алынғанына екпін түсірді. Сондықтан оларды тізімге алу оңайға соқпапты. Министрдің мәліметінше, тарихи-мәдени мұрамызды ауқымды жүйелеу нәтижесінде, жалпыұлттық маңызы бар 100 кешеннің және өңірлік маңызы бар 456 нысанның тізімі қалыптастырылды. Киелі нысандардың 3D туры бар көпфункционалды, виртуалды картасы жасалды. Алда нысандарды есепке алу жұмыстары жалғасатын болады.

Қазақтың тарихи тұлғаларымен байланысты шетелдегі киелі жерлерді зерттеу де жүргізілмек. Мәселен, А.Мұхамедиялы Өзбекстанда Төле би, Әйтеке би, Астраханда Құрманғазының жерленген орындарын тілге тиек етті. Бұдан басқа, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша 2018 жылғы жоспар аясында кітаптар, фотоальбомдар, энциклопедиялар, соның ішінде «Киелі Қазақстан» энциклопедиясының екінші томын шығару, өңірлерге этномәдени экспедицияларды жалғастыру, киелі жерлерді кеңінен насихаттау, сондай-ақ жаңа этнографиялық жобаларды жүзеге асыру, жаңа туристік бағыттарды ашу мақсатындағы өңірлердегі жұмыстарды үйлестіру көзделуде.

Кеңес қорытындысында Ұлттық комиссия төрағасы бағдарламаның іске асырылу барысы Мемлекет басшысының ерекше бақылауында екеніне, сондай-ақ барлық жоспарланған жобаларды сапалы іске асыру және олардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне тұжырымдамалық сәйкес болуы қажеттігіне баса көңіл бөлді.

Өңірлер басшыларына бағдарламаның барлық бағыттары бойынша жұмысты жандандыру, соның ішінде «Қазақстанның киелі географиясы», «Туған жер» жобаларының іске асырылуын ерекше бақылауға алу, өлкетануды дамытуға және жергілікті шығармашылық ұжымдарға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Әріптестіктің аясы кеңейе түспек

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжан Ханьхуэймен кездесті. Онда екі ел арасындағы партияаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселесін кеңінен талқылады.

Кездесудің Қытай Жаңа жылының бірінші күнімен тұспа-тұс келгенін ерекше атап өткен жөн. Осы жайтқа айрықша назар аударған Мәулен Әшімбаев бұл оқиғаның өзара әріптестікті жаңа биікке көтеруге септігін тигізетінін атап өтті.

Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің жеке достығы екі партия мен екі ел арасындағы ынтымақтастықтың негізі болып саналатынын айтты. Оның айтуынша, Қазақстан Қытайдың жеткен жетістіктері үшін ерекше қуанышты және елдің даму бағытын айқындаған ҚХР Коммунистік партиясы XIX съезінің табысты өткізілуін жоғары бағалайды.

— Қазақстан алдағы уақытта да Қытаймен байланысты күшейтуге мүдделі. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» — біздің қарым-қатынасымыздың нығайуына үлкен әсерін тигізетін бастама. Екі елдің мүддесі көптеген салада үндесіп жатады. Әсіресе, сауда-саттық, бірлескен кәсіпорын құру және Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін Қытайға жеткізу мәселесінде ортақ ұстанымдар бар. Сондықтан мен таяу жылдарда экономика саласында Қазақстан мен Қытайдың байланысы нығайып, аясы кеңейе түседі деп есептеймін, — деді Мәулен Әшімбаев.

Ресми Астана мен Бейжің партияаралық диалогты дамытуда да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Өз сөзінде «Нұр



Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары аталған бағыттағы жұмыстарды одан әрі күшейту қажет екенін тілге тиек етті. Нақты айтқанда, Мәулен Әшімбаев партия қызметі мен оның құрылымы жөнінде және халықаралық мәселелерге қатысты кеңес саласы бойынша тәжірибе алмасуға, өзекті тақырыптарға арналған форумдар мен конференцияларға қатысу қызметтерінде байланысты күшейтуге ерекше мән берді. Одан бөлек, кездесуде «Бір белдеу — бір жол» сияқты ірі стратегиялық жобаларды жүзеге асыруда да мемлекеттік органдарға көмектесу үшін күш біріктірудің берері мол екені айтылды.

— «Нұр Отан» ынтымақтастық пен еркін диалог үшін әрдайым ашық. Барлық деңгейде, яғни партия басшылығы, Орталық аппарат және өңірлік деңгейде қарқынды байланыс орнатуға дайынбыз. Осы қызметтегі алғашқы халықаралық кездесуім Қытай Халық Республикасының өкілімен болуының маңызы зор деп есептеймін, — деді «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары.

Өз кезегінде елші екі ел арасындағы тығыз әрі стратегиялық байланыстың жо-

ғары деңгейде екенін атап өтіп, Қытай тарапының бұл диалогты жетекші саяси партиялар деңгейінде дамытуға дайын екеніне сенім білдірді.

— Біз Қытай Коммунистік партиясы мен «Нұр Отан» партиясы арасындағы ынтымақтастықтың нығайуын қолдаймыз. Бүгінде екі тарапта да өзара іс-әрекетті одан әрі күшейтуге толық мүмкіндік бар. Мәселен, бізде партия мектебі айтарлықтай деңгейде қалыптасқан. Соны ескеріп, білікті партия мамандарын даярлауда күш біріктіруге әбден болады. Қазірдің өзінде «Нұр Отан» партиясының жоғары жетістіктерге қол жеткізгені айқын аңғарылады. Жетекші партия ретінде «Нұр Отан» Қазақстандағы мемлекеттік басқаруда, елдің дамуында және тұрақтылық пен татулықты нығайтуда негіз болып саналады, — деді Чжан Ханьхуэй.

Кездесу соңында тараптар партияаралық байланысты басшылық деңгейден бастап партияның өңірлік құрылымдарының өкілдеріне дейін күшейтудің маңызы зор екеніне аса мән беріп, келешекте осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізетін болып келісті.

Еламан МАҚСОТҰЛЫ

Ақтау қаласындағы «Овация» тұрғын үй кешенінің тұрғындары «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалында өткен қоғамдық қабылдауда заңсыз салынатын құрылыс жайын қозғады. Олар облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Аманғалиевтің қабылдауында болып, тұрғын үйдің алдынан қонақүй кешенінің құрылысы басталып жатқандығына наразылық білдірді.

Ақтаулықтардың алғысхаты

— Тұрғындар «Овация» тұрғын үй кешенінің іргесінде орналасқан 0,2500 гектар алаңды абаттандыруды ойластырған болатын. Бірақ бірнеше жылдан бері жер телімі иесінің қонақ-үйдің құрылысын бастаймын деген қарсылығына тап болып келді. 2012 жылы облыс әкімінің араласуымен құрылыс жұмыстарын жүргізу тоқтатылған еді. Бұл түйткіл бес жылдан кейін тағы да тұрғындардың алдынан шықты. Осы мәселені «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының қоғамдық қабылдауында облыс әкімінің бірінші орынбасарына жеткізілді, — деді «Овация» жекеменшік пәтер иелері тұтыну кооперативінің төрайымы Балауса Неренбаева.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары қоғамдық қабылдауға қатысқан Ақтау қаласы әкімдігінің өкілдеріне тиісті тапсырмалар беріп, тұрғындардың мәселесін шешуді тапсырды. Сонымен қатар құрылыс алаңына өзі барғаннан кейін құрылыс жұмыстары тоқтатылды. Құлап жатқан қоршаулар жөнделіп, сырланып, алаң толық тазартылды.

Жақында «Овация» жекеменшік пәтер иелері тұтыну кооперативі облыстық прокуратурадан өкілетті органның аталған жер телімін мемлекет меншігіне алу жөніндегі сұранысты Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жіберілгендігі туралы хат алды. Аталған мәселе бойынша жедел шаралардың қолға алынғанына риза болған тұрғындар «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевтың және партияның Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Ералы Тоғжановтың атына алғысхат жолдады.

Зәмзәгүл НАЗАР

Халық алдында есеп берді

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Шымкент қаласындағы «Түркістан» сарайында жылды қорытындылап, халық алдында есеп берді. Кездесуге Премьер-министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиев пен Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Мұрат Имандосов және «Нұр Отан» партиясының хатшысы Ғабидолла Әбдірахымов, Премьер-министр кеңсесінің бас инспекторы Марат Жексембин қатысты.

Аймақ басшысы 2017 жылы өңірдің экономикалық және әлеуметтік салаларында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жылда іске асырылатын жұмыс жоспарлары туралы баяндады.

Өткен жылы атқарған жұмыстарға есеп берген өңір басшысы өнеркәсіп саласында 858,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 2016 жылмен салыстырғанда 69,5 млрд теңгеге өскенін айтты. Ал Өңдеу өнеркәсібі өндірісінің өсімі өткен жылмен салыстырғанда бірқатар салаларда артқан. Сонымен, 2017 жылы индустрияландыру картасы аясында 36,4 млрд теңгеге 1 мыңға жуық жұмыс орнын құрайтын 18 жоба іске қосылған. Қазіргі таңда 11 индустриялды аймақтың 9-ы толыққанды жұмысқа көшкен. Бүгінде аймақтарда іске асырылған жобалар саны 78-ге жетіп, 35,9 млрд теңге инвестиция тартылды. Осының нәтижесінде 4 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Аграрлы аймақтың агроөнеркәсіп саласында атқарылған жұмыстарына тоқталған әкім мемлекеттік қолдаудың арқасында 522 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 2 пайызға артқанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл көрсеткішпен облыс республикадағы үлесі бойынша 2-орыннан көрінген. Ауыл шаруашылығына тартылған инвестициялардың көлемі

38,1 млрд теңгені құрап, 3,4 есеге артқан. Осының нәтижесінде, егіс көлемі 29300 га ұлғайып, 818 мың гектарға, тамшылатып суғару әдісі қосымша 8 100 га ендіріліп, жалпы көлемі 59 100 га жеткен. Бұдан бөлек, облыс басшысы жылыжайлар қосымша 202 га салынып, жалпы 1 325 га жеткенін, республикалық үлесі 80 пайызды құрағанын хабарлады. Есепті жылы салаға 24,9 млрд теңге субсидия бөлініп, 40 мыңға жуық шаруаға қолдау көрсетілген.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 5,3 пайызға өсіп, жыл басынан 721,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ол 2016 жылмен салыстырғанда 36,2 пайызға көбейген. Осылайша, өткен жылы 7 482 отбасы баспанамен қамтамасыз етілген.

Жиын барысында аймақ басшысы атқарылған жұмыстар туралы қысқаша баяндама жасап, өңір тұрғындарының ұсыныс пікірлері мен сауалдарына жауап берді.

Жалпы, есепті жиынға қатысқан бір мыңнан астам тұрғыннан бөлек, өңір жұртшылығы аймақ басшысының есебін облыс әкімдігінің ресми сайты мен әлеуметтік желідегі facebook парақшасында жүрген тікелей эфир арқылы да тыңдады.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

«Нұр Отан» партиясында жаңғырту жұмыстары бөлсеңді жүргізіліп жатқаны мәлім. Оның аясында кадрларға баса мән беріп, резервті қалыптастыру, олардың жұмысын жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.



Басымдық — кадрлық резервте

Павлодар облысына жұмыс сапарымен келген «Нұр Отан» партиясының хатшысы Қаныбек Жұмашев партияның жергілікті активімен жүздесіп, бірқатар мәселені талқылап, ортаға салды. Кездесуге барлық деңгейдегі мәслихаттағы партияның депутаттық фракциясы мүшелері, партиялық бақылау комиссиясы мен сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет қоғамдық кеңесінің өкілдері қатысты.


Жиын барысында кадрлық резерв мәселесіне баса мән берілді. Атап айтқанда, партиялық модернизациялаудың мән-маңызы жан-жақты түсіндіріліп, жоспары таныстырылды. Осы орайда, Қаныбек Жұмашев партияның стратегиялық күш ретіндегі рөлі мен мамандардың біліктілігін арттыру, заңнаманы жетілдіру мәселелеріне тоқталды.

— Жаңғырту аясында партияның кадрлық саясатын жақсарту — басты

міндеттердің бірі. Партиялық активпен кездесу барысында кадрлық резервті қалыптастыру, кадрлардың жылжымалылығы, дарынды, жас азаматтарды тарту мәселелерін қарастырылды. Сонымен қатар, жаһандану заманында әлеуметтік желілермен жұмыстың маңыздылығын ескере отырып, осы бағыттағы істі жетілдіру керек, — деді Қ.Жұмашев.

Кездесу барысында сөз алған «Нұр Отан» партиясының Павлодар облысындағы өкілдері жаңғырту мақсатын жүзеге асыруға қатысты ой-пікірлерімен бөлісті. Олардың қатарында еліміздің саяси-экономикалық, рухани жаңғыруын қолдаудың тиімді тетіктерін қалыптастыруға бағытталған шаралар да бар.

Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА,
Павлодар облысы



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында Қазақ елінің ең басты 33 нәтижесінің 32-тармақшасы ЕХРО – 2017 көрмесіне арналған. Аталған еңбекте халықаралық мамандандырылған көрмені елімізде ұйымдастыру жұмыстарының қалай жүргізілгені жан-жақты жазылған. Қазіргі таңда тұмса табиғаттан балама қуат алу әлем елдері үшін ең өзекті мәселе болып отыр.

Серік ЖОЛДАСБАЙ

Күні кеше Астанада өткен ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесін әлі көп жұрт ұмыта қойған жоқ. Үш ай бойы отандастарымызбен шет елдік азаматтардың көзайымына айналған

Қазақстан бұрынғы кеңес елдерінің ішінде алғашқы болып өз аумағында ғаламдық ауқымдағы ЕХРО – 2017 көрмесін өткізді. Еліміз тұңғыш рет әлемнің 115 мемлекеті мен 22 халықаралық ұйымның өкілдерін қабылдады.

ЕХРО ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛДЫ

көрме көпшіліктің көңілінен шықты. Шын мәнісінде елімізде ЕХРО – 2017 көрмесін өткізу оңайлықпен бұйырған жоқ. Бұл туралы Елбасы «Қазақстанда көрме өткізу құқығын жеңіп алу оңай болған жоқ. Алғаш рет Астанада халықаралық көрме өткізу идеясын ЕХРО – 2008 көрмесіне, Испанияның Сарагоса қаласына барған сапарымда, біздің ел қола жүлдеге ие болған кезде ұсынғанмын. Қазақстанның ЕХРО халықаралық көрме қозғалысына қатысу тарихы еліміздің 1997 жылы Халықаралық көрмелер бюросына мүше болған кезінен басталды. Енді міне, бұл күтпеген жерден Қазақстан үшін, жалпы технология үшін сондай күшті шараға айналып шыға келді. Қысқа уақыт ішінде, барлығы үш жылда, біз Астана қаласының алып жана ауданын салып шықтық. Ол астаналықтардың өздері үшін де, бүкіл қазақстандықтар үшін де жиі келетін ең сүйікті орындарына айналуда. Туризм әуежайдан, вокзалдан басталмақ. Біз жаңа әуежай және жаңа теміржол вокзалын салып, пайдалануға бердік. Егер бұрын Астана 3 миллион әуе жолаушысын қабылдаса, енді қазіргі жолаушылар тасқыны 8 миллионға дейін жетеді. Астананың логистикалық нысандары ең заманауи технологиямен жабдықталған. Барлық келушілер мұны көздерімен көреді және Қазақстанның туристерді қабылдай алатынын түсінеді. Мұнда қонақтарды жақсы қарсы алады, түнде жақсы тынығуға болады, көретін жер де көп» деп жазады.

Елбасының жазуына, ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесі елімізді жаңғыртуға қосымша дем берді. Сондай-ақ Президент халықаралық көрменің Қазақстан экономикасына мультипликативті әсер еткеніне

тоқталады. Себебі, көрменің арқасында мыңдаған жұмыс орны ашылып, ішкі және сыртқы туризм айтарлықтай табысқа жетті. Ең бастысы жастар қауымы жаңа технологияны өз көздерімен көріп, ғылымға қызығушылығы артты. Сондай-ақ Елбасы көрмеден кейін босаған ғимараттардың қандай мақсатта қызмет көрсететін баяндаған. Бұл туралы Президент «Барынша принципті мәселе ретінде мен: «Астана ЕХРО» кешенін жасақтай отырып, бұл қаламыздың барлық тұрғындары мен қонақтарына қалай қызмет көрсетеді деген төңіректе көп ойландым. Келешекті көздегендіктен, бірнеше озық жобаларды – «Астана» халықаралық қаржы орталығын, «Жасыл технология» мен инвестицияны дамыту бойынша Халықаралық орталығын, Халықаралық ІТ-старттаптар технопаркін – қоса жүзеге асыруды жоспарладым. Шын мәнісінде, Астанада іскер орталық дүниеге келді. Бұл қаржының шаруақорлықпен, «ақылмен» бөлінгенін аңғартады. «Инвестициялар қантанымы» ретінде ЕХРО еліміздің, өңірлер мен барша әлемнің дамуына қызмет ете беретін болады» деп жазады.

Үкімет ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесін ұйымдастырамыз дегенде қоғамда әртүрлі сын пікірлер болды. Мәселен, кейбір азаматтар «көрмеден кейін ғимараттар қанырап бос қалады» деп сын садағына алған болатын. Алайда Елбасы айтқандай, көрме аумағында «Астана» халықаралық қаржы орталығы және «Жасыл технология» мен инвестицияны дамыту бойынша халықаралық орталығы сынды көптеген маңызды жобалар жүзеге асып жатыр.

Жалпы отандық және шет елдік сарапшылар ЕХРО – 2017 көрмесінің тиімді тұстары туралы жиі айтып жатады. Солардың бірі – «Дамуға арналған минералды ресурстар» бағдарламасының атқарушы жетекшісі, Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі герман қоғамының мүшесі Гретц Райнер. Оның айтуынша, көрмеге жұмсалған қаржы болашаққа салынған инвестиция.

– ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесін өткізу үшін қомақты қаражат кеткенін білеміз. Бірақ мұның тиімді тұстары бар. Көрменің арқасында Қазақстан халқы энергия тиімділік туралы білді. Сондай-ақ көрменің ағартушылық сипаты да болды. Сондықтан да көрмені ұйымдастыруға көп ақша жұмсалды деп аландаудың қажеті жоқ. Бұл – болашаққа салынған инвестиция. Халықаралық көрме кезінде жиналған тәжірибені тиімді пайдалану керек. Бұл жерде 2 шешім бар. Біріншісі, көрме барысында энергия тиімділік бойынша ұсынылған технологияларды Қазақстан өз өндірісіне бейімдеп, енгізуі қажет. Екіншісі, жоғары технологияларды қолдану үшін білікті кадрлар, жұмыс күші қажет. Сондықтан осындай талаптарға жауап беретін мамандар дайындау керек. Бұл Қазақстан экономикасына пайдасын тигізіп, болашақта қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді, – дейді Гретц Райнер.

Иә, ЕХРО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі – еліміздің болашағы үшін маңызды. Сондықтан да көрме үш аймен шектеліп қалмай, бүгінде келушілерге есігін айқара ашып жатыр. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесі ел есінде ерекше әсермен қалды.

БАҒДАР

ЖАҢА УНИВЕРСИТЕТТЕР АШЫЛАДЫ

Заманауи өркениеттің болашағы технологиялық ілгерілеу мен экономикалық өсімге ғана емес, сондай-ақ адами капиталдың сапасына байланысты. Сондықтан Мемлекет басшысы адами капиталды дамытуға баса мән беріп келеді. Елбасы халыққа Жолдауында «Білім беру саласына өзіндік инвестициялық жобалары мен экспорттық әлеуеті бар жеке экономика саласы ретінде қарау керек» деп жүктеді.

Айхан ШӘРІП

«Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі» рейтингінде 2017 жылы Қазақстан бастауыш білім берумен қамту көрсеткіші бойынша әлемнің 137 елі арасында 4-орынға ие болды. Бұл тұғырға 118-орыннан көтерілгенін ескерсек, еліміздің қалай шарықтағанын байқаймыз.

2017 жылы жасалған жұмыс қорытындыларына тоқталсақ, балабақша саласында 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту 4,7%-ға өсіп, 90,5%-ды құрады.

Орта білім беруде Елбасы тапсырмасына сай, жанартылған мазмұнға көшу жалғасуда. Бұдан бөлек, Қазақстанда 5 күндік оқу аптасы енгізілді. 2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда жаратылыстану-ғылыми циклінің 4 пәнін, атап айтқанда, «Физика», «Химия», «Биология», «Информатиканы» ағылшын тілінде оқытуға көшуге дайындық жүргізілуде. 2017-2018 оқу жылында 153 мектепте пилоттық режимде жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін ағылшын тілінде оқыту басталды.

2017 жылы олимпиадалар мен ғылыми сайыстардың қорытындысы бойынша қазақстандық оқушылар 661 халықаралық марапатты жеңіп алды. Оның ішінде алтын

медаль – 125, күміс – 197, қола – 327, құрмет грамоталары – 12. Халықаралық олимпиадалар қорытындысында Қазақстанның құрама командасы әлемде «өндүкке» кіреді.

Қазіргі заманда білім беру саласы шынында, әлеуметтік лифтке айналды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2017 жылдан бастап 318 колледжде стипендия, жол жүру ақысы және біржолғы ыстық тамақ түрінде әлеуметтік қолдау мен алғашқы жұмыс біліктілігін тегін алуды қарастыратын «Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім беру» жобасы іске асырылуда. ТжКББ ұйымдарында 100 мыңнан астам орынға мемлекеттік тапсырыс бар, оның ішінде 21 мың «Тегін ТжКББ» жобасына кіреді. 500 шетел әдебиеті мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылды, 288 колледждің кітап қоры толықтырылды.

Дуалды білім беру жүйесінің элементтерін енгізудің оң үрдісі байқалады. 2017 жылы 460 колледжде 80 мамандық пен 165 біліктілік бойынша 3055 кәсіпорынның қатысуымен дуалды білім беру жүйесі енгізілді. Бұған тартылған студенттердің жалпы саны – 31 607. ТжКББ жүйесін жоспарлау және қаржыландыру тиімділігін арттыру үшін жан басына қаржыландырудың жаңа әдісі бекітілді. Қазақстанда жоғары және жоғары оқу

орнынан кейінгі білім беру саласы қарқынды дамып келеді, мәселен, 2017 жылы Quacquarelli Symonds World University Rankings әлемнің үздік университеттерінің рейтингісіне 8 қазақстандық ЖОО кірді. Үш тілде білім беру аясында оқу пәндерінің 50%-ы – оқыту тілінде, яғни қазақ немесе орыс тілінде, тағы 20%-ы негізгі оқыту тілінен кейінгі екінші тілде (сәйкесінше орыс немесе қазақ тілінде) оқытылады. Ал ағылшын тілінде пәндердің 30%-ы оқытылады. 76 ЖОО-да 2,5 мың арнайы топ құрылды, онда 30 мың адам оқудың барлық бағытты бойынша үш тілде білім алады.

Бүгінде қазақстандық ЖОО-ларда 13 мыңға жуық (3%) шетелдік студент оқуда. 2017 жылы аталған бағытта 200 маркетинг наұқаны өткізілді. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ы Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай, Үндістан және Түркіменстанда білім беру бойынша 6 PR-шара өткізген.

2017 жылы Қазақстанда білім беруге 84 млрд теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Оның ішінде 71 млрд теңгесі – ақылы қызметтер көрсету, ал 13 миллиарды старттаптарды дамыту мен бірлескен қаржыландыру есебінен келген.

2018 жылға арналған міндеттерге сәйкес, БҒМ мәліметтері бойынша 121,8 мың орынға арналған 1 067 мектепке дейінгі мекеме (балабақшалар) ашу жоспарлануда (оның ішінде 766-сы немесе 71,5 мың орын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар енісінде). Сондай-ақ балаларды ерте дамытудың стандарттары мен бағдарламаларын енгізу, білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу және жаңа бағдарламалар әзірлеу, элек-

трондық Үкімет пен «Е-әкімдік» жүйелерін біріктіру арқылы балабақшаларға бағыт беру үрдісін автоматтандыру бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының тәжірибесін тарату жоспарланып отыр.

Орта білім беру бағытында биыл жанартылған мазмұнға көшу жұмыстары жалғастырылады (3, 6, 8 сыныптар), жанартылған мазмұнға сәйкес білім беруге көшкен мұғалімдердің еңбекақысын біртіндеп 30%-ға арттыру, педагогтарды аттестациялаудың жаңа жүйесін енгізу, аттестаттаудың жаңа ережелерін қабылдау, біліктілік деңгейін және ұлттық біліктілік тестінің нәтижелерін ескеретін педагогикалық шеберлік санаттарына арналған қосымша ақы төлеудің жаңа желісін құру жоспарда бар. Педагогтар біліктіліктеріне байланысты 20%-дан 50%-ға дейін қосымша ақы алатын болады.

Техникалық және кәсіптік білім беруде «Барлығына арналған кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын енгізу, 20 қызырет орталығын құру жұмыстары жалғастырылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 2018 жылы ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту, университеттердің білім беру бағдарламаларының тәуелсіз рейтингін жүргізу және үздік білім беру бағдарламаларының тізімін жасау, шет елдерде білім беру көрмелерін ұйымдастыру және өткізу, Қытай, Үндістан, Өзбекстан және Түркіменстанда Халықаралық бағдарламалар орталығы өкілдіктерін ашу мәселесін пысықтау көзделуде.

2018 жылы ақпараттық технология, педагогикалық, медициналық, техникалық бағыттар бойынша елімізде жаңа университеттер ашу мәселесі қарастырылады.

Ми керек. Онда да ақылды ми. Американың қатты дамыған себебі, олар бүкіл әлемдегі ақылды миды өздеріне жинады. Әлі де солай. Дүниені өзгертуге болатын жаңалықтарын өз елінде жүзеге асыра алмаған дарындыларды аңдып отырып, қақшып түседі. Өйткені дарынды адамдар қайда да керек. Әсіресе, миы тұнық, талантты жастар. Америка алыс қой дерсіз. Алайда, өкінішке қарай, шекаралық аймақтарда көрші елдер біздің миымызға «ауыз салған» сияқты.

Бұл мәселенің себептерін тез анықтап, алдын алмаса ақыл мен мидың артынан қол бұлғап қалуымыз мүмкін. Сенатор Мұрат Бақтиярұлы осы мәселені Үкіметке дейін құлаққағыс етіп, Премьер-министр Б.Сағынтаевтың атына депутаттық сауал жариялады.

«Соңғы жылдары Ресейдің жоғары оқу орындары шекаралық облыстардағы, елді мекендердегі мектеп оқушыларын іріктеп, дарындыларын өздеріне оқуға шақыру фактілері жиілеп кетті. Ресейдің жоғары оқу орындары Қазақстанның мектептерінде әртүрлі байқаулар ұйымдастырып, білімділерін ерте бастан іріктеп алып, тегін оқуға мүмкіндік беретін

МИЫМЫЗДАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛМАЙЫҚ



сертификаттар табыстауда. Әрине, жастардың таңдау еркіне, талап-тілектеріне шектеу қоя алмаймыз. Шетелде білімі мен біліктілігін жетілдіріп келгеннің еш айыбы жоқ. Бірақ олардың өзге елдерге көптеп кетуі толқыны бізді алаңдатады. Мысалы, тек 2017 жылы елімізден 10 мыңға жуық жоғары білімді кәсіби маман сыртқа кеткен.

Білім және ғылым министрлігі берген мәліметтеріне сәйкес, 2017-2018 жылдарғы оқу жылы бойынша жалпы білім беретін мектептердің 11-сынып бітірушілерінің 127 414 оқушысы мектепті аяқтап, олардың

ішінде тек 92 827 түлек, яғни 72 пайызы ғана ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Жыл өткен сайын бұл көрсеткіш төмендеп барады. Оның бір ұшығы түлектердің өз елінің оқу орнынан гөрі шетелдің білім ордасын таңдауына келіп тіреледі. Мысалы, 2015-2016 оқу жылдарында Павлодар облысында 3 оқушы өз тағдырын шетелдегі оқу орындарымен байланыстырса, 2017-2018 оқу жылдарында 412 түлек шетелде оқуға тілек білдіріп, бұл көрсеткіш 135 есеге көбейген. Ақмола облысында екі жыл бұрын мұндай 62 түлек болса, былтыр

бұл көрсеткіш 6 есеге артқан. Айта кетуіміз керек, бұлардың көпшілігі – мектепте жақсы оқыған талантты оқушылар. Бұл секілді жағдай Ресеймен шекаралас Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарында да орын алууда.

Сонда Қазақстан тарапы басқа мемлекеттің экономикасы мен әлеуметі үшін қаржы шығындап, орта білім берген болып шығады. Бұл – ақыл-ой көші, экономикаға пайдалы жастық қуаттың, жұмыс әлеуетінің кетуі. 11 жыл мемлекеттен әр баланың білім алуына 3 млн 200 мың теңге қыруар қаржы бөлінетінін, бір тұлғаның қалыптасуына әлденеше адамның тер төгетінін, өзгелерге дайын еңбек күшін үлестіріп отырғанымызды еске алсақ, бұл ел үшін үлкен шығын, экономикалық, адами капитал, шашылған дарын екеніне көз жеткіземіз.

Мемлекет тарапынан тиісті шаралар қолданып жатқанын білеміз. Десек те олар жеткіліксіз болып, көбіне нақандық сипатпен шектеліп қалауда. Шекаралас аймақтардағы орыстілді мектеп түлектерінің

көпшілігі ҰБТ тапсыруға құлықсыз, өйткені оның тәртіп-ережелерін қиынсынады. Оған қарағанда, Ресей жағы көптеген жеңілдіктер, артықшылықтар ұсынатындықтан, жастарымыз көбіне сол жаққа қарай ұмтылады. Олар онда ақысыз оқуға түсіреді және оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналастыруға кепілдік береді. Ал Қазақстанда оқу ақысы қымбат, сондықтан шекара асуға мәжбүр. Қарапайым ғана мысал, Еуразия ұлттық университетінің бір жылдық оқу ақысы 750 мың теңге шамасында және жатақханада жиі орын болмауына байланысты пәтер жалдап оқу – әр студент үшін жылына 1 миллион теңгеден астам шығын әкеледі. Ал Ресейдің Омбы қаласындағы мемлекеттік университеттің бір жылдық оқу ақысы орта есеппен 400 мың теңгені құрайды. Осының өзі көп жайдан хабар береді ғой деп ойлаймыз».

Сенаторлар М.Бақтиярұлы мен Б.Әйтимова Үкімет басшысы атына бағытталған депутаттық сауалында жоғарыдағы аталғандардың негізінде, шекаралық елді мекендерде туып-өскен, білім алған мектеп түлектерінің көрші елдің орта және жоғары оқу орындарына ауысу себептерінің алдын алып, еліміздің келешегі ақыл-ой иелерінен көз жазып қалмау жолдарының кешенді іс-шарасын қарастыру мәселесін қойды.

Әділбек ҚАБА

▼ Даму

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ

Астанада Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында цифрландыруға кешу аясында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар баяндалды. Мәселен, алдағы уақытта экономика саласында цифрлы технологияны енгізу, мемлекеттік қызметті цифрландыру, республика бойынша жоғары жылдамдықты интернетті дамыту, азаматтар мен бизнесті цифрлы жүйеге дағдыландыру, инновациялық даму үшін жағдай жасау сияқты бағыттар бойынша жұмыстар қолға алынады.

Нұрсұлу МЫРЗАХМЕТ

Аталған жиынға Премьер-министрдің орынбасары, Мәжіліс депутаты, Президент Әкімшілігінің, мемлекеттік органдардың өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, ведомстволық және жеке ұйым басшылары және Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің қызметкерлері қатысты.

Премьер-министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиев Елбасы тапсырмасына сәйкес «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының бекітілгенін айта кетіп, тұрғындарға Халыққа қызмет көрсету орталықтары мен Үкіметтік электрондық порталы арқылы беретін анықтамалар алып тасталатынын жеткізді. «Бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылды. Қазірдің өзінде 2 миллион анықтаманы алып тастадық. Атырылған жұмыстардың арқасында анықтамалардың 50 пайызын қолданыстан алып тастауға болатынын түсіндік. Жыл соңына дейін құжат айналымынан 18 миллион анықтама алынады. Бірақ ол үшін интеграцияны қамтамасыз ету керек» деді ол.

Сонымен қатар автокөлікті рәсімдеу жұмыстары енді Мамандандырылған ХҚКО-ға бармай-ақ, ғаламтор арқылы реттелетінін айтты. «Ғаламтор арқылы тапсырыс беріп, тиісті құжаттарды Қазпоштадан алатын болады. Яғни, көлікті рәсімдеу кезінде Мамандандырылған ХҚКО-ларда кезек көп болатынына байланысты қазір Ішкі істер министрлігімен осы жұмыстар жүргізіліп жатыр» деді ол.

Сөзін қорытындылай келе, Асқар Қуанышұлы БАҚ өкілдерінің еңбегін ерекше бағалай отырып, елімізде цифрландыру қалай жүзеге асырылып жатқанын көрсету үшін журналистерді бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев ведомствоның 2017 жылы атқарған жұмыстары мен осы жылғы жоспарларын таныстырды.

– Бір жылдың ішінде жоспардағы шаруаларды толық атқардық. Ақпарат және коммуникация бойынша заң жобасына түзетулер енгізілді. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Мемлекеттің ақпараттық жұмысын жүзеге асыратын жаңа жүйелердің бірі – Бірыңғай медиа-жоспар қабылдадық. Сонымен қатар мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың тәртіптерін жаңарттық. Осылайша, шешім қабылдау процесіне қоғамдық ұйым өкілдері қатыстырылды, — деді ол.

Сондай-ақ журналистер қауымының шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында Министрлік тарапынан жыл сайын берілетін телевизиялық «Тұмар» сыйлығы, басылым, радио және интернет саласы үшін «Үркер» сыйлығы тағайындалғанын атап өтті. Одан бөлек, Astana Media week халықаралық медиа-аптасы да жоғары деңгейде өткенін, оған республикалық және аймақтық 25 арна мен 100-ге жуық продакшн-компания қатысқанын айтты.

– Мемлекеттік тапсырыс аясында өткен жылы 40 сериал түсіріліп, оның 12-сін коммерциялық арналар жүзеге асырды. Бұл – Қазақстан үшін үлкен

жетістік. Шетелден келген сериалдар 2 жарым мың сағатқа қысқарды. Біздің сериалдарды көрсету құқығына Ресей, Қытай, Қырғызстан, басқа да мемлекеттер қызығушылық танытты. Телевизиялық өнімдерімізді тұтынушылардың дені – шетелдерде тұратын отандастарымыз. Бұл туралы Мемлекет басшысы да бірнеше рет айтқан болатын. Сондықтан көрші мемлекеттердегі шағын ғана аумақты мекендеп отырған бауырластарымызға біздің елде шығатын баспасөз жетуі қажет. Мемлекеттік арналар көрсетілуі тиіс. Жылдың аяғына дейін осы салаға жауапты вице-министрге мемлекеттік арналармен, баспасөзбен бірігіп, тиісті мәселені шешуді тапсырамын. Бұл бағыттағы оң қадамды Galam TV интернет-телеарнасын жаңарту арқылы жасадық, — деді министр.

Сонымен қатар министр Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «100 жаңа есім» жобасын да еске салды. «Енді екі бағытта жұмыс істейміз. Біріншіден, 100 жаңа есімге лайық болған тұлғаларды жетістікке жетудегі тарихын көрсету жалғаса береді. Екіншіден, сол кісілер ұсынған ерекше жобаларға мемлекет жан-жақты қолдау жасайды» деді ол.

Халықтың интернетпен қамтылу мәселесіне де тоқталды. «4G стандартты жоғары жылдамдықты интернетпен 50 мыңнан аса тұрғыны бар елді мекендер мен аудан орталықтары қамтылды. Ел тұрғындарының 96 пайызына 2G стандартты ұялы байланыс қызметі көрсетіліп отыр. 87 пайызы 3G қызметін тұтынса, 69 пайызы 4G стандартын пайдалануда. Биыл министрлік ауылды аймақтарға арналған оптикалық байланыс жүйесінің құрылысын бастайды. Жоба 2020 жылы іске қосылып, 1249 елді мекенді қамтамасыз етеді» деді ол.

Жиын барысында басқа да ведомство өкілдері цифрландыру аясында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы кезеңге қойып отырған нақты міндеттер туралы хабарлар етті.

▼ Тұсаукесер



КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Астанада Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің қолдауымен түсірілген «Қиырдағы қазақтар» деректі фильмдер топтамасының тұсаукесері болды. Кәсіпкер Оралбек Ботпайдың демеуімен жарық көрген топтаманың алғашқы сериясы Моңғолиядағы қазақтарға арналды.

Амангелді ҚҰРМЕТ

Тұсаукесерге Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев, Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахманов, қоғам қайраткерлері: Өмірбек Байгелді, Алтыншаш Жағанова, Оразқұл Асанғазы, ғалымдар Оразқұл Смағұл, Тұрсын Жұртбай қатарлы зиялы қауым өкілдері келді.

Шаранын ашылу салтанатында сөз сөйлеген Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «Қиырдағы қазақтар» жобасы бірнеше сериядан тұратынын айтты. Нақтырақ айтсақ, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан мен Тәжікстан қазақтары жайлы 8 серия әзірленіпті. Бұл жобаның басты ерекшелігі ретінде шетелдегі қазақтардың салт-дәстүрі емес, бүгінгі тыныс-

тіршілігі, жеткен жетістіктері алдыңғы қатарға шығарылғанын атап өтуге болады.

Түсірілім тобы жеті ай ішінде 30 мың шақырымға жуық жол жүріп, Ресейдің Астрахан, Моңғолияның Ұлан-Батыр, Өзбекстанның Ташкент, Тәжікстанның Хужанд қаласында болыпты. Фильмде шетелдегі қазақтар арасынан шыққан танымал тұлғалар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, кәсіпкерлер жайлы көбірек сөз ету көзделсе керек. Моңғолия жайлы түсірілген алғашқы серияда бұл идея анық байқалып тұр.

Фильмнің ұзақтығы – 25 минут. Жоба жетекшісі Олжас Беркінбаевтың айтуына қарағанда, түсіру тобы алдағы уақытта Ауғанстан, Иран және Қытай қазақтары жайлы деректі фильм әзірлеуді жоспарлап отыр.

Әр апта сайын, Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Нұр Отан» партиясының фракциясының депутаттары елді толғантқан, күн тәртібінде күйіп тұрған көкейкесті проблемаларды, экономика салаларының өзекті мәселелерін көтеріп, олардың лайықты шешімін ұсынып, депутаттық сауалдар жолдайды. Ол сауалдар салалық және мемлекеттік бағдарламаларды, заңдарды және басқа да құжаттарды жетілдіруге ықпал етеді, әр саладағы саясатты түзетуге түртікі болады.



Сөз сөзбек МАҒЗЫМОВ (ФОТО)

САЛМАҚТЫ САУАЛДЫҢ БАЙЫПТЫ ЖАУАБЫ

И.Клименко, Б.Смағұл, Б.Мамраев бастаған «Нұр Отан» фракциясының бір топ депутаты қазіргі заманда халыққа келген сауалға айналып отырған кеселге қарсы тұру мәселелерін көтеріп, онкологиялық скринингтерге қатысты депутаттық сауал жолдаған. Оған жауап хатында Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов қалаулылардың аландаушылығы орынды екенін растайды. Бұл ретте ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сілтеме жасай отырып, жүрек-қан тамырлары аурулары мен онкологиялық аурулардың Еуропалық аймақта да өлім-жітімнің 71 пайызына себеп болатынын айтады.

— Халықтың әл-ауқатының өсуін және халықтың өмір сүру ұзақтығын, сондай-ақ ерте диагностика бағдарламаларын енгізу арқылы қатерлі ісіктердің анықталушылығы ұлғаюын ескере отырып, обырмен сырқаттанушылықтың өсуінің ұқсас үрдісі Қазақстанда да өлім-жітімнің 71 пайызына себеп болатынын айтады.

— Халықтың әл-ауқатының өсуін және халықтың өмір сүру ұзақтығын, сондай-ақ ерте диагностика бағдарламаларын енгізу арқылы қатерлі ісіктердің анықталушылығы ұлғаюын ескере отырып, обырмен сырқаттанушылықтың өсуінің ұқсас үрдісі Қазақстанда да өлім-жітімнің 71 пайызына себеп болатынын айтады.

Оның дерегіне, 2017 жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша республикада қатерлі ісігі бар 32 365 пациент тіркелген (2016 жылдың 11 айында — 34 260). Бірінші орында — сүт безі обыры (3953 жағдай немесе 12,2 пайызы), екінші орында — өкпе обыры (3293, 10,2 пайыз) тұр. 100 мың халыққа шаққанда КІ өлімінің көрсеткіші 3 жылда 5,4 пайызға төмендеді. Ерте сатыда қатерлі ісік диагностикасын жақсарту есебінен өлім көрсеткішінің төмендеуі және жүргізілетін емдеудің тиімділігі байқалыпты.

Денсаулық сақтау министрі «0—I сатыдағы қатерлі ісік бар науқастардың ерте диагностикасының деңгейі ұлғайғанын және 22,7 пайызды (2016 жылы — 22,4%) құрағанын, I—II сатыда бұл көрсеткіш 58,5% (2016 жылдың 11 айында — 58,1%) болғанын айтады. Ал 5 және одан көп жыл өмір сүріп жатқан қатерлі ісігі бар науқастардың үлес салмағы 48,3 пайызға (2016 жылы — 47,5%) жеткен.

Министрлік сондай-ақ «скринингтік бағдарламаларды жүргізу арқылы Қазақстанда кездесетін онкологиялық аурулардың бірқатарын, атап айтқанда, сүт безінің, терінің, жатыр мойнының, өңеш, асқазан, тік ішек, тоқ ішек, қуықасты безінің ісіктерін ерте сатыда 100 пайыз диагностикалауға болатынына» сенімді.

ДСМ мәліметінше, 2017 жылдың 11 айында скрининг арқылы жатыр мойны обыры бойынша нысаналы топтың 72,6 пайызы, яғни 299 719 әйел қаралып, зерттеуден өткен. Соның ішінде жатыр мойны обырының 120 дерегі анықталған, бұл 0,04 пайызды құрайды. Ал ДДҰ ұсынымы бойынша 0,02 пайыздан аспағаны жөн. Бұл ретте 68,3 пайызы аурудың I сатысында, 30,8 пайызы — II, 0,8 пайызы — III сатысында болған.

Сүт безінің обыры бойынша нысаналы топтың 75,1 пайызы, яғни 326 501 әйел тексерілген. Арасынан әртүрлі сүт безінің патологиясы бар 88 594 науқас (27,1 пайызы) тіркелді. Оның ішінде сүт безі обырының 594 жағдайы (0,18 пайызы) анықталған, оның 95 пайызы I-II сатыда болған.

Колоректалдық обыр бойынша нысаналы топтың 80,5 пайызы немесе 676 795 адам зерттеп-қаралды. Нәтижесінде, тоқ ішектің әртүрлі қатерсіз патологияларымен ауыратын 982 (0,15 пайызы) сырқат айқындалды. Өңеш және асқазан обыры 2082 пациенттен табылды (0,86 пайыз), олардың 2004-і (96,25 пайызы) диспансерлік бақылауға алынған. 1423 (1,5 пайыз) сырқатқа «қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясы» деген диагноз қойылыпты. Қуық асты безінің обыры 218 жағдайда (0,2 пайызы) тіркелген, оның ішінде аурудың I-II сатыларымен — 87,2 пайыз, III сатысымен — 11,9 пайыз, IV сатысымен — 0,9 пайыз анықталған.

Осының барлығы нұротандық депутаттар көтерген «онкологиялық скрининг» тексерулерінің дұрыстығын және ауруды ерте сатыда анықтау үшін оны дамыту қажеттілігін растайды.

Бұдан бөлек, парламентшілер жекелеген скринингтік бағдарламаларды қайта қарауға қатысты түйткілдерге назар аударған. Бұған түсініктеме берген Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, Қазақстанда 2013-2015 жылдарда онкологиялық скринингтерді іске асыруды бағалаған ДДҰ халықаралық сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес, «визуалды-қолжетімді орналасқан ісікті және ісікалды ауруларды ерте анықтау бойынша скринингтік бағдарламалар оңтайландырылған» көрінеді.

«Атап айтқанда, гепатоцеллюлярлық, қуықасты безі, өңеш және асқазан обырларының қатерлі ісіктерін ерте анықтау скринингтері қысқартылды. Скринингтің жас топтары кеңейтілді және зерттеп-

қаралудың мерзімділігі анықталды: жатыр мойны обыры скринингін 30-70 жас аралығындағы қазақстандық әйелдер 4 жылда 1 рет, сүт безі обырының скринингін 40-70 жас аралығындағы барлық әйелдер 2 жылда 1 рет, колоректалдық обыр скринингін 50-70 жас аралығында 2 жылда 1 рет өтеді.

Министр Елжан Біртанов нұротандық депутаттарға «онкологиялық көмек көрсетуді дамыту жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде іске асырылатынына және министрліктің тұрақты бақылауында тұратынына» сөз берді.

«Нұр Отан» фракциясының мүшесі Ж.Дүйсебаевтың өткен жылғы орақ науқаны барысында байқалған тапшылыққа сәйкес, астықты тасымалдауға қажетті вагондардың санын арттыру бойынша шараларды қабылдау жөніндегі сауалына бірінші вице-премьер А.Мамин елімізде «астық пен ұн тиеудің 10 пайызы ғана негізгі жоспар шегінде, ал 90 пайызы жоспардан тыс іске асырылатынын» айтады.

— Бұл ретте жоспарлау тасымалдау процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Астықты инфрақұрылым мүмкіндігін және жылжымалы құрамның болуын есепке алмай, бірауақытта әрі жаппай тасымалдау вагонның тұрып қалуы сияқты теріс салдарларға және онымен байланысты шығындарға әкеледі. Сонымен қатар вагон айналымы мерзіміне әсер ететін және жылжымалы құрамның жасанды тапшылығын тудыратын факторлар бар. Тиелуге берілген вагондардың тұру мерзімі орта есеппен 2-5 тәулікке дейін, ал көптеген жағдайларда 15 тәулікке дейін ұлғайды. Мұнда тиеу кезінде тұрып қалу «элеваторлардың техникалық жарықтандырылуының қанағаттанғысыз деңгейіне», «сепараторлардың және тиеу желілерінің сынуына» байланысты болды, — дейді Асқар Мамин.

Бұдан басқа, көптеген жағдайда элеваторлар демалыс және мереке күндері жұмыс жасамайды немесе өз қызметтерінің тарифін екі есе қымбаттатады. Сондықтан ел Үкіметі жүк тасымалдау жоспарларын қамтамасыз ету үшін «бірінші кезекте вагон айналымын қысқартуға бағытталған барлық ықтимал шараларды қабылдаған» көрінеді. Осылайша, жеткізу мерзімін 3 тәулікке, вагон айналымының мерзімін 2 есеге қысқартуға

мүмкіндік берген Ақтау порты, Ауғанстан және Өзбекстан бағытында тұрақты тікелей бағдарлар іске қосылды.

Бағдарларды ұйымдастыру үшін алыс-жақын елдерден қосымша теміржол құрамын тарту шаралары қабылданды: Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Қырғызстан теміржол әкімшіліктерінен 280 астық тасымалдаушы вагон, «РусАгроТранс» ЖАК-тан 360 астық тасымалдаушы вагон тартылды. Грузиядан «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ стансаларына 176 астық тасымалдаушы вагон жөнелтілді.

Бұл ретте жүк вагондарын қолдануды оңтайландыру, вагондар айналымының мерзімін қысқарту, сондай-ақ астық тасымалын қажетті теміржол жылжымалы құрамымен қамтамасыз ету мәселелерін шешу мақсатында Инвестициялар және даму министрлігінде Астық тасымалдауды жылжымалы құраммен қамтамасыз ету бойынша жұмыс тобы құрылды. Оның аясында Астық тасымалын жылжымалы құраммен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді және оған сәйкес, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдіктерінің жанынан астық пен ұнды тасымалдау бойынша іс-әрекеттерді үйлестіру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша жедел штабтар құрылды.

Нұротандық депутат К.Мұсырман Үкіметке жүгініп, мемлекеттік архивтердің ғимараттарын Ішкі істер органдары күзететін «Мемлекеттік күзет объектілерінің тізбесіне» енгізуді ұсынған болатын. Вице-премьер Е.Досаев жауап хатында құқық қорғау жүйесін реформалау және жаңғырту аясында 2010 жылы Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» жарлық қабылдағанын еске салады. Бұл жарлықты іске асыру үшін аса маңызды стратегиялық объектілерді күзетуді қоспағанда, Ішкі істер органдарының күзет қызметі жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерін бәсекелестік ортаға беру жүзеге асырылған екен.

— Аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілер мен стратегиялық маңызы бар экономика саласының объектілерін іріктеу критерийлері Үкіметтің 2011 жылғы 7 қазандағы қаулысымен бекітілген Қағидалар арқылы айқындалады.

Қағидалардағы өлшемшарттарға және ПЮ мамандандырылған күзет бөліністерінің штаттық санына жүргізілген талдауға сәйкес, жеке секторға 413 объекті, соның ішінде аудандық әкімдіктер, әуежайлар, музейлер, автомобиль мен теміржол көпірлері және басқа объектілер күзеті берілді. Олар қатарында мемлекеттік архивтердің 45 ғимараты бәсекелестік ортаға тапсырылды, — дейді Е.Досаев.

Ол жоғарыда аталған объектілердің күзетін жеке күзет ұйымдарының күшімен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және жер-

гілікті атқарушы органдарға республикалық бюджеттен 2014 жылдан бастап, 2016 жылға дейінгі кезеңде шамамен 5 млрд теңге бөлінгенін хабарлайды. Қазіргі уақытта Ішкі істер органдарының есебінде 99 968 жұмыскері бар 4 мыңнан астам жеке күзет ұйымы тұр. Олар 87 683 объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

«Күзет қызметі туралы» заңда жеке күзет ұйымдары қызметінің құқықтық негіздері белгіленген, олардың мәртебесі мен өкілеттігі айқындалған, сондай-ақ күзет қызметін жүзеге асыру кезінде теріс пиғылды іс-әрекеттерден мемлекеттік кепілдіктер және күзет ұйымдарының қызметкерлері мен басшыларына қойылатын шектеулер көзделген.

Бұл ретте Ішкі істер органдары жеке күзет ұйымдарымен бірге, құқықбұзушылықтардың алдын алу және анықтау бойынша тығыз іс-қимыл жасауда. Үкіметтің дерегіне, олардың қатысуымен соңғы 3 жылда 2 мыңнан астам қылмыс ашылды, 32 мыңнан артық өкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Сондай-ақ шамамен 5 мың ұрлық пен құқық-бұзушылықтың жолы кесілді.

Сонымен бірге, Е.Досаев Үкіметтің мемлекеттік архивтерді аталған тізбеге енгізу мәселелерін бірнеше рет қарағанын айтады «Оларды шешу үшін қосымша бюджеттік қаражат бөлу, Ішкі істер органдарының штаттық санының лимитін арттыру қажет. Бұл Мемлекет басшысы 2018 жылдың соңына дейін белгілеген мораторийге қайшы келеді. Қазіргі уақытта Президенттің ықшам мемлекеттік аппарат қалыптастыру және бюджеттік шығыстарды азайту туралы тапсырмаларын іске асыру мақсатында мемлекеттік органдардың санын оңтайландыру, оның ішінде мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру бойынша жұмыс жүргізілуде».

Бірақ мемлекет архив объектілерінің күзетін бақылаусыз қалдырмайды. Осы орайда Ішкі істер министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2018 жыл үдерінде тиісті объектілерге кешенді талдау және комиссиялық тексерістер жүргізуге тапсырма берілді. Олардың нәтижелері бойынша бірқатар объектілерді тізбеге енгізу мүмкіндігі қайта қаралатын болады.

Қарапайым ауыл баласының академик, мемлекет және қоғам қайраткерлігіне дейінгі жолды жүріп өткен ұстаздарымыздың бірегейі – даңқы дүниежүзіне мәлім абзал азамат Кенжеғали Сағадиев ағамыз мерейлі 80 жасқа толып отыр. Алып адамның бүкіл сексен жылдық ғұмырын қысқаша көктей шолып шықсақ, ол былай шығар еді: орта мектепті бітірген соң, Алматыға жетіп, сол кездегі С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Асқар Закаринге кіріп, жағдайды түсіндіреді. Мектепті күміс медальға бітіргенін айтып, Экономика-философия факультетіне емтихансыз қабылданады.



© Сәуірбек МАҒҒУМОВ

Үшінші курста екінші бірінші қолы жете бермейтін Ленин стипендиясына ілігеді. Университетті бітірген соң, осы оқу орнына сабақ беруге қалдырылады. Бірнеше жылдан соң, Мәскеудегі А.Плеханов атындағы Халық шаруашылығы институтында аспирантурада білімін шындайды. Кейін докторлық диссертациясын да Мәскеуде қорғайды. Алматыдағы «Нархозда», кейінгі Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде он жыл бойы бірінші проректор қызметін атқарады. Одан кейін екі рет республикамыздағы институтқа басшылыққа шақырады, алайда өзі ыңғай бере қоймайды. Содан, үшінші рет Қазақстан компартиясы орталық комитетіне тағы да шақырып алып, «Целиноградтағы ауылшаруашылық институтына барасыз» дейді. Сөйтіп, Целиноградқа келген Сағадиевтің бастамасымен сексенінші жылдары Кеңес Одағы бойынша ашылған алты биотехникалық орталықтың бірі 1985 жылы осы Целиноград ауыл шаруашылығы институтында құрылады. Бүкіл-одақтық ауыспалы Қызыл Туды кеңестік Қазақстан тарихында жеңіп алған екі институт қана болса, соның бірі – Кенжеғали Әбенұлы басқарған Целиноград ауыл шаруашылығы институты болады. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Алматыдағы Жоғары экономика мектебінің негізінде елімізде жаңа дами бастаған бизнестің мамандарын даярлау үшін Халықаралық бизнес университетін құрады. 2001 жылы осы Халықаралық бизнес университетіне президент болып сайланғанға дейін, бұрынғы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық және Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институттары бірігіп, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті болып қайта құрылғанында, соған ректор болады. Осы іргелі екі жоғары оқу орындарын бірегей білім ордасына айналдырып, оқу үрдісін түбегейлі заманға сай жаңартыды. Кембридж өмірбаяндық орталығының «Жыл адамы – 1992» атағын алады. Ұлттық ғылым академиясының президенті болып қызмет атқарады. Парламент Мәжілісінің екі мәрте депутаты болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылы халықаралық деңгейдегі университет құру туралы жобасына бастамашылық етіп, соған орай Астана қаласында 2010 жылы Назарбаев университеті ашылды. Назарбаев университетінде жасалған алғашқы қадамдар мен ғылыми ізденістер болашақта бұл оқу орнының да атағы мен абыройының дүниежүзіне жайыларына сендіреді. 2012 жылы Кенжеғали Сағадиев Ұлттық технологиялық даму агенттігінің директорлар кеңесінің төрағасы қызметіне шақырылды. Бұл агенттіктің негізгі қызметі – ел экономикасының жаңа салаларын инновациялық жолдармен күшейте отырып, оның шикізатқа байланысын азайта түсу және индустрияда еңбек етіп келеді. Университеттің серіктестері: Малайзияның жетекші ІТ университеттері – University Kuala Lumpur, Limkokwing university, University Tenaga national, University Technology Mara, MMU және әлемнің тағы басқа да университеттерімен келісілген бағдарламалар іске асырылуда.

ТОРҒАЙДАН ҰШҚАН ТАРЛАНБОЗ

риялды мемлекет құру жолындағы осыған байланысты мәселелерді шешу. Кенжеғали Әбенұлы бұл қызметте де аянбай еңбек етіп, отандық ғылыми-техникалық дамуға үлкен үлес қосты.

Кенжеғали Сағадиев – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының және Пәкістан ғылым академиясының академигі, АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының мүшесі және Халықаралық жоғары мектеп академиясының толық мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері. Қазақстан Республикасы үшінші және төртінші шақырылған Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайланды, оның Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы болды.

Кенжеғали Әбенұлы мұндай биік деңгейге өзінің кейінгі талай ұрпаққа өнеге боларлық сирек таланты мен тынымсыз еңбекқорлығының, энциклопедиялық білімінің, ерекше ақыл-парасаты мен іскерлігінің арқасында қол жеткізді. Ол кісінің еңбек жолы мен шығармашылық қызметі талай рет бұқаралық ақпарат құралдарында, энциклопедиялық анықтамалықтарда және биографиялық очерктерде жарияланды. Ғалым-ұстаздың ерен еңбектері дер кезінде ескеріліп, жоғары бағаланды. КСРО Жоғары Кеңесі президиумы жарлығымен 1971 жылы 15 наурызда «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1987 жылы 7 маусымда «Халықтар достығы» орденімен марапатталды. Сондықтан біз бүгін ғалымның егемен еліміздің жаңа тұрпатты экономикасының дамуына қосқан өлшеусіз үлесі, экономика саласындағы елеулі еңбектері туралы кеңірек айтуды жөн көрдік.

Кенжеғали Сағадиев еліміздің Жоғары заң шығарушы органы – Парламент Мәжілісінің депутаты болып екі мәрте сайланды. Осы кезеңде ғалым бюджет жүйесін өркендету және оның тұрақтылығын дамыту мақсатында көп еңбек етті.

Экономика ғылымының сардары деген атқа әбден лайық Кенжеғали Әбенұлы елімізде алғашқылардың бірі болып Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің тиімділігі мен көлеңкелі жақтарына жүргізген сараптамасымен баспасөз беттерінде сөз алды. Ол өз мақалаларында Дүниежүзілік сауда

ұйымы тәртібі бойынша сауда режимін ырықтандыру елімізге, әсіресе ауылдық тауар шығарушылар үшін қауіпті екенін ескертті. Сонымен қатар Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты беделді халықаралық ұйымға енуін қолдап, республиканың дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің үкіметтік дайындық шараларын талқылауға, басқа елдермен келіссөздер жүргізуге қатысты.

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мәселесіне елімізде алғашқылардың бірі болып көңіл аударып, оның өсу факторларын, өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық, экономикалық, тіпті бәсекеге қабілеттіліктің әлеуметтік және адамгершілік жақтарын дәлелдеп, осы тақырыпқа отыздан астам зерттеу жұмыстарын арнаған ғалым – тағы да біздің ұстазымыз Кенжеғали Сағадиев екенін біз мақтанышпен айтамыз. Қазақстан экономикасын жаңғыртудағы өткір мәселелерді зерттеудегі жүйелі де ұзақ еңбегі оны үздік ғалым-реформаторлар қатарына шығарды. Академиктің билік орындарына жіберген хаттары мен солар бойынша ресми Халықаралық бизнес университеті – еліміздегі дамып келе жатқан бизнеске мамандар даярлау үшін құрылған жекеменшік жоғары оқу орны. Оның классикалық университеттерден ерекшелігі – экономикалық тәжірибемен тығыз байланыс, нарық сұранысына жедел көңіл бөлу, экономика реформаларының құбылысына сай оқу жоспарларының икемділігі. Университет қабырғасынан шетел тәжірибесімен жақсы таныс, өз ісін, өз кәсібін жүргізуге қабілетті, компания, фирма және басқа жеке жобаларды басқара алатын менеджер-мамандар шыға бастады. Университет түлектерін көптеген фирмалар мен компаниялар қуана жұмысқа алып жатыр. Білім ордасында мамандық иелерін шетелдік университеттермен қарым-қатынас жасай отырып оқытады, бакалавриат, магистратура және философия докторларының (PhD) бағдарламаларын табысты іске асыруда.

Кенжеғали Әбенұлы 2009 жылдан бері Елбасының тапсырмасы бойынша индустриялық-инновациялық Қазақстанды қалыптастыру мақсатында құрылған Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қалып-

тасып, дамуына да басшылық етіп келеді. Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті – еліміздегі дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар саласында білікті мамандар даярлау үшін құрылған жоғары оқу орны. Бұл университет – шетелдерде тағлым-дамадан, яғни Германияның ASIN аккредитациялық агенттігінің Институциялық аккредитациясынан өткен Қазақстандағы тұңғыш әрі жалғыз білім ордасы. Мұнда өз ісін, өз кәсібін жүргізуге қабілетті және өз саласында жеке жобаларын жүзеге асыра алатын мамандар даярлайды. ХАТУ студенттері әлемдік стандарттарға сай шетелдік әдістемелермен оқиды. Олар – компьютерлік технологияларды жетік меңгерген алдыңғы қатарлы, озық ойлы жастардың өкілі, егемен еліміздің таңдаулы зияткерлері. Студенттерге қатаң сынақтан өткен және Carnegie Mellon университетінен сертификат алған, білікті ұстаздар дәріс береді. ХАТУ wiki порталын қазақстандық мазмұнмен толықтыруға белсенді қатысты. «Каз-Контент» АҚ және WikiBilim қоғамдық қорымен бірге қазақ тілінде 125 мыңға жуық мақала салынды. Мысалы, білім ордасында бакалаврлар,

Тарихы тереңдегі көне Торғай елінің тумасы, оқымысты, ойшыл, кемел тұлғалы азамат Кенжеғали Сағадиев – сол өңірден шыққан Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов бастаған текті тарландардың заңды жалғасы. Ата тегінен тамыр тартсақ, Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тегімен жалғасып жатыр. Бала кезінде «Ахаң деген ол кім, әке?» деп сұрағанында, «Жарықтық Ахаң, бүкіл қазақтың, бүкіл Алаштың Ахаңы ғой! Балам-ау, мен білетін арғы-бергі қазақта Ахаңнан артық кім дүниеден өтті екен?! Заман түзелер, уақыты да келер әлі! Сен де өсерсің! Ахаңның қандай адам болғанын толық білерсің әлі! Ұлым, сен осы Ахмет атаңдай болсаң, арманым болмас еді» деген екен әкесі Сағади. Кенжеғали Сағадиевтің әлем таныған білікті ғалым әрі қайраткер болып қалыптасуы – сол аңызға айналған абыз тұлға Ахмет Байтұрсынұлындай болсын деген дуалы ауыз әкенің кіршіксіз тілегінің айдай қабыл болғаны емес пе?!

магистранттар және докторанттарды ағылшын тілінде даярлау бағдарламалары, қос дипломдық, бакалаврлар және магистрлар даярлау іске асырылып, АҚШ-тың Carnegie Mellon университетінің білім берудің ең үздік бағдарламалары мен әлемдік тәжірибесі бар ICarnegie-мен тығыз ынтымақтас-

Дамир ШЫНЫБЕКОВ,
Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы

ЖИЫН

6,4 МИЛЛИОН
АДАМ – ЖАЛДАМАЛЫ
ЖҰМЫСШЫ

Астанада «Халық коммунистері» фракциясының ұйымдастыруымен «Жұмыспен қамтылу – қоғам әл-ауқатының басты факторы» деген тақырыпта ғылыми конференция өтті. Жиынға Мәжіліс депутаттары, профессорлар мен академиктер қатысты.

Серік ЖОЛДАСБАЙ

Конференцияда Жаксыбек Құлекеев нақты сандарды мысалға алып, тұшымды баяндама жасады. Оның айтуынша, соңғы жылдары елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны жалдамалы жұмыстардың артуына байланысты төмендеуде.

– 2016 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі 25,8 пайызды құрайды. Егер салаларға бөліп қарасақ, онда бүгінде ауыл шаруашылығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 42,7, көлікте – 10, құрылыста 8,4 пайызға тең. Бұл – ел экономикасының жалпы жай-күйімен байланысты жайт. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың басым бөлігі Оңтүстік, Жамбыл, Алматы және Қызылорда облыстарында қоныстанған. Аталған өңірдің үлесі 51 пайызды құрайды. Сондықтан осы өңірлердегі ахуалға зерттеу жүргізіп көрдік. Зерттеуге 2 800 отбасы қатысты. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың сипаттамасын ұсынсам, алдымен 74 пайыз ауыл тұрғындарын зерттедік. Себебі, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың басым бөлігі ауылда, 26 пайызы қалада тұрады. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі орта жастағы адамдар. Мәселен, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 53 пайызы 35 пен 54 жас аралығында. 82 пайызының толыққанды отбасы, басым бөлігінің тұратын баспанасы бар, – деді ол.

Мәжіліс депутаты Владислав Косаревтің айтуынша, Елбасы Жолдауында «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды тіркеу үдерісін мейлінше жеңілдетіп, оларға мемлекет алдындағы міндеттерін адал атқару тиімді болатындай жағдай туғызу қажет» делінген. Сондықтан да ол қазақстандықтардың жаңа жұмыс орнын салыстырмалы түрде тезірек иеленуге, соның ішінде еліміздің басқа да елдімекендерінен жұмыс табуға мүмкіндігі болуы тиіс деген пікірде.

– Егер ғылым барлық адамдардың жұмысы болуы тиіс деген талапқа қолдау көрсететін болса, онда жалпы ішкі өнімге 40 пайыз қосымша алар едік. Бұл – көп те, аз да болмаса да 15 трлн теңгені құрайды. Яғни, еліміз барлық еңбек ресурстары мен шикізаттың ресурстарын жұмылдыру арқылы көп дүниеге қол жеткізер еді. Біздің ойымызша, еңбек азаматтық патриотизмді тәрбиелеудің ең басты факторы саналады. Адам жұмыс істемесе не болмаса тек өзі үшін ғана жұмыс істейтін болса, онда ол қоғам мүддесін ескере бермейді. Елдің мақсаттары мен міндеттерін түсіну қиынға соғады. Адам елі үшін, халқы үшін еңбектенетін болса, онда ол барлық жұмысқа жауапкершілікпен, адалдықпен қарайды. Сонда өзінің де, қоғамның да әл-ауқатын жақсарту алады, – деді ол.

Сондай-ақ конференцияда Мәжіліс депутаты Тұрғын Сыздықов сөз алып, өз ойын білдірді. Оның айтуынша, еліміздегі 18 млн халықтың тең жартысы жұмысқа қабілетті. Сондай-ақ ол 6,4 млн адамның жалдамалы түрде жұмыс істейтінін және өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың саны 2,2 млн адам екенін тілге тиек етті.

ШАРА

Алматы қаласы «Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің» ұйымдастыруымен Елбасы Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті. Елбасының бұл кітабында тәуелсіз еліміздің тарихи белестері, заманауи қуатты мемлекет туралы, бүгінгі Қазақстанның керемет келбеті, даму үрдістері, басты ұстанымдары, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің бірыңғай үлгісі мен толағай жетістіктері баяндалған.

Ғылыми еңбек арқылы егемен еліміздің болашағы – бүгінгі жастарға тәуелсіздіктің қадірін түсіндіріп, қысқа уақытта елімізде қаншама еңбек жасалғанын терең ұғындыруымыз керек. Оларды жаңа Қазақстанның білімді де білікті, өз бетімен ойлап-білуге талпынатын, туған жерін, Отанын құрметтейтін, еліміздің экономикасын дамытатын тұлға етіп тәрбиелеу – басты мақсатымыз.

Сондай-ақ осы дөңгелек үстел ая-

АЙМАҚ

Еліміздегі туризмді дамытуға мүдделілер Жетісу жерінің аталған бағыттағы зор мүмкіндіктеріне қызығушылық танытуда. Алматы облысының әкімі Амандық Баталов өңірдегі ішкі туризмді дамыту мәселелері бойынша инвесторлармен кездесу өткізді. Осы жүздесуде Алматы облысы әкімдігі, Kazakh Tourism ұлттық компаниясы АҚ және «Алматы Тау» Алматы өңірі туристік кластері қауымдастығы өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Кездесуде бірінші болып сөз алған облыс әкімі қазіргі кезде Қазақстанда туризм саласын өркендетуге қатысты Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыруға байланысты облысқа инвесторлар тартуға, соның ішінде туризм саласын дамытуға қаржы салғысы келетіндерге қолдау көсетуге ерекше назар аударылып отырғанына тоқталды.

– Былтыр өңірдегі жалпы өндірістігі шағын және орта бизнестің үлес салмағы 43 пайызға жетті. Биыл облыс бойынша шағын және орта бизнесте 100 нысан ашқалы отырмыз. Олардың ішінде тек шағын кәсіпорындар ғана емес, сонымен қатар халыққа қызмет көрсететін туристік нысан бар. Мәселен, 2018 жылы өңірде 25 мың жаңа жұмыс орнын ашу көзделсе, соның 12 мыңы шағын және орта бизнестің үлесінде болмақ, – деген облыс басшысы, еліміздегі туризмнің дамуына осы саладағы

КӨРМЕ

ТАБИҒАТТАН ҮЙРЕНЕМІЗ

Алматыдағы Мемлекеттік орталық музей мен Гете институты бірлесіп «Экологиялық сана: табиғаттан үйренеміз» атты халықаралық интерактив көрме ұйымдастырды.

Қазіргі уақытта әлемдегі климаттың өзгеруі, ресурстарды сақтау, парниктік газдар және т.б. экологиялық проблемалар мен оларды шешу жолдары ерекше назарда. Бүгінде қоршаған орта үлкен антропогендік жүктемені бастан кешіп жатыр. Демек, табиғатқа зиянымызды тигізбей өмір сүруді ойлауымыз қажет.

«Экологиялық сана: табиғаттан үйренеміз» көрмесі планетамыз туралы көптеген қызықты нәрселерді баяндайды. Мұнда тек таңғажайып деректер ғана емес, адамның табиғатпен өзара әрекеттесуінің оң және теріс аспектілерін

БАЙТАҚ ЕЛІМІЗДІҢ ШЕЖІРЕСІ



сында Қазақстандағы Өзбекстан жылына орай Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелерімен «Қазақ – өзбек: Достығымыз мәңгілік» атты Қазақстан халқы ассамблеясының, өзбек этномәдени бірлестігінің мүшелерімен VIP-трибуна өтті. Дөңгелек үстелге Алматы

аданы әкімдігінің қызметкерлері, Алматы қалалық Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкерлері, ардагерлер, БАҚ қызметкерлері, студенттер қатысты.

Айша ЕРСҰЛТАН

ЖЕТІСУ ТУРИЗМІНЕ
СЕРПІН БЕРЕДІ

инфрақұрылымды жақсартудың, туристік нысандарға апаратын жолдарды жөндеудің үлкен ықпал ететінін айрықша атап кетті. Мемлекет қолдауының арқасында жолдарды күрделі жөндеу бойынша ауқымды жұмыстар атқарылған және алдағы кезде де жалғаса бермек. Биыл Ушарал – Достық жолының күрделі жөндеуі басталады. Бұл өз кезегінде Алакөлге баратындарға қолайлы жағдай туғызбақ. Балқаш көліне апаратын 140 шақырым жол да жөнделеді. Сонымен қатар Көлсай көлдеріне дейінгі жол жасалып, жергілікті бюджет есебінен Шарын шатқалының 11 шақырым жолы да реттелмек.

Kazakh Tourism ұлттық компаниясы АҚ басқарма төрағасы Рашид Күзембаев туристерге көрсетілетін қызмет пен ұсыналатын тауарлар кешенін қалыптастыру мен ілгерілету, инвесторлар тарту, турбизнеске қолайлы жағдай жасау тұрғысындағы өзара ынтымақтастықтың аса маңыздылығына назар аударды.

Алматы облыстық туризм басқармасының басшысы Жанар Алчимбаеваның мәлімдеуінше, былтыр Алматы облысында 1,6 млн туристке қызмет көрсетілген және соңғы үш жылда туристер легі 77 пайызға көбейіпті. Көрсетілген қызмет ауқымы 8,3 млрд теңгені құрап, 2016 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсіп, соған сай саладағы көрсетілген қызмет жағынан облыс Астана

мен Алматы қалаларынан кейінгі үшінші орынға орналасқан көрінеді. Республика бойынша көрсетілген қызмет ауқымындағы үлесіміз де жақсарған. Келген туристер саны жағынан – алғашқы үштіктеміз. Былтыр Қазақстанға демалуға келген саяхатшылардың 15 %-і Жетісу жерін тандапты. Өңірде туристер тарту мақсатында өткізілетін ірі шаралардың қатарында Сиверс алмасының гүлдеуіне арналған аса ауқымды жоба бар екен.

Rakurs Consulting Group компаниясының басқарушы серіктесі Досым Қадырбаев Алматы облысының туристік әлеуетін кешенді дамытуға қатысты жобаларды таныстырды. Жетісудағы туризм мүмкіндіктері туралы сөз қозғалып, спорттық және жартылай спорттық туризмнің түрлерін, соның ішінде бүгінгі күні танымал бола бастаған маунтинбайкті дамыту туралы ой қозғалды.

Инвесторлар облыста ерекше кәсіпорындардың, фермалар мен бақ шаруашылықтарының болуы, сол сияқты автокөм-пинг пен гастрономдық турлардың мол мүмкіндіктердің өңірде аграрлық туризмді ілгерілетуге жол ашатынын жеткізді және жергілікті атқарушы органмен бірлесіп, ішкі туризмнің барлық бағыттарын дамытуға атсалысатындарын білдірді.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

климаттың өзгеруіне әсер ететін факторларды, табиғи ресурстарды сақтау және жаңа технологияларды пайдаланудың жолдары туралы ақпарат алады. «Өрт» блогының экспозициясы бойынша күн энергиясы, жанартаулар, өрттер, «пассив» үй, болашақтың үйі және гелиотропты үй, күн шұғылалы жолдармен және OLE робот-қонызымен танысады. Үшінші «Ауа» блогы атмосфера, ауаның ластануы, парниктік әсер, жел электр қондырғылары, электромобильдер, аэродинамика мен бионика жайлы баяндайды. «Су» блогының тақырыптық фотосуреттері мен стендтері әлем бойынша қанша су бар, су сапасын жақсарту жолдары, су ресурстарын пайдалану сияқты сұрақтарға жауап береді. Көрмені тамашалаған әрбір адамның көкейінде «Қоршаған ортаны қалай жақсарту аламын?» деген сауал туғаны анық.

Нұрлан НҰРЫШОВ,
Аружан ӘБІЛДА,
Тұран университетінің
4-курс студенттері

Мұхит асып, шығысқа, әлемге танымал актерлер келді. Марк Дакаскос, Кэри Тагава, Майкл Мэдсон, Бай Лин, Эрик Робертсі Шығыс Қазақстанға алып келген не құдірет?

Шығыстықтар әлем жұлдыздарының елімізге жайдан-жай келмегенін, әлемге белгілі актерлердің Шығыс Қазақстан туралы түсірілетін фильмге қатыспақ ниеттері бар екенін айтады.

Негізгі мақсат — Америкадан келген қонақтарды облыстағы киелі орындармен қатар, төрт ауданды аралап көрсету, сондай-ақ халықтың салт-дәстүрімен және мәдениетімен таныстыру.

— Қазір барша әлем Қазақстанға бет бұрды. Сондықтан елдің имиджін қалыптастыру қажет. Ал адамдар танымал тұлғалардың пікірін тыңдайды. Сол себепті голливудтық Castle Films компаниясы мен қазақстандық кинокомпания бірлесе отырып, Қазақстан туралы фильм түсіруге бел буды, — дейді продюсер Арман Асенов.

Кэри Тагава, Марк Дакаскос, Бай Лин Өскеменнің іргесіндегі «Нұртау» демалыс орнына барып, деректі фильм түсіруге кірісіп кетті.

Деректерге қарасақ, әлем жұлдыздарының қатысуымен түсірілетін кино төрт бөлімнен тұрады: туристік кластер, Шығыс Қазақстанның өнеркәсібі, осы тұста экология мен Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы жөніндегі тақырып қозғалады.

Продюсер Арман Асеновтің пікіріне сүйенсек, еліміздің табиғаты көз тартар мекендерін әлемге көрсете алмай отырған сияқтымыз. «Туристерді Қазақстанға тарту үшін жұмыс істеп жатырмыз. Өйткені көшпелі өмір салты зерттеуге қызық» дейді продюсер.

Әлем жұлдыздары түсетін фильм жыл соңына дейін прокатқа шықпақ. National Geographic мен BBC сияқты әлемдік арналардың эфирінде көрсету де жоспарда бар секілді. Голливуд жұлдыздары Өскемендегі «Нұртау» шаңғы курортына барып қайтты. Бай Лин өз өмірінде үш-ақ рет шаңғы теуіпті.

Сонымен, шығыстың шырайлы табиғатын, әсем келбетін тамашалауға әрі деректі фильм түсіруге әлем жұлдыздарының «бестігінің» келуі көпшіліктің назарынан тыс қалмады. Әлеуметтік желілерде де осы «бестік» қызу талқыға түсуде. Деректі фильмге неге осы актерлер таңдап алынды? Шын мәнінде, шығысты әлемге танытудың өзге жолы жоқ па? Марк Дакаскос, Эрик Робертс, Кэри Тагава, Бай Линді шақырудың белгілі бір себебі бар ма? «Қырық кісі бір жак, қыныр кісі бір жак» боп шиеленіскен пікірлер толастамай тұр. Атап айтар болсақ, белгілі журналист, блогер Өркен Кенжебек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында: «Қазір Шығыс Қазақстанда Голливудтың қартайған жұлдыздары қонақта жүр. Марк Дакаскос, Бай Лин, Кэри Тагава, Эрик Робертс, Майкл Мэдсон — осы бестік. Шамасы эскорт компанияларға біреуін әкелгеннен гөрі, бесеуін бірдей шақырған тиімді секілді. Ниет жақсы. Облыс әкімімен кездесті. Төрт күн бойы облыстың төрт ауданында болып, тарихи және табиғаты тамаша жерлерін аралап, 15 минуттан 4 сериялық деректі фильм түсірмек. Оны тағы National Geographic мен BBC-да айналдырмақ.

Бай Лин. Біз оны көбіне «Такси-3» не «Адреналин-2» фильмдеріндегі жауыз, голливудтық типология бойынша ақымақ персонаждары арқылы білеміз. Бірақ оның атын шығарған бұл фильмдері емес, әртүрлі кештерге бір лыпамен шығуы, жалаңаш перформанстары еді» дейді. Сонымен, әлеуметтік желідегі белсенділігі арқылы бағалайтын болсақ, Өркен Кенжебектің айтуынша, Бай Линнің әлеуметтік желідегі белсенділігі де «онша» емес сияқты. Оның «Қазақстанға келдім» деген бір ғана посты 597 лүпіл жинапты. Демек, әкім мысалға келтірген 60 миллион деген бекер сөз.

Әлеуметтік желідегі жұртшылықтың бұл оқиғаға бей-жай қарай алмауының тағы бір себебі — голливуд жұлдыздарының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында елге келуі. Шығысқазақстандық басылымдар бастапқы кезде солай жазды. «Бір әкімдер бала қораз өншілердің байқауын да қызыл-жасыл бүркіттің логосымен басып, есебін бастырып жатыр. Шығыс Қазақстан облысы секілділер бұған әлемдік масштаб бергенсіп, мақсатын бұрмалап кетті. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын түсінбей, бұрмалап, қидалап кеткен әкімдерді сынағаны кеше ғана емес пе еді? «Рухани жаңғыру» бағдарламасын кім ашып қарады? Ондағы негізгі басымдықтар қазақтың қамына бағышталған. Айтайын дегенім, Алтайдың әдемі табиғаты мен Семейде жарылған бомбаның орнын түсіріп алып, Марк Дакаскосқа екі ауыз сөйлестіп, оны БиБиСиден көрсеткеннен қазақ

рухани жаңғыра ма? Жоқ!

Батыстан бес кемпір-шалды шақырып алып, бір сағаттық деректі фильм түсіріп, оны батыста көрсету — «Рухани жаңғырудың» бабына еш келмейді» дейді Өркен Кенжебек.

Әлемдік киноның жарық жұлдыздарын елге шақыру, сол арқылы Қазақстанды әлемге таныту деген ниет жақсы. Алайда елімізде де талантты артистер, дарынды жастар жетерлік. Шығыстың сұлулығын паш етуге өз артистеріміз жарамай ма? Деректі жанрда фильм түсіріп жүрген режиссерлеріміздің ойы қандай?

Режиссер Алмас Әбдік: «Шетелдік әртістерді шақырып, деректі фильм түсіру керек те шығар. Бірақ оның қаншалықты қажет екенін білмеймін. Жарнама үшін кейде әлемге белгілі адамдарды шақыртатынын білеміз. Жарнама болғанда да, Марк Дакаскос, Кэри Тагаваның уақыты өтіп кетті. Бұрынғыдай «жарқырап» тұрған жоқ, өнер әлемінде «көмескілене» бастаған артистерді шақырып, туризмді дамытамыз деген ой қалай туғанын білмеймін. Екіншіден, өз артистерімізге, өз режиссерлерімізге сенбеушілік басым. Өзгелерге аландап тұрамыз. Артистеріміздің қолынан келмейтіндей көреміз. Өзгелер бізден талантты деп ойлаймыз. Әйтпесе, Қазақстанның сұлу табиғатын, көркем келбетін түсіретін адамдар елімізде жетерлік. Үшіншіден, National Geographic сияқты әлемдік арналарға түсіретін қазақстандық режиссерлерді де табуға болады. Мәселе, ол арнамен келісім жасауда. Деректі фильм мен телебағдарламаның арасы жақындап кетті. Қыс-жаз мезгілдерін түсіру үшін арнайы уақыт керек. Бізде

керісінше қысқа мерзім ішінде фильмді түсіріп біту қажет болады да, уақыт тығыздығынан сапасы төмен болып шығады. Деректі фильм түсіруге кейде осындай нюанстар кетіп жатады. Жалпы, жарнамалық тұрғыдан әлем артистерін шақырып, деректі фильм жасаймыз деген ниет дұрыс та шығар. Бірақ сондай жоғары деңгейдегі фильм түсіретін мамандар өзімізде де бар екенін ұмытып кете береміз» дейді.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, кинотанушы Дана Әмірбекова жарнамалық мақсатта әлемдік кино жұлдыздарды шақырудың тиімді жағы да бар екенін айтады.

«Кино — кез келген идеяны немесе белгілі бір идеологияны насихаттауға айрықша мүмкіндік туғызатын күшті қару. Ал бүгінгі цифрлы технологияларды қолдану қарқынды дамып, қажет деректі том-том кітаптардан емес, теледидар мен ғаламтор арқылы алу әдетке айналған заманда, халқымыздың атадан балаға қалар салт-дәстүрін, тарихи-мәдени мұрасын қайта жаңғыртып, әлем жұртшылығына насихаттауға жол ашатын бірден-бір мүмкіндік — деректі фильмдер.

Дегенмен фильмді түсіріп қана қоймай, оны көрермен қызығушылығын тудыратындей жарнамалай білу де ерекше маңыздылыққа ие. Осы ретте көшпелі өркениет туралы баяндайтын деректі туындыға әлемге әйгілі артистердің шақырылуы да — фильм продюсерлерінің алдын-ала ойластырып қабылдаған аса маңызды шешімі. Осы орайда болашақ туындыға түсуге Голливудтың танымал жұлдыздары Марк Дакаскос, Бай Лин, Кэри Тагава, Эрик Робертс пен Майкл Мэдсонның шақырылуы түсінікті жағдай. Бұл шешім Голливуд жұлдыздарының отандық актерлерімізден кәсіби тұрғыда артықшылығынан туындамағаны белгілі. Олардың артықшылығы әлем бойынша миллиондаған жанкүйерлері мен оқырмандарының көптігінде болып тұр. Осылайша, танымал жұлдыздар түсірілгелі жатқан фильмді алдын-ала жарнамалап, халық назарын аударып, қызығушылығын оятары хақ. Бұл өз кезегінде фильмнің халықаралық деңгейге шығып қана қоймай, сонымен қатар еліміз жайлы түсірілетін кинотуындының мүмкіндігінше көп адамның назарына ілігуіне септігін тигізіп, қазақ


халқы жайлы мағлұмат алуларына жол ашары сөзсіз.

Десек те, осыдан жеті-сегіз жыл бұрын прокатты өз мемлекетімізде жасау мүмкін еместігіне сүйенген отандық киномамандар фильмдеріміздің прокаттағы пайыздық деңгейін арттыру мақсатында көпшілік көрерменге арналған, демек «мейнстрим» бағытында түсірілген фильмдерге Жерар Депардьё, Марк Дакаскос, Дмитрий Дюжев, Гоша Куценко қатарлы шетел актерлерін шақырып, Сергей Бодров, Егор Кончаловский, Тимур Бекмамбетов іспетті режиссерлерге қойылымдар берген болатын. Бұл жағдай өз кезегінде сол кезде түсірілген фильмдердің ішіндегі негізгі кейіпкерлердің біреуін міндетті түрде шетел артисінің ойнауын үйреншікті жағдайға айналдырған еді. Өкінішке қарай, санаулы фильмдеріміздің Ресейде көрсетілгенін айтпағанда, бұл айла онша іске аспаған еді. Осы ретте, Шығыстың әсем табиғаты мен тұрмыс-тіршілігі туралы баяндайтын «Шығыс Қазақстан облысының бренді» атты деректі фильм Қазақстан жайлы естісе де, ұлттық салт-дәстүріміз, тарихымыз, табиғи ресурстарымыз жайлы аса көп біле бермейтін National Geographic және BBC, Discovery, Viasat History телеарналарының көрермендері үшін қызықты әрі танымды болады деп үміттенеміз. Енді тек Голливуд жұлдыздары өздеріне артылған сенімді ақтаса болғаны» дейді.

Әлемге таныту, әлем назарын аудару үшін әлем жұлдызын шақыру міндетті ме? Әлемге танытамыз деген «Көшпенділер» не болды? Сол Марк Дакаскостар «Көшпенділердің» абырой-беделін асқақтата алды ма? Жерар Депардьё түскен фильмдердің тағдыры ше? Әлем дүркіреп кеткен фильмді көрмедік.

Шығысқазақстандықтар жұртшылықты «бұл деректі фильм ғой» деп жұбатауы мүмкін. Қалай десек те, «қартайған» жұлдыздар шығыстың шырайын келтіре қояды дегенге сену қиын. «Адамдар әлемдік тұлғалардың пікірін тыңдайды» деп шыр-пыры шығып, елдің имиджін қалыптастыруға күш салып жүрген Асеновтің не ойлағаны барын кім білсін, біздің көргеніміз — өнер «базарынан» қайтып келе жатқан артистер ғана.

Шығыс ЖӘНІБЕК



ӘЛІПБИ - ТІЛ ЕГЕМЕНДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында рухани сілкініс тұрғысында елдік мәселелер көтерілді. Соның бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. Жалпы, бұл мәселе бүгін ғана қозғалып отырған жоқ. Президенттің осыған дейінгі Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз. Бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, жастардың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» делінген.

Негізі, қазақ жазуының тарихы 1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлының жазуынан латынға, латыннан кириллицаға көшкеніміз бәріне белгілі. Сол көшу жарлықпен бір-ақ күнде шешілген. Әліпби ауыстыру – аса күрделі мәселе. Елді бір дүрліктіріп те алды. Бүгінде оның жақтаушылары да, қарсыластары да бар. Оған таңғалуға да, таңдай қағуға да болмайды. Бәрі түсінікке, ұғымға байланысты. Егер әрбір қазақ бұл іске білек сыбана кіріссе, бір нәтижесі болады.

Біріншіден, бүгінде ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы

ретінде латын жазуын жақсы таниды. Әлемдік ақпарат кеңістігіне ретін тауып өте алмай қалған елдердің даму қарқыны да бәсең болады. Оған қоса қытай мен жапондардың әліпби таңбалары бөлекше болғанымен, ғылыми-өндірістік үрдісін латын негізінде дамытуда. Екіншіден, әліпбиді ауыстырудың астарында саяси-әлеуметтік мән бар. Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Қысқасы, әліпби, таңба мен емле-ереже үйлескен жазу –



тіл егемендігінің кепілі. Бұл дегеніміз – қазақ жазуын бір екшеп, саралап алу. Сондықтан мұны жай ғана әліпби ауыстыру ісі деп қарамай, кең тұрғыдан жазу реформасына ұластыру орынды болмақ.

Латын әліпбиіне көшудегі уайымның бірі – бұрынғы кириллица негізіндегі сақталған жазба мұраларымыздан айырылып, ертең оларды ешкім оқи алмауынан қорқу. Орыс жазуын салған жерден тыйып тастайын деп отырған ешкім жоқ. Кирилл жазуы латын жазуымен ондаған жыл қатар жүрмек. Оқулықтар да жыл ретімен бірте-бірте ла-

тын жазуына көшірілмек. Әдеби шығармалар мен ғылыми көпшілік еңбектер де сол ретпен жаңа жазуға ауыспақ. Бұрынғы жарық көрген шығармаларымызды бәрібір қайта баспай отыра алмаспыз сөзсіз. Бұған қоса, бүгінгі таңда келешек ұрпақты көптілділікке баулу – заман талабы. Ол дегеніміз – мемлекеттік шаралардың басты сапындағы мәселе. Өркениетті елдердің тәжірибесі де – көптілді ұрпақ қалыптастыру. Елге келген шетелдіктердің қай-қайсы да аз дегенде 2-3 тіл білетіндігін көріп жүрміз. Олар қазақ тілін үйренуге ынталы.

Қазіргі Қазақстан мемлекетінің тіл саясаты да осы арнада өрбиде. Шығыс болмай, кіріс болмайды. Қай шаруа болмасын, шығынсыз бітпесі анық. Жазу ауыстырудың да өз шығыны болады. Мәселен, кітап бас, оқулық шығару деген сымақ көбейеді. Мамандар да латынға икемдеп, қайта дайындауда тұрған ештеңе жоқ. Мұғалімдердің жұмыс бағыты әлімсақтан қалыптасып қалған, оларға көмектесетін білім жетілдіру институттары бар. Мектептің өзі латын әліпбиін үйретудің ошағына айналады. Тіпті ақылы-ақысыз тіл үйрететін орталықтар қаншама?! Осының өзі-ақ кез келгеннің адастырмайтын дұрыс бағыт алуына көмек болады. Әліпбиді үйренуге көп уақыт та қажет емес. Үйренемін деген адам тез бейімделіп кетеді. Бастысы, мақсат болуы керек.

Осы күні мемлекетіміз ешкімге жалтақтамай, тірлік жасайтын дәрежеге жетті. Енді қоғам-мәдени келешектің қамын ойлаған дұрыс. Тәуелсіз елімізде жаһандық деңгейде дамуына бірден бір апарар жол – латын қарпі. Біз мұны «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізудің және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндігі деп танимыз.

Жазира ҚҰДАБАЕВА,
Жамбыл атындағы орта мектеп мұғалімі.
Жамбыл облысы

ЖОЛДАУ

Қазақстан – Ресей медицина колледжінде Мемлекет басшысының «Төртінші өндірістік жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын талқылауға бағытталған дөңгелек үстел өтті. Шараға медициналық білім ордасының басшылығынан бастап, оқытушылары мен студенттеріне дейін түгелдей дерлік қатысты. Күн тәртібіндегі басты тақырып – Елбасы айқындап берген елімізді дамытудың тың тәсілдері мен жаңа мүмкіндіктері.

Колледж мұғалімдері биылғы Жолдаудың «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталатын жетінші басымдығына ерекше назар салды. Мұндағы барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттігі ерекше атап өтілді. Дөңгелек үстелге қатысушылар осы мақсатта Президентіміздің жүктеген тапсырмалары «Қазақстан – Ресей медицина колледжі» ҰҚО 2017-2021 жылдарға арналған

АДАМИ КАПИТАЛ – ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ



стратегиялық даму жоспарында айқындалғанына маңыз берді.

Бүгінгі таңда еңбек нарығы жағдайына жылдам бейімделетін мамандарды даярлау – аса маңызды. Елбасы: «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» деп атап өтті. Отандық білім мекемелері бұл мәселенің түйткілін түпкілікті шешуге жан-жақты күш салуда. Қазақстан – Ресей медицина колледжі де бұл мәселенің жауапкершілігін сезінуден тыс қалмады. Педагогикалық кеңесте мақұлданған колледждің бес жылға бағдарланған стратегиялық жоспары жоғары санаттағы тех-

никалық және кәсіби тұрғыда жан-жақты жетілдірілген кадрларды даярлауға бағытталып отыр. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін колледждің мамандарын, құрылымдарын, материалдық-техникалық базасын даярлау бағытын жетілдіру және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу жұмыстары жүргізілуде. ҚРМК стратегиялық даму жоспарының басты бағыттарының бірі – адами ресурсты дамыту, яғни кәсіби мамандарды даярлау немесе қайта дайындау, кадрлардың білімін арттырып, біліктілігін жетілдіру мәселелерін оңтайлы шешу болғандықтан, осы аталған мәселелер қажет деңгейде жүзеге асырылатыны сенеміз. Студент-

тердің өзін-өзі жетілдіруі үшін қажетті жағдай жасау мәселесі де жолға қойылуда. Колледж студенттері республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен олимпиадаларға тұрақты қатысып тұрады.

Мемлекет басшысы бұл жолғы Жолдауында «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» деп ерекше атап өтті. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін колледж қабырғасында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында үлкен жұмыстар атқарылуда. «Туған жер» жобасы аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Мұнда кез келген азамат туған жеріне, оның мәдениеті, салт-дәстүріне, сондай-ақ әркім өзі өсіп-жетілген ауылына ерекше ықылас көрсету керектігі насихатталды. Тәуелсіздік күні қарсаңында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Тарих. Тағылым. Тәуелсіздік» апталығы өткізілді. Бұл тағылымы мол

апталықта студенттер театр мен музейлерді аралап, еліміздің бай әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен танысты. Патриоттық әндерінен өткен байқау мен еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің би өнерінен өткен бәйге өз алдына бөлек әңгіме. Сондай-ақ биылдан бастап дуалды оқыту жүйесі бойынша Алматыдағы бірқатар ірі медицина мекемесімен келісімшарт жасалыпты.

Мемлекет басшысының баса назар аударған көптілділік мәселесі де колледж қабырғасында бір жүйеге келтірілуде. ҚРМК ағылшын тілінде оқытатын топтар ашуға дайындығын бастап кетті. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін студенттерге тегін ағылшын курсы оқытуда. Математика және жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері де ағылшын тілін меңгеруді қолға алды.

Сонымен қатар Колледж еліміздің өзін-өзі қамту және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларына қатысуды мықтап қолға алды. Еңбек нарығының жағдайын сараптама жүргізілуде. Колледждің қысқамерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру арқылы ел тұрғындарына білім беретіндей мүмкіндігі зерттеп жатыр. Колледжде қосымша білім беру орталығы да ашылыпты.

Қарлығаш ЖӘКЕНОВА,
Қазақстан – Ресей медициналық колледжінің директоры

*Қазақ КСР-ның халық артисі
Кененбай Қожабековтің туғанына —
90 жыл. Театр және кино артисі
«Менің атым — Қожа» фильміндегі
Рахманов ағайдың рөлі арқылы
көпшілікке жақсы таныс. Алайда бірегей
тұлғаның өмір мен өнер жолында біз біле
бермейтін тұстары да баршылық.*



Ол 1928 жылы 3 ақпанда Алматы облысы Жамбыл ауданы Ақсенгір ауылында дүниеге келген. 1950 жылы Алматы театр училищесін бітірген. 1950-1961 жылдары Республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында қызмет етті. Сонымен қатар «Аласталан Алитет» (Айе), «Жамбыл» (Нәдір), «Шабандоз қыз» (Айдар), «Бұл шұғылада болған еді» (Бақытжан), «Мазасыз көктем» (Атабаев), «Қыз Жібек» (Сырлыбай), «Қан мен тер» (Алдабергел) сияқты фильмдерде ойнап, кейіпкерлерінің жан дүниесін шебер ашудың үлгісін көрсетті. 1972 жылы Тбилисиде өткен Бүкілодақтық кинофестивальде «Қыз Жібек» фильміндегі Сырлыбай рөлі үшін «Драма өнерін экранда дамытуға сіңірген еңбегі үшін» дипломымен марапатталды. «Халықтар достығы» орденінің иегері.

Тума талант өз естеліктерінде өнер саласына кездейсоқ келгенін айтады. Бір күні жолдастарымен көшеде келе жатып, актерлік мектепке шақырған хабарламаны оқып, бақ сынауды ұйғарады. Нәтижесінде, шығармашылық жолын театрдан бастап, Ғани Мұратбаев, Ыбырай Алтынсариннің сахналық тұлғасын сомдайды. Көп ұзамай, өнердің асқар шыңына құлашын енді ғана кең сермеп келе жатқан актердің қанаты қайырылады.

Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөринмен бірге Балалар мен жасөспірімдер театрынан шығып келе жатқан кезде көше басбұзарлары шабуыл жасап, жұлынына әлденеше жерден пышақ салып, омыртқасын зақымдайды. 1960 жылдың 10 қаңтары актердің өзі көзі тірісінде «құлап түскен күнім» деген екен. Жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының айтуынша, ойламаған жерден талантты актердің өмірлік арман-мұратына балта шабылады. «Арбамен сахнаға шыға алмайды» деп театр сахнасынан шеттетіледі. Алайда жанашыр достары Сұлтан Қожықов пен Нұрғиса Тілендиев киностудияға жұмысқа орналасуына мұрындық болады. Кино өнеріне аяқ басқан актер тағдырдың басқа салған тәлкегіне қайыспай қарсы тұрып, өзін қайраттандырады. «Күндердің күнінде жүре алмай қаламын» деген үрей жанын жегідей жесе де, ол ешқашан өзін мүгедек санап, мойымайды. «Егер біз бәріміз» фильмінде суға ағып бара жатқан шопан мен қызын құтқаруда режиссер қанша үгіттесе де, дублердің көмегіне сүйенбей, Сырдарияның кара күздегі мұздай суына өзі түседі. Аяғы сырқат, жаны жаралы актер намысын

камшылап, осындай ерлікке барады. Соның салдары болуы керек, бір жылдан сон балдақпен жүруден қалып, мүгедектер арбасына таңылады.

«Киноға да көп түсті, уайым-қайғысы ішінде ғой, үнемі күліп, әзілдеп жүретін сыпайы адам еді. Сонша жыл жанында жүріп «мен мүгедек едім» дегенін естіген емеспін» деп жазады дыбыс режиссері Қадыр Қосай. Тіпті Бауыржан Момышұлы: «Сен Хан Кенесің, халық сені көтеріп жүруі керек» деп зор құрмет көрсеткен. Гүлфайрус Исмайылованың естелігінде «Қыз Жібек» фильмі басталатын кезде: «Бәйбішемнің рөлін Гүлфайрус ойнасын, мен одан қысылмаймын. Өйткені ол мені ауру деп мүсіркемейді» деген еді. Мен оған барынша қолдау көрсетіп бақтым. Қаскөйлер оның аяғын алғанымен, талантын ала алмады» деген жүрекжарды жолдар бар.

Көзкөрген адамдар Кененбай Қожабековті «Мүгедек болғанына қарамастан, дені сау адамдармен тең қимылдаушы еді. Тұлпардың тізгінін ұстап атқа отырып, ол өзгелерге үлгі-өнеге көрсетті» дейді.

— Біредудің жолын кесу, қиянат жасау — оның адами қасиеттеріне жат нәрсе еді. Дегенмен ұзында өші, қысқада кегі жоқ, осындай адал, ақжүрек адамның жолын кескестеп, кедергілер жасау әрекеті болмай қалған жоқ. «Құлагер» фильмі түсірілгеннен кейін ұзақ уақыт мұрағатта жатып қалды. Сол кездегі киностудия директоры, режиссер Әзірбайжан Мәмбетовтің айтуынша, «Жаушы», «Қан мен тер» фильмдерін түсіруге кірісетін күні «Қожабековті қатыстырмаңыздар» деген жеделхат алады. Бірақ бұл хатты екі-үш күн жасырып қояды. Сол екі аралықта Кенаға қатысатын барлық эпизодтарды түсіріп үлгерді.



Аяғымен емес, жүрегімен жылжыды...

Артынша тағы да жеделхат келеді. Әзірбайжан аға: «Екі күннен бері түсіргенімді есептеп, кеткен шығынды жабатын болсаңыздар, ол эпизодтарды өзгертейік» деп талап қойыпты. Жоғарыдағылар тек содан кейін ғана амалсыз рұқсат беріпті. Сөйтіп, Әзірбайжан Мәмбетов Кененбай ағаның өз рөлдерінде қалуына көмек көрсеткен екен.

Сегіз қырлы, бір сырлы Қожабеков өзінің бағын телевизия саласында да сынап көрген. Бұл жөнінде Кененбай ағаның ұлы Лияс Қожабеков «Әкем жүргізген «Қазақ киносының тарихынан» деген бағдарламаның біраз саны мұрағатымда сақтаулы. Біздің телевизияда Қасымдардан бастап, қазіргі заман ақындарына дейін түгел оқыды, соның бірі сақталмапты. Абайдың өлеңдеріне арналған 40 минуттық бағдарлама болған. Ол бағдарламада да ұшты-күйлі жоқ. Әкем өнерге жанын салды-ақ, бірақ оның шығармашылығынан жоғалып кеткен дүниелер көп» дейді.

Қалай дегенмен де Кененбай Қожабеков ұлттық театр сахнасы мен кино әлемінде өшпес із қалдырып, кейіпкерлерінің жан дүниесін ашуда психологиялық тереңдікке, образдылыққа жетті, типтік жинақтау үлгісін көрсетті. Өнер санлағының саф алтындай шеберлігін, шарықтап асқақтаған табиғи талантын, өмірін насихаттау — болашақ ұрпақ еншісінде. Кененбай аға — Асқар Токпанов айтқандай «аяғымен емес, жүрегімен жылжыған», нағыз тағдырды жеңген тарлан. Тума талантының есімін аялай білсе, елдің де мерейі биіктей берері сөзсіз. Ол кісі жөнінде естеліктер көп. Театртанушы, профессор Әшірбек Сығай былай деп жазды «Кененбай Қожабеков ағаны кино саласы

арқылы таныдық. Ол кісінің киноларының бәрін кішкентайымыздан асқан құмарлықпен тамашаладық. «Шабандоз қыз» фильміндегі Айдарды ойнағаны менің жадымда жақсы сақталған. Айдарға еліктедік, Айдар болып атпен жүйіткіп, Айдар секілді ғашық болсақ дедік. Айдар сияқты мінезді, Айдар тәрізді тапқыр, ақылды болғымыз келді. Осының бәріне жетелеген — актердің қабілеті, таланты. «Шабандоз қыз» фильмін мен алғаш рет мектеп жасында көрдім. Ол фильм 1950 жылдары түсірілген. Онда Мүлік Сүртібаев, Лола Әбдікәрімова сияқты халқымыздың таңдаулы өнерпаздары ойнады. Солардың ішінде шоқтығы биік көрінгені — басты рөлде жүрген Айдар еді. Фактурасы, кескін-келбеті, жүзіндегі жылылық, жұмсақтық, отты көзқарастары, әбжіл қимылдары, іс-әрекеттері барлығы «шіркін, актер осындай болса» дейтіндей деңгейде болатын. «Қыз Жібек» фильмінде Сырлыбайды ойнады. Қандай кең, маңғаз, асықпай сөйлеп, байсалды шешетін, түйіліп отырып түйінін айтатын, қазақ сахарасының кемегер, данагөй ақсақалының бейнесін жасады. Ол кісінің актерлік көзқарастары, психологиялық сәттерде толқымай, не асып кетпей, не кем түспей, өмірдің өзіндей етіп дәл беруі мені ылғи тәнті ететін.

Ол қазіргі Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық жастар театрының негізін қалаушылардың бірі болды. Сондағы басты кейіпкерлерді ойнады. Сондай талантты адамның өнерін қиып тастаған қатыгездерге не айтуға болады? Қоларбаға отырып қалғандағы театрға деген ынтықтығын қарасаңызшы. Екі-үш жігіт көтеремөтере қай театрдан болса да қалмайтын. Екі көзі жалт-жұлт

етіп, қайратты шаштарын қарымды қолымен қайырып тастап, қоларбада болса да, жан-жағына жұтына қарап отырған күйінде мен талай кездестірдім және өзіміз арбасын көтерістік те. Шын мәніндегі өнер адамы еді. Халық ұлы еді. Халық перзенті еді. Ол кісінің фильмдерін көрген сайын, ойнаған спектакльдеріне жазылған рецензияларды оқыған сайын қазақта Кененбай Қожабеков атты ақтангер, алып актердің болғанын таубелікпен еске түсіріп, ол кісіні ылғи да сағынып жүреміз. Ұрпақ ұмытпайды. Шын мәніндегі өнердің сәйгүлігі болатын» дейді.

Режиссер Серік Жармұхамедов «Кененбай Қожабеков — қазақ өнеріндегі, қазақ театры мен киносындағы қайталанбас тұлғалардың бірі. Арбаға ерте таңылғанына қарамастан, бар өмірін кино өнеріне арнады. Образ сомдауда, бейне жасауда қазақ кино өнеріндегі Кенағаның еңбегі өлшеусіз. 1980 жылдардың екінші жартысында «Құлагердің» қайтадан қазақша нұсқасын жасадық. Ағамыз 30 шақты фильмге түскен болса да, соның ішінде бастан-аяқ өзінің үнімен, өзінің даусымен дыбысталғаны — тек осы «Құлагер» фильмі екен».

Қазақтың танымал да талантты актерлерін саусақпен санапты болсақ, үлкен бестікке кіретіндердің бірі — Кененбай Қожабеков. Оның жан дүниесі үнемі киномен, өнермен бірге болды. Өнер ағамызды бір жағынан емдеді де. Егер киноға түспей, үйінде отырып қалса, баяғыда-ақ қартайып, өзін-өзі жоғалтқан болар еді. Киелі өнер ағамыздың өмірінің айтарлықтай ұзаруына себепкер болды. Кенағанда артық сөз болмайтын. Үлкенге де, кішіге де «айналайын» дегеннен басқа пенделік қасиеттері жоқ нағыз өнер иесі еді. Өмірге өр-жалын кеудесін тосып, өзіне өкпе мен мұңды өгей балаған. Иә, ол өзін-өзі камшылай отырып, отызға жуық фильмге түсті. Екі аяғынан бірдей айырылса да мүгедектігіне мойымады. Берік шыдамдылық, табандылық қана жемістің, жемістің кепілі. «Мен үшін әр күн — арпалыс. Мен тән азабыма қарамастан, елімнің зор жеңістеріне қуанамын. Қиындықты жеңгеннен артық қуаныш жоқ» деп кеткен абзал азамат. Кенекең жайында баспасөз беттерінде әңгіме, очерк, мақалалар жарық көрді. Бәрінде де айтар ой, түйер түйін біреу. Ол — адамгершіліктің асыл қасиеттерін өз бойына дарытып, табиғи дарқан талантын өз халқына аямай жұмсай білді.

Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаев, Нұрғиса Тілендиев, Кененбай аға — бәрі керемет дос еді. Кенекең Нұрғисаны қазақтың ең талантты композиторы деп ерекше құрметтейтін. Қайтпас та қайсар алып тұлға, өнер үшін бар өмірін арнаған ғажап актер Кененбай Қожабеков есімі ел есінде мәңгі сақталады, — дейді Нағашыбек Қапалбекұлы.

Қаншайым
БАЙДӘУЛЕТ



Тұманды жарып шыққан «Қазақстан»




АЛМАТЫ:

АҚПАН АЙШЫҚТАРЫ

Алматыда ақпанның ақ қары тоқтаусыз жауып тұр... Алып шаһар тағы да ақ мамыққа оранды. Әсіресе, қаланың түнгі көрінісі көз жауын алады. Әдемі безендірілген шырақтар бейнебір ертегі әлемі ме дерсіз?!

Ақ ұлпа қар тоқтаған мезетте іле-шала жүріп өтетін тұман бұлттары қалаға мүлдем өзге көрініс сыйлайды. Тек бұл құбылысты жоғарыдан, зау биіктен ғана көру қажет. Көктөбе жотасы – осы сирек құбылысты тамашалауға таптырмайтын орын.

Қылышын сүйреткен қыс та ақырын-ақырын шегініп барады. Барлығы мезгілімен, рет-ретімен болғаны жақсы ғой! Ақпан айы аппақ қарымен тамсандырсын. Көктемге уақытылы жол берсін! Табиғат өзі тудырған мезгілімен қауышсын! Оның мың құбылған құбылысы әдеттегідей біздің фотообъективімізде сақталып жатады. Соның бірнешеуін оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Суреттерді
түсірген
Досжан
БАЛАБЕКҰЛЫ



Соңғы жылдары іскер ортаның сөздік қорынан Big data деген тіркес өз орнын тапты десек қателеспеспіз. Өйткені ойы заманынан озық жүретін азаматтар сәт сайын артып келе жатқан ақпарат ағынын өз дегеніне бағындырып жатыр. Бизнесіті экономиканың драйверіне айналдыруды көздеген біздің ел де бұл тенденциядан тыс қалған жоқ. Президенттің өзі Жолдауда «Үлкен деректерді» (Big data) пайдалану сапалы талдауды қамтамасыз етуге, өсімнің резервін анықтауға және артық шығынды азайтуға жағдай туғызады» деп жөн сілтеді. Бірақ Big data деген не? Батыс оны әлпештеп, арнаулы ғылым ретінде дамыту арқылы нені көздеп отыр? Біз одан не ұтамыз?

Big data

Мамандардың айтуынша, дұрыс өңдей алсаңыз, үлкен деректер жасырын заңдылықтарды анықтауға және бизнестің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Анализ алгоритмінен өткен ақпарат кез келген компания үшін құнды. Оны сарапшы немесе сол салаға жауапты маман талқыдан өткізуі қажет. Әрі қарай бұл ақпаратты табыс табу мақсатында пайдалануға болады. Әрине, дәстүрлі технологиялар да ауқымды ақпараттарды өңдеуге қауқарлы, бірақ олар мәлімет көбейген сайын жай жұмыс жасайды. Екеуіне де кететін шығын бірдей болғанымен, дәстүрлі алгоритмдердің тиімділігі төмен. Мысалы, ақпарат көлемі екі есе ұлғайса, өңдеуге кететін уақыт төрт есеге ұзарады екен.

Әлемде үлкен ақпараттардың тиімді жұмыс істеуіне оң әсер еткендігі туралы оқиға көп. Мысалы, Microsoft компаниясы Siemens-пен бірге «ақылды» рентген аппараттарын жасап шығарады. Ол түсірілген кескінді бір мезетте дәрігерге де, бұлтқа (деректерді сақтайтын онлайн-қойма) да жібереді. Бұлтта жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін жүйе кескіндерді талдайды. Ол кескіндерді өңдеп қана қоймай, үнемі өздігінен оқып, үйреніп отырады (machine learning). Нәтижесінде, дәрігер де, жүйе де пациентке диагноз қояды. Егер екеуінің ара-

сында алшақтық пайда болса, дәрігерге диагнозды қайта қарау туралы хабарландыру барады.

Бірақ Big data тек қана ірі корпорацияларға пайда әкеледі деу — қате ұғым. Қазіргі таңда шағын және орта бизнестің өкілдері де үлкен ақпараттарды пайдалану арқылы қызметтерін жетілдіріп, кәсіптерін көркейтуде. Солардың ішінде бөлшектік сауда көш бастап тұр. Prime Source компаниясы ұсынған ақпараттарға сәйкес Big data бұл саладағы өнімділікті 49 пайызға арттырған. Екінші кезекте консалтинг секторының сатылымы Big data көмегімен 5 млрд АҚШ долларына көбейген. Әуе тасымалы да әлемдік тенденциядан тыс қалмай, ақпараттар ағынын өз пайдасына бұра алған. Өйткені клиенттермен жұмыс барысында ауқымды мәліметтерді пайдалану бұл саладағы сауда көлемін 4,3 млрд АҚШ долларына, өнімділігін 21 пайызға арттыруға әсер еткен.

— Біз әлі де CRM жүйесінің артықшылықтарын толық пайдалануды меңгерген жоқпыз. Мысалы, Батыста сіз барған шаштараз үш аптадан соң, сізге «Тағы да шашыңызды қидырғыңыз келмейді ме?» деп хабарласуы мүмкін. Тағам жеткізіп беру индустриясында да солай. Яғни, олар сатылымды арттырумен белсенді түрде жұмыс істейді. Сәйкесінше, бәсекелестік

БИЗНЕСКЕ НЕ БЕРЕДІ?



те жоғары. Біз де түбінде осыған жетеміз. Әзірге бәсекеге қабілетті болу үшін шығындарды азайтуға, ішкі процестерімен және сатылыммен жұмыс істеудің заманауи жолдарын игеруге, сараптама жасауға тура келеді, — дейді Prime Source компаниясының директоры Евгений Щербинин.

Оның айтуынша, бизнес жеке процестерді автоматтандырудан

бастап Big data артықшылықтарын пайдалануға жеткенге дейін төрт кезеңді бастан кешіреді.

— Бірінші кезекте — операциялар. Яғни, барлық есеп-қисап деректері бизнесті дамытуда үлкен рөл ойнайды. Екінші кезекте мәліметтерді өзгерту және соның негізінде жылдам аналитиканың көмегімен болжам жасау. Көптеген бизнес құрылымдар бұған да жете алмай, жарты жолда қалып жатады. Кейде фактілерді көрсеткенімен, болжамдарды назардан тыс қалдырады. Үшінші кезең — аналитика. Мұнда ақпараттарға қарап өз сұрақтарымызға жауап таба аламыз. Мысалы, нәліктен белгілі бір проблемаға ұрындық? Қоймада қандай тауарларды сақтау қажет? Қай құрал немесе техника қашан істен шығуы мүмкін? Бұл өнімділікті арттырады. Сонымен қатар мұнда клиенттермен жұмыс істеу автоматтандырылған. Егер сараптама жасап, барлық клиенттерге қоңырау шалып шықсаңыз, конверсия 0,01% болуы мүмкін. Яғни, бір ғана адамды тарту үшін 1000 адамға хабарласуыңызға тура келеді. Ал нақты ақпаратпен қаныққан аналитика конверсия деңгейін 30 пайызға дейін арттыруға көмектеседі. Ең соңғы кезеңде бизнес аналитиканың арқасында қарқын ала бастайды. Бұл аралықта компания өз клиентіне қандай өнім қажет екенін алдын ала біліп отырады. Мұнда барлық операция

Big data – технологиялық инновациялар нәтижесінде пайда болған үлкен деректер ауқымы. Оған ұзақ жылдар бойы сақталған ұялы байланыс абоненттерінің мәліметтері, іздеу жүйелеріндегі сауалдар тізбегі, әлеуметтік желілердегі белсенділік, тіпті қоғамдық орындардағы бейнебақылау камераларына жазылған материалдар және т.б. ақпараттар кіреді.

чат-боттар арқылы басқарылады. Яғни, клиенттерден келіп түскен сауалдың 90 пайызға жуығы автоматты түрде өңделіп отырады, — дейді маман.

Евгений Щербинин үлкен деректер кез келген салада төңкеріс жасай алатынына сендіреді. Мысалы, ауыл шаруашылығында ауа райы, топырақтың құнарлылығы немесе малдың мойнына тағылатын құрылғылар, сиырлардың саны мен сүт өндірісінің көлемі, тіпті валюта курсының мәліметтерін де пайдалана отырып, шаруашылыққа кері әсер ететін сыни факторларды анықтауға болады. Одан бөлек, өнімділікті арттырудың басым бағыттарын бағамдай аласыз.

Назарбаев университетінің профессоры Анатолий Количев бір сұхбатында Қазақстанда өңдеуге келетін мәліметтердің үлкен көлемі қалыптасып үлгергенін айтқан болатын. Ендігі мәселе оның сұрыпталып, саралануында болып тұр. Бірақ сарапшының айтуынша, әлі күнге дейін ақпараттардың 90 пайызға жуығы тиімсіз пайдаланылады. Әрине, оған бірінші кезекте мамандардың жетіспеушілігі себеп. Дегенмен бірнеше Терабайт болатын деректерді өз дегеніне көндіретін адамдар бізде де жоқ емес. Әрі олардың еңбегі АҚШ пен Еуропаға қарағанда бірнеше есе арзан бағаланады. Тек қазақстандық кәсіпкер үшін Big data қай салада және қалай көбірек пайда әкеледі? «Ритейлге келер болсақ, мұнда сатып алушылардың әдеттеріне назар салу арқылы өтімді тауарды анықтауға болады. Осылайша, сол тауарға жеңілдіктер ұсынып немесе сөрелерде тиімді орындарда орналасуын қадағалап сатылымды арттыруға болады. Банк секторында үлкен деректер арқылы клиенттің өз қарызын уақытылы өтей алатыны немесе алмайтынын болжауға болады. Мысалы, несие алуға өтініш толтыру барысында кез келген адам өзі туралы жеке мәліметтерді ұсынады. Жүйе осы секілді мыңдаған клиенттердің несие тарихын салыстыра отырып, өтініш берген азаматтың төлем қабілетін сипаттап береді» дейді А.Количев.

IDC Халықаралық консалтинг компаниясы 2020 жылға қарай адамзат баласы туындатқан контенттің көлемі 40 зетабайтқа жететінін болжап отыр. Салыстыру үшін мына дерекке көз жүгіртіңіз: осыдан бес жыл бұрын бүкіл әлемдегі ақпарат көлемі 2,8 зетабайт болатын. Технологиялық құрылғылардан, сауда, көлік тасымалы, құрылыс, қаржы секторы және өндірістігі жүйелерден келіп түсетін деректердің көлемі күн санап, сәт санап арта бермек. Міне, түптеп келгенде үлкен деректердің анализі — экономикалық тұрғыдан тиімді шешімдер қабылдай алу үшін қолданатын ақпараттарды басқарудың әдісі. Оған деген сұраныс та ұлғая түсетін болады. Тек оны «ерттеп міну» — өз қолымызда.

HSBC үлкен деректердің көмегімен қауіпсіздігін үш есеге, алаяқтық іс-әрекеттерді алдын ала байқау сапасын 10 есеге арттырған. Экономикалық эффекті — 100 млн \$.

Германияның еңбек министрлігі Big data арқылы жәрдемақылардың 20 пайызы жөнсіз төленіп жатқанын анықтаған. Осылайша, министрлік 10 млрд евро үнемдей алған.

UPS компаниясы үлкен деректерді саралау арқылы өзінің көлік жүргізушілеріне арналған тиімді маршрутты жоспарлап отырған. Нәтижесінде, компания 150 млн АҚШ долларына жуық артық шығынды қысқарта алды.

Кәмила
ДҮЙСЕН



Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында елдің рухани кеңістігіндегі бағдарын көрсетіп берді. «Тарихты білу – білімділіктің белгісі, Әдебиетті білу – мәдениеттіліктің белгісі» деген шығыс даналығы Елбасы ойымен ұштасып тұр. Ұлт дамуының мақаласында айтылған және алға қойған міндеттерді орындау бағытында көптеген жобалар жүзеге асырылуда. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және «Туған жер» жобалары халықтың жүрегіне жол тапты.

Бұл жобаларды жүзеге асыруға халықтың өзі мұрындық болуда. Сонымен қатар жуырда Елбасы «100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздарымен өткізген кездесуінде де Қазақстанның киелі жерлерінің тізімін жасауды тапсырды. Бұл жобаға да Жуалы ауданында сұранып тұрған тарихи орындар баршылық. Мәселен, ауданның Көкбастау ауылдық округіне қарасты Теріс ауылының тұрғындары аты мен заты аңызға айналған көне қала жұртының орнына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу және киелі орынды аяқасты етпеу туралы тұрақты түрде мәселе көтеріп, зерттеуді талап етумен болды. Тұрғындардың өтінішін орындау үшін тарихты ақтаруға, тарихшылар мен археологтармен кеңесуге тура келді.

Терістіктер айтып отырған жерде Х-ХІІ ғасырларда Баркуаб (Теріс-аккан) деген қала болғаны жөнінде деректер ортағасырлық тарихшылардың еңбектерінде бар екен. Осы жерден табылған тарихи жәдігерлер арасында біздің дәуірімізге дейінгі ІІ және І ғасырларға тиесілі жәдігерлердің табылуы тарихшылар мен археологтарды таңғалдырды. Көне қала жұртының алып жатқан жері мен шаһристанның биіктігі бұл қаланың астында тағы бір мекеннің болғанына жетелейді. Яғни, бұл қала жұртының астында біздің дәуірімізге дейінгі ІІ және І ғасырларда өмір сүрген өзге атаумен аталатын қала жұрты болуы мүмкін деген болжам күннен-күнге ақиқатқа айналуда. Қала аумағы 3 шақырымға дейін созылып жатыр. Тағы да тарихты парактадық. Бір емес, бірнеше деректерді салыстырдық.

Алғашқы болжам – бұл жерде сол ғасырларда Қаңлы мемлекетінің жазғы ордасы болған Битян (Бүден) қаласы болуы да ғажап емес. Өйткені тарихшылар Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан 2000 жылдық тарихы бар Тараз шаһарының бастауын Қаңлы мемлекетінің нұсқауымен және тікелей қолдауымен ғұн билеушісі Тезек Тәңірқұтының (Тарихшылар мен өлкетанушылар қытай жылнама-шежірелерінде «Чжи Чжи» деп атайтын тулғаны әртүрлі атайды. Мәселен, Марғұлан «Шижы» десе, біразы «Шөже», енді бірі «Тезек Тәңірқұты» дейді. Бір тоқтамға келіп, ғұн ханзадасының атын бірдей атау керек. Авт.) салғаны белгілі. Тезек Тәңірқұты бүгінгі Тараз қаласының негізін салушы болса, оны Талас өзенінің бойында қуатты бекініс-қала салғызған, негізгі қолдаушысы әрі одақтасы болған Қаңлы мемлекетінің астанасы – Битян қаласының орны әлі күнге нақты анықталмай отыр.

Дәлірек айтсақ, б.д.д ІІ-І ғасырларда Тараз маңында қаңлы билеушілерінің Битян (Бүден, Бетен) қаласы болғандығы туралы осыдан 2151 жыл бұрын осы өңірде болған қытай императоры Дидің арнайы тапсырмасымен келген Чжан Цзян өз естелігінде жазып қалдырған дерегі бар. Битян қаңлылардың билеушісі әрі қас батыры болыпты. Сол заманда, одан кейін де қала, тіпті мемлекет билеушінің атымен аталып кетуі таңсық емес. Битян қаласы да батыр билеушінің атымен аталған.

Сол кездердегі мемлекеттердің астанасы, билеушісінің қыстық, жаздық ордасы мен хан сарайлары болуы міндетті болған. Осындай

ғарғы ағысы бойында болған секілді. Ол төңірек шөл дала емес, құнарлы өлке екендігі айтылады» деген сөзі қуаттай түседі.

Бүден хан туралы дерек қытай қолбасшылары Чын Таң және Гән Яншоумен бірге Тезек төрені тақтан тайдыру үшін Таразға жасаған жорық кезінде келтіріледі. Бұл оқиғаны «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (Б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары)». «Ханнаманың», 70-бумасындағы тарихи құжатта:

Тәңіртауы, солтүстігінің де таулы, шатқалды болып келуі, көсіліп, Билікөлдін жатуы Мыңбұлаққа көп әскердің бірден шабуыл жасауына жол бермейтін. Оған орыс археологы, тарихшы ғалымы Л.Боровкованың «Взамморасположение царств по Хань шу» атты б.д.д ІІ және І ғасырларды қамтитын еңбегі дәлел. Бүгінгі Тараз қаласына апарар жолдар да сол кездегі Ұлы Жібек жолы салған сүрлеумен жалғасып жатыр деп айтуға болады.

Жоғарыдағы картаға қарайтын болсақ, онда Қаңлы мемлекетімен шектескен мемлекеттер мен олардың астаналары көрсетілген. Үйсін мемлекетінің астанасы – Чигу, Қаңлы мемлекетінің астанасы – Битян, сондай-ақ Сюнну мен Давань мемлекеттерінің де астаналары картада көрсетілген. Жапон ғалымы Мацуда Юебанның: «Қаңлы мемлекеті Чу (немесе Суяб) аңғарынан Таласқа (Тараз), тіпті қырғыз (казак) далаларына дейін жайылып кетеді» дегенді айтқан. Осы деректерге сүйене отырып, Битян аймағы Жуалы өңірі болуы ықтимал. Өйткені Мацуда Юебань да «ол төңірек шөл дала емес, құнарлы өлке» деп отырған жок па?! Ендеше, Талас маңында орналасқан Жуалыдан өзге жазы салқын, жері құнарлы, таудан шымырлап шығар мың-сан бастау көзі көп қай жер болуы мүмкін? Жалпы, Жуалы өңірінің бір өзінде ғана бүгінде мемлекеттік тіркеуге алынып, қорыққа айналдырылған 400-ден астам оба, 17 обалы қорым және жиырмаға жуық қорым бар. Одан бөлек жиырмадан астам көне мәдени, тарихи ескерткіштер, мазарлар мен қалашықтардың орындары сайрап жатыр. Ұлы Жібек жолы бойындағы Күйік асуы – хан ордасы болуға ыңғайлы жер. Мүмкін, біз айтып отырған Битян қаласы қазіргі Теріс ауылының астында жатқан көне қала орны болар? Ғасырлардың өткеніне қарамастан, бұл қаланың ертеректе жай қала болмағанын оның қорғаныс жүйесінен, тартылған су құбырларынан, қазірдің өзінде биіктігі 16 метр болатын шаһристанынан байқауға болады. Теріс ауылындағы қала орнынан табылған заттар біздің дәуірімізге дейінгі ІІ-І және біздің заманымыздың І-ІІ ғасырларына тән екенін археологтар айтып отыр. Олай болса, Теріс ауылы маңындағы көне қаланың орнында біздің заманымызға дейінгі ІІ және І ғасырларда өмір сүрген қала жұртының, жоғарыдағы картада көрсетілген Битян қаласы болуы ғажап емес!

Жалпы, қазақ тарихына қатысты көп дерек қытайдың «26 тарих» деп аталатын жылнама-жинағында келтірілген. Қытай тарихында жазу пайда болғаннан бері мыңдаған жыл бойы дерек, шежіре, тарих, жылнама, естелік жазу дәстүрі сақталып келеді. Соның ішінде қазақ халқының этникалық тектері және олардың тарихы, мәдениеті жөніндегі жазба деректер осы жылнама-жинақта баршылық. Қазақстан тарихынан ертеректе Ресейде және Қазақстанда жазылып, жарық көрген еңбектерде сонау сак, ғұн, қаңлы, үйсін, алан, түрік, қыпшақ, тағы да басқа ұлыстардың атымен аталатын мемлекеттер туралы жазба деректер осы жылнаманың Н.Бичурин аудармасынан алынғанын еске саламын.

Осы ретте біз 2006 жылы «Өнер» баспасынан басылып шыққан «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (Б.з.б. 177-б.з. 222 жылдары)» атты кітабын негізге алып отырмыз. Бұл кітапты Қытай Халық Республикасы ШҰАР қоғамдық ғылымдар академиясының арнайы ғылыми жұмыс тобы, қытайда тұратын қазақ тарихшылары қытай тілінен аудару арқылы дайындаған.

Жалпы, Теріс өзенінің алабы ежелден-ақ Мыңбұлақ аталған екен. Бұл жердің толық сипаттамасын алғаш шамамен 630 жылы осы аймақта болған қытай жиһангері,

манак Сюань-Цзян осы жерде түрік қағанатының қағаны Ышбара ханмен кездескен. Мыңбұлақ туралы араб жиһангері Убейдаллах ибн Абдуллах ибн Хордабек (846 ж) және Кудамма ибн Жафар («Х ғасырдың басында» өздерінің қолжазбаларында, «Абарджадж (тарихи деректерде Жуалы жерінде осындай да орта ғасырлық қала болған. Авт.) үлкен төбе, оның айналасынан мыңдаған бұлақтар ағып шығады, олар қосылып бір өзен құрайды. Өзен шығысқа қарай ағады, сондықтан оның аты Баркуаб, аудармасы «көрі бағыттағы ағатын өзен» дегенді білдіреді» деп сипаттаған. Жамбыл облысының энциклопедиясында: «Ышбара хан (Халлығ, Хэлу 651-669 ж.ж) Батыс Түрік қағанатының оныншы және соңғы ханы, Істеми ханның ұрпағы делінген. Оның шын есімі белгісіз. Батыс Түрік қағанатының саяси тарихында 640-жылдардан бастап көріне бастайды, Мыңбұлақ деген жерде өзіне арнап бекіністі қала салдырғанды» деп жазылған.


Ханнаманың 96-бумасындағы құжаттың 156-бетінде қаңлыларға мынадай сипаттама берген қытай тарихшылары: «Үйсінмен әлдеқашан құдаласып болдық, қазір ол ғұндармен бірге бағыныштылық бәдіріп отыр. Қаңлыға келсек, олар текпаппар әрі айдалы. Хань (Қытай) әулетінің елшілерін күні бүгінге дейін құрметтеген жок. Қытай ұлықтары Қаңлы елінде болған кезде, біздің елшілерді Үйсін елшілерінен төмен отырғызған, өз ханы менигі жақсылары тамақтанып болған соң, тұтық бегі жіберген елшілерімізді тамаққа шақырған...». Осыған қарағанда Қаңлы мемлекеті сол кезде Хань (Қытай) еліне бағынбағанын, терезесі тең екенін, көршісі Үйсін мемлекетімен одақта, сыйластықта болғанын аңғарамыз. Жалпы, орайы келгенде айта кетейік, ғұн, үйсін және қаңлы – туыс халықтар. Олар көп жылдар бойы одақта болған. Сыртқы жаулар үшеуінің арасына от тастап, үнемі жауластырмақ ниетте болған.

Бұл деректер ақиқат болуы әбден мүмкін. Хандардың жазғы ордасы жазы жайлы, табиғаты көркем, бұлағы мол Жуалы болғаны ақиқат. Мұндай жерде астана болмауы мүмкін емес. Оны тарихшылар зерттеп, зерделеп, жоғарыдағы келтірілген деректерді ажыратып, тарқатар деген үміттеміз.

Қазір осы бағытта әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің геоархеологиялық зертханасының ғалымдарының жұмысымен нақты жұмыстар жүргізілуде. Жуалыны қажырып жатқан Теріс өзенінің оң жақ жағалауында жатқан жоғарыда біз сөз еткен қалашықтың орнына 10 барлау (шурп) қазба жұмысы жүргізілді. Сонымен бірге, 5х6 метр көлемде жер қазылды. Қаланың шаруашылық және мәдени қабаты 3-4 метрге дейін қалыптасқаны анықталды. Көптеген тарихи жәдігерлер шықты. Бояулы, бояусыз саз балшықтан жасалынған ыдыстармен бірге, тастан, сүйектен жасалынған әртүрлі әшекей заттар табылды. Олар камералық өңдеуден өткізіліп, мәдени қабаттардан алынған күлді топырақ ҚазМУ-дың зертханасына жіберілді. Олар топырақты Жапонияның Нара ғылыми-зерттеу институтына жөнелтті. Қазылған жерден ошақтың орны, қалаға тартылған су құбыры табылып, тағы да басқа тарихи жәдігерлер алынды. Қазылатын жердің үсті алды ала жабылғандығы жұмыстың тиімділігін жақсартумен бірге, тарихи ескерткішті сақтауға мүмкіншілік жасады. Алдағы уақытта бұл орында аспан астындағы ашық мұражай жасау жоспарда бар. Бұл өз кезегінде туған жердің тарихымен тереңірек танысуға, туристер тартуға үлкен мүмкіндік болмақ.

Бахтияр КӨПБОСЫНОВ, Мақұлбек РЫСДӘУЛЕТ

ЖУАЛЫ – ХАНДАР ОРДАСЫ



Суреттегі картада Битян қаласының орналасқан жері көрсетілген

астана, мәдени орталық, қыстық, жаздық ордалар біздің өлкемізде де аз болмағаны белгілі. «Логатнок – қаңлының қысқы ордасы және қонысы. Орны Сыр бойында. «26 тарих» сөздігінде Логатнокті Шыршық өзенінің аңғарында деп көрсеткен. Бүден қаласы – Қаңлы мемлекетінің жазғы астанасы. Орны шамамен қазіргі Ташкент немесе Шымкент маңында. «Шынжян жергілікті тарихында» Қаңлы мемлекетінің ханының жазғы қонысы Балқаш көлі мен Арал теңізінің аралығында болған. Қытайдың тағы бір жылнамалық «Ханнама» кітабында: «Қаңлы ханының қысқы ордасы Льюениди» (Логатнок, Сыр бойында, Шыршық өзенінің аңғары). Жазда Битян қаласына көшеді. Битян – Чаң-аннен (Қытай астанасы) 12 мың 300 ли шалғай жер. Битяннан Льюениди салт аттыға жеті күншілік жол. Чаң-аннен қаңлы ханының жайлауы Паннотка (Панни) 9 мың 104 ли. Шығысы духу тұрған жерге 5 мың 550 ли» делінген. Яғни, осы деректерді саралай келе, Қаңлы мемлекетінің қысқы ордасы қазіргі Өзбекстанның Шыршық қаласы маңында, жазғы ордасы Жуалыда болған деп топшылауымызға болады. Жоғарыда келтірілген деректе «Битяннан Льюениди салт аттыға жеті күншілік жол» дейді. Осы дерекке сүйенсек, Теріс ауылы мен Шыршықтың арасы – 261 шақырым. Шыршықтан салт атпен шыққан жолаушы күніне 40 шақырым жүретін болса, ол жеті күнде Теріске жетеді екен. Яғни, бүгінгі күні сұлбосі айқындалып жатқан Теріс ауылындағы көне шаһар қаңлылардың жазғы ордасы Битян қаласының орны болуы ақиқатқа жақын. Мұны «Ханнама» кітабына сүйенген Әбіш Кекілбаевтың: «Самарқан патшалығы (Қаңлы, Канга, Қанжуй, Қангөй, т.б.) астанасы Зарафшан ойпатында, ал жазғы ордасы солтүстіктегі Әулие ата маңында болғансыңайлы. Тезек Тәңірқұтының бекінісі сол қаңлылардың жазғы ордасы маңайындағы Таластың жо-

«Чын Таң мен Яншоу қосындары бірнеше бағытқа бөліп, сол күні-ақ жорыққа аттанды. Олар алты лекке бөлінді. Мұның үш легі оңтүстік жолмен Көгарттан асып, түп-тура Дау-уанға қарай шеру тартты. Қалған үш легін басқақтың өзі бастап, Уынсұтан (477) шығып, солтүстікті бетке ала Чекүкке жетті де, Үйсін елін басып өтіп, Қаңлы шекарасына кіріп, Дянчының (Ыстықкөлдін) батысындағы өңірлерге барды. Бұл кезде Қаңлының кіші ханы Бүден бірнеше мың қолмен Чекүк қаласының шығыс жағынан тиісіп, ұлы күнбидің мыңнан аса адамын талауға салып, қырып-жойып, қыруар малдарын айдап әкеткен еді. Ол Хань қосындарының соңына түсіп, қуа соғысты. Қосынның арт жағында келе жатқан қыруар соғыс жарактары тонады. Чын Таң оларға қарсы жорыққа ғұлдардың жасактарын жіберіп, 460 адамын өлтірді, олардың қолына түскен 470 адамы арашалап алып, ұлы күнбидің қолына табыс етті. Олжаға түскен жылқы, сиыр, қой түліктерін шеріктердің азық-түлігіне алып қалды. Сонымен бірге, Бүденнің ақсүйегі Енадүкті тұтқындады.

Қаңлы мемлекетінің шығыс жағынан жеріне ілінгеннен кейін, Чын Таң қосындарына талан-тараждамау туралы жарлық түсірді. Қаңлы дегдары Дамікті құпия шақырып алып, оған Хань әулетінің айбары мен сенімін аңғартты да, арнайы дастарқан үстінде онымен одақ жасасып, қайтарып жіберді» делінген. «Ханнамада» келтірілген деректерге қарағанда, Тезек Тәңірқұты аталмыш өңірде бар болғаны алты немесе жеті-ақ жыл салтанат құрған тәрізді.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Битян Қаңлы мемлекетінің жазғы ордасы әрі астанасы болғанын айғақтайтын басқа да дәлелдер бар. Алдымен, мемлекет астанасы болуға жер жағдайы ыңғайлы. Сыртқы жаудан қорғануға шығысында – Күйік, батысында Шақпақ асулары, оңтүстігіндегі ақ басты

Белгілі бір тақырыпты негізге ала отырып, циклді әңгімелер жазу – төл әдебиетімізде бұрыннан бар дәстүр. Жазушы Әлібек Асқаров осы дәстүрді әдемі жалғастырып, «Әйел парасаты» атты топтамамен бірнеше әңгіме жазған екен. Біз сөз еткелі отырған «Қалжан мен Ләзиза» повесі осы «Әйел парасаты» топтамасымен бұдан бірер жыл бұрын жеке кітап болып жарық көріпті. Жазушының өзі бұл топтамасын: «осы шығармалардың бәрі де әйел затының кемел ақылын, биік парасатын меңзеу, ер адамның қолынан келмес ерлік әрекетіне, ерлік қарекетіне тағзым етуге тұспалдау. «Менмін» деп көкірек кереген әрбір тұлғалы еркектің артында ұлылығы сол еркектен кем түспейтін әйел тұрғанын астарлау» деп түсіндіреді.

Бірден айтуымыз керек, автордың барлық шығармаларында көптен қалыптасқан әсем әуенді, өзіндік мөлдір стилі бар. Қысқа сөйлеп, мол мазмұнды береді. Көбінесе істің, қарекеттің өзінен гөрі, оның нәтижесін, нақтылығын айтуға ұмтылып, сөзуарлыққа салынбайды. Жазушының тағы бір ерекшелігі – шығармаларына арқау етіп өмірде болған жәйттерді алуы. Осылайша, ол өз туындысына деректік сипат дарытып отырады. Бірақ ол тәсілі шығарманың көркемдігіне нұқсан келтірмейді. Сөз боп отырған «Әйел парасатындағы» туындылар өмірде тіршілік еткен адамдар мен олардың басынан өткен оқиғалар негізінде жазылған. «Қалжан мен Ләзиза» повесі де – сондай шығарманың бірі.

Бұл повестің құрылымы ерекше, баяндалуы қызықты, мазмұны алабөтен. Мұнда көбінесе классикалық романда болатын пролог пен эпилог бар, оқиғалар бірінші жақтан, «мен» арқылы баяндалады. Тарихи кезеңдердің соқталы тұстарын мінездейтін уақиғалар шебер киюластырылған. Шығарма 1931 жылмен 1957 жыл аралығында болған алуан-түрлі жағдайларды қамтиды. Сол замандағы Кеңес Одағында, Қазақстанда орын алған небір қанқұйлы да заһарлы жәйттерді Алтай аясында жатқан қазақ ауылдарының, ондағы адамдардың қиын тағдырын суреттеу арқылы үлкен көркем панорама жасаған. Повесть сюжетінің өрілуінің өзі қызық. Автор бірден оқиғаларды баяндауға кіріспейді. Прологтің өзінде әңгіме кімдер туралы болатынын хабардар етіп, негізгі екі кейіпкерді суреттеп, оқырманға таныстырады.

«Бағьыда, – деп бастайды автор, – Ләзиза деген апай болды... Бір қызығы, осы Ләзизаның бет пішіні ауылдың қарала-торала келіншектерінен бөлектеніп тұрушы еді. Өні атқан таңдай ағарыңқы, көздері тұздай көкпенбекті. Шыт орамалмен байлап алған шашы да алтындай сап-сары болып, орамалының астынан күлтеленіп көрініп тұратын. Жасы келген әйел болса да ол кісінің әдемілігін бала-шаға біздер де әлдебір түйсікпен сезетіміз».

Бұл – жасы елулердегі Ләзизаның автордың бозбала көзімен қарағандағы келбеті. Ал енді, он екіде бір гүлі ашылмаған бойжеткен ноғай қызы Лиза (кейін Ләзиза) өзіне ынтық боп қалған жас уәкіл жігіт Қалжанның көзімен мынадай болып көрініпті: «Лиза қыз, расында да көрген жанның көзі тойғандай көркем екен. Аспан түстес аласыз бадырақ көз, аппақ қардай алма бет, үлбіреген қаймақ ерін, күлтеленген жібектей сарғылт шаш. Денесі тығыршықтай, кеудесіндегі қос анары тырсынып, кимыл етсе көңілді қытықтап, толқып қоятынын қайтерсің! Мінезі де кісі бетіне қарап көрмеген ізетті, жібектей ме дедім». Ендеше, ондай қыздың (кейін әйелдің) күйеуі қандай болмақ керек? Осыны ойлап үлгергенше оқырманға

ДҮРМЕКТІ ДӘУІРДІҢ АЩЫ ШЫНДЫҒЫ

Жазушы Әлібек Асқаровтың
«Қалжан мен Ләзиза» повесі туралы



автор сол адамды таныстырады: «Ләзиза апайдың Қалжан деген қылаң мұртты, қылау шашты, сүзектен тұрғандай көтерем күйеуі бар-ды. Көтерем болғасын ба, бізге ол кісі бүгін-ертең өліп қалатындай дәрменсіз, әлжуаз жандай көрінетін. «Сүйегіне сүйенген мынадай ынжыққа Ләзиза сұлу қалайша тиіп жүр?» деп қайран қалушы едік... Қалжан ағамыз көп сөйлемейтін, балаға да, басқаға да тіктеп қарап көрмеген тома-тұйық кісі-тін. Не сұрасаң да «шүкіршілік» деп, қабағын төмен салып үнсіз отыра береді. Біз сонысына қарап Қалжан ағайды үстінен үйірлі жылқы өтсе де мыңк етпес момын, қолынан қой жығу келмес жуас деп ойлайтынбыз. Бірақ...» – дейді автор.

Иә, бірақ... Қалжанның үнсіздігі, кісі бетіне тіктеп қарамайтыны, «шүкіршілік» деп қана монтыып отыратыны неліктен? Мәселе, сонда! Бұған дейін, яғни автордың бозбала шағына дейінгі уақытта оның көрген тауқыметі, тартқан азабы қаншама десенізі?! НКВД-ның азап камерасы, Печора түрмесі, соғыста штрафбатта болуы, жау қолына тұтқынға түсуі, концлагерде қамалуы, кейін жердің қиыр шеті Магаданға айдалып, тайгадағы алтын шахтасында тоң қазуы – жиналып келгенде 21 жыл бойы азап шегіп, қорлық көруі – адамды қалай жуасытпасын, қалай жасытпасын?!

Қалжанның бозбала шағы мен үйленуі жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарына тап келеді. Қазақ байларын тәркілеу, жер аудару, таптық күрестің үдеуі, халықтың жапа-тармағай Қытайға көшуі, ашаршылықтың жайлауы – осының бәрі ел арасында дүрбелең туғызып, адамдардың ешкімге сенбей, бір-біріне күдікпен қарап, бірін-бірі дұшпан санап, қорқып өмір сүрген уақыты. Қалжанның аздаған сауаты бар, сондықтан әжептәуір қызметтерді атқарып жүреді. Колхоздастыру басталып, ауыл-ауылға уәкілдер барып жатады. Аудан қызметкері Қалжан да алыстағы Кержабағы дейтін ауылға уәкіл ретінде аттанады. Жолай Сүйін дейтін омар-

ташы ноғай шалдың үйіне қонады. «Сүйіннің үйінде ет те, нан да жоқ екен. Тандырға піскен бір шөгекке картопты ортаға алып, пысылдап аршып, жүрек жалғап, жан шақырдық» дейді Қалжан. Осыдан-ақ жазушы сол шақтағы жоқшылықтың белгісін айқын аңғартады. Сүйін шалдың сұлу қызы Ләзизамен осы арада танысады.

Қалжан үшін тәп-тәуір басталған өмірдің бір-ақ күнде тас-талқаны шығады. Кержабағыда колхоз бастығы болып жүрген оны НКВД-ның үштігі түнделетіп келеді де, алдарына салып айдап алып кетеді. «Бұлар қателік болды, бәрін түсіндірген соң, бірер күнде қайтып келем» деп жас келіншегін жұбатқан ол, сол кеткеннен мол кетеді. Алдымен ауданды, содан кейін конвоймен қалаға жөнелтеді. Сондағы тергеу процестері мен әдістерін Қалжан былайша есіне алады: «Жендеттер ауыздан ұрып, тісімді сындырды, мойнымды қайырып, қайыспен есім ауғанша қылқындырады. Бөшкедегі суға басымды тығып, тұншықтырады, ... тарамыстан қыл бұрау салып, башпайды бұрғанда көз алдымда жасын оты жарқылдап кетеді. Еркектің ең осал, нәзік жерін қышқашпен қысқан кезде – шыбын жаның көзіне көрінеді екен. Орындыққа жалаңаш отырғызып қойып, керзі етіктің табанымен ғауратынды мығмылағанда өмірден түніліп, сол арада кейде өле қалғын келеді, азаптан құтқаршы деп Құдайға жалбарынасың» – дейді Қалжан. Содан, 58-баппен 20 жылға сотталады да, этаппен көгенделіп

солтүстіктегі Печораның суық орманынан бір-ақ шығады. Онда 4 жыл ағаш кеседі. Печора түрмесінде әртүрлі ұлттың өкілдері, алуан мамандық иелері, профессорлар мен академиктер, бұрынғы революционерлер мен партия қайраткерлері, солармен бірге неше түрлі баскесер бандиттер, ұры-қарылар да болады. Ұры-қарылар (уркалар) өздерін қожайынмын деп санап, еркін жүреді, басқаларды «Отанын сатқандар, халық жауы» деп ылғи да күш көрсетіп, қокан-лоқы жасаумен болады, маза бермейді.

Сөйтіп жүргенде, 1942 жылдың жазында түрмедегі 45 жасқа дейінгі «зектерден» штрафбат жасақталады. Батальон құрамында Қалжан да майданға кете барады. Штрафбаттағыларға мылтық түгілі, пышақ та бермеген соң, әрине, нәтиже белгілі – алғашқы шабуылда-ақ батальон қойдай қырылып, тірі қалғандары тұтқынға түседі.

Аласыл туған Ләзиза өйтпеген, хабар-ошарсыз кеткен күйеуін күтумен күн кешкен. Оған көз тастап, сөз салған жігіттер де көп болған. Мәселен, Матан деген соғыстан жараланып қайтқан бойдақ жігіт ғашық болып, көңілін білдірген. Сұлтанбек деген жұпар кіндік сері жігіт Ләзизаның соңынан қалмай, тіпті әйелін тастамақта болған. Ләзиза солардың еш-біріне ыңғай бермейді, жарына адалдығын сақтап, үмітін өшірмей, сарғая күтумен болады. Ақыры ол дегеніне жетеді...

Мінеки, повестегі қиямет-қайымнан өткен бір ғана отбасының тағдыры жиырмасыншы ғасырдағы қазақ ұлтының тарихын жария етіп тұр. Бір отбасы емес, мындаған отбасы басынан кешірді мұндай жағдайды...

Менің де бір нағашым тұтқынға түсіп, партизанда болып, одан Кеңес Одағына қайтіп келіп еді, соттап Сібірге айдап жіберді. Ол жақта нағашым шахтада жұмыс жасапты. Тура Қалжанның тағдырына ұқсас. Бүгінгі жастар «Ләзиза күйеуін 21 жыл күтті» дегенге сенімсіздік танытып, бастарын шайқағандарын да көрдім. Ал шындығында ондай оқиғалар болған. Бірлі-жарым емес, көп болған. Солардың біріне мен өзім де куәмін... Менің шешем күйеуі соғыста қаза болып, бар-жоғы жиырма үш жасында жесір қалған болатын. Қайта тұрмыс құрған жоқ. Бауырындағы екі баласын, ата-енесін күтіп, ер адамша еңбек етті, бізді асырап тәртіптеді. Олай болса, Әлібектің шығармаларындағы әйелдің парасаты, мейірімділігі, адамгершілігі – ойдан шығарылған қиял емес, өмірден алынған, шындыққа негізделген қазақ қасиет. Осы шындық әдемі өрілген сюжеттер мен кесек бейнелерге негіз болып, көркем шындыққа айналғанын тағы да атап өтемін. Бұл шығармаларда жазушының өзіндік мәнері, стильдік ерекшеліктері, тілінің байлығы, көркемдік жаңалықтары айқын сезіледі. Осы уақытқа дейін қазақ әдебиетінде тергеушілер мен лагерь жендеттерінің әдіс-тәсілдері туралы мұндайлық ащы да ашық, кер тәрде айтылған емес. Жазықсыз репрессияға ұшырап, сотталып, итжеккенге айдалған азаматтар, ақын-жазушылар, ғалымдар мен өнер қайраткерлері – қорқып қалғандары соншалық, тергеу кезіндегі қиналыстарын, лагерьде көрген михнаттарын, ағаш кесіп, тас қашаған азаптарын еске алғысы келмейтін. Ол туралы жазу түгілі, ауызекі әңгіме түрінде айтудан да қашатын. Әлібектің бас кейіпкері Қалжан да – сондай адам. Тек тау қойнауында үшеу ғанасы жылқы бағып жатқан соң, қыстың ұзақ кешінде ерігіп, құрдасы Қамбаш тықактап сұрай берген соң ғана сыздықтап айтып отыр. Әйтпесе, Қалжанның қандай адам екенін ауылдастары тани бермейді. Әр адам бір жұмбақ, жан сырына үңілсең – әр адам жеке бір әлем деген – осы!

Біз Әлібек Асқаровтың көп шығармасының біреуін ғана мысал ретінде талдап, жазушының келбетін ашуға тырыстық. Содан түйгеніміз, Әлібек – бүгінгі таңдағы төл әдебиетіміздің шеберлік сырын толық меңгерген, ойлы да сырлы суреткері. Бұл мақаламызбен талантты, ізденгіш жазушы інімізге алдағы уақытта да осы сияқты талғамы биік, қызықты, әсем туындыларымен бізді қуанта беруіне тілектестігімізді жеткізбекпіз.

Халықтың рухани қазынасы саналатын, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енген көне Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бүгінгі тыныс-тіршілігін білу үшін музей директоры Нұрболат Ахметжановты әңгімеге тартқанбыз.



МУЗЕЙДІ

3D-ТУР

АРҚЫЛЫ ТАМАШАЛАУҒА БОЛАДЫ

— «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі — еліміздегі басты мәдениет ұйымдарының бірі екені даусыз. Өзіңіз басқарып отырған қорық-музей Елбасы Жолдауында көрсетілген басты міндеттерді жүзеге асыруда нендей тірліктерді қолға алды?

— Қазақ халқының ғасырдан ғасырға жетіп келе жатқан құнды ескерткіштері мен тарихи мұрағаттары — тек қазақ ұлтының ғана емес, әлем мәдениетіне үлес қосышы жәдігерлер. Соның дәлелі болса керек, қазақ халқының іргелі тарихи ескерткіштері халықаралық деңгейде танылып келеді. Мәселен, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Тамғалы петроглифтері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген. Бұл — Қазақстан мен Орталық Азия аймағы үшін ғана емес, бүкіл әлем қауымдастығы үшін маңызы зор мәдени-тарихи нысан екендігінің бірден-бір айғағы.

Мемлекет басшысының биылғы «Төртінші өндірістік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы — бұған дейінгі жарияланған Жолдаулармен мақсаты бір, идеясы терең, сабақтастық қағидаттарын ұстанған өзекті құжат. Осы орайда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруға өзіндік үлесін қосуда. Мәселен, Жолдауда айтылған 10 бағыттың бірінде сөз болған жаңа технологияларды жұмыс барысында енгізуге сай біз мынандай шараларды жүзеге асырдық. Біріншіден, музей аумағында орналасқан барлық ескерткіштерге штрих-кодтар қойылды. Келуші туристер осы штрих-код арқылы ескерткіш туралы мағлұматтармен үш тілде таныса алады. Демек, мұнда аяқ басушылар Қожа Ахмет Яссауи кесенесімен бірге, Рәбия Сұлтан бегім, Есім хан, Гауһар ана, «Ұқаша ата» мазарын, Қылуат жерасты мешітімен, шығыс моншасымен және көне Сауран қалашығының тарихымен етене танысады. Одан

сон, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі құрамына кіретін ескерткіштер бойынша 3D-тур виртуалды жобасы әзірленіп, іске қосылғанын да айта кеткен жөн. Яғни, әлемнің төрт бұрышында отырып, ғаламтор арқылы қорық-музей сайтынан 3D-тур арқылы қорық-музей ескерткіштері туралы толықтай ақпарат алуға, музей ішін аралап көруге мүмкіндік бар. Үшіншіден, қорық-музейге жерленген хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер тізімінің электронды нұсқасы әзірленді. Оған ақпараттық киоск орнату арқылы қол жеткізіліп отыр. Бұған дейін аталған тізім жай ғана тақтайшаға жазылып келген. Қандай да бір қате кеткен жағдайда тізімді басынан бастап, толықтай қайта жазу қажет еді. Бұл біршама қиындықтар туғызатын. Енді азаматтардың осы тізімге, сондай-ақ жерленген тұлғаларға қатысты қандай да бір ұсынысы болып жатса, оны компьютер арқылы түзеу оңайға түсіп отыр. Сондай-ақ осы ақпараттық киоскіге жерленген игі-жақсылардың қысқаша өмірбаяны, олардың тарихтағы алған орны, басқа да тиісті ақпарат енгізілді. Сонымен қатар келушілерді қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің кеңсе ғимаратының қабырғасына және билет сататын кассаға «жүгіртпе жол» орнатылды. Қазіргі таңда «жүгіртпе жол» арқылы қорық-музейдің жұмыс істеу кестесі, өткізілетін іс-шаралар туралы ақпарат келушілер назарына ұсынылып отыр.

— **Оңтүстік Қазақстан облысының туризм саласын дамытуда көне Түркістан қаласының қосар үлесі мол. Жалпы, өткен жылы кесенеге қанша турист келді? Туристерді тарту бағытында қандай шаралар**

қолға алынып жатыр? Биылғы жылға жоспар қандай? Сондай-ақ бір жылдары кесенеге кіру тегін болған еді. Бұл жөніне де тоқталып өтсеңіз...

— Былтыр біздің музейге келушілер саны 1 млн 100 мыңға жуықтады. Оның 350 721-і ақилы негізде қонақ ретінде келсе, 18 345 шетелдік турист тартылған. Ал 109 179 адам көрме сынды іс-шаралардың қатысушысы болған. Қорық-музейінен бөлек, Ұқаша ата кесенесіне келушілердің де қатары 221 268-ді құрады. Гауһар анаға — 204 298, Сауран қалашығына — 115 879 зиярат еткен. Айта кетейік, 2016 жылмен салыстырғанда қорық-музейге келушілердің саны 7 пайызға өскен. Мекемеде туристерді тарту үшін түрлі іс-жоспарлар кестесі түзілген. Бүгінгі таңда Сауран қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Осы мәдени нысанды туристік айналымға қосу үшін келушілерге қызмет көрсететін орталық ашпақпыз. Орталық этноауыл стилінде құрылып, онда музей мамандары мен экскурсоводтар отыратын, қазақтың қол өнер бұйымдарын, ұлттық тағамдарын көрсететін киіз үйлер тұрғызылады.

Иә, кезінде еліміздегі музейлерге кіру тегін болған. Алайда соңғы жылдары Үкімет тарапынан тиісті шешімдер қабылданып, музейлерге кіру ақылы түрде жүзеге асатын болды. Бұл жерде бір нәрсені еске сала кеткен жөн. Яғни, оқушыларға қаникул кездерінде және барлық келушілерге әр айдың үшінші жексенбісінде музейге кіру тегін деп бекітілді. Музейлер өзінің материалдық-техникалық базасын нығайтуы, коммуналды және басқа да шығындарын өтеуі үшін ақылы қызмет көрсету арқылы қаржы табуы тиіс. Бұл әлемдегі экономикалық дағдарыс жағдайында мемлекеттік бюджетке қосымша салмақ түсірмеу, сонымен қатар музейлерді

өз қаражаты есебінен күнелтуге дағдыландыру мақсатында жасалып отырған экономикалық амал деп түсінуіміз керек. Шетел музейлерінің барлығы дерлік өз қаражаты есебінен күнелтіп отырғандығы баршамызға мәлім. Біз де осы тұрғыда жұмыс жасауға тиіспіз.

— **Шыны керек, соңғы кездері әлеуметтік желілерде Құлтөбе қалашығы құрып, ескіріп бара жатыр деген мағынада жазбалар жиі жарияланып жүр. Осының нақты жауабын айтып берсеңіз...**

— Құлтөбе қалашығы (I мың жылдың ортасы — XIV ғ.) — «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» ескерткіштер тізіміндегі республикалық маңызы бар ескерткіш және Қазақстандағы көне қала орны. Қалашық Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен оңтүстікке қарай 350 метр жерде орналасқан, биіктігі — 9 метр, аумағы — 150x120 метр аukumды төбешік.

Құлтөбе қалашығының цитаделінде жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмысы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2010 жылдан бері Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының бақылауында және сол институттың Е.Смағұлов, А.Ержігітова сынды білікті мамандарының күшімен іске асырылуда.

Осы жылдар ішінде I-III ғасырларда салынған төрт жапырақты гүлге ұқсас сирек кездесетін ғибадатхана қосалқы құрылысымен, дәліздерімен, ауласымен және оңтүстік бетін қоршаған қорған қамалымен аршылды.

Өткен жылы Мәдениет және спорт министрлігі металло-конструкция үстін қайта жабуға шешім қабылдады. Қазіргі күні сәулетшілер тобы оның жобасын дайындауда. Осы екі аралықта қазбадан табылған және табылып жатқан біздің заманымыздың I-III, IV-VI және VII-IX ғасырларына жататын құрылыстар жауын-шашын әсерінен езіліп кетпес үшін үстін уақытша арнайы поливинилхлоридтен резина араластырылып жасалған көп қабатты жабын материалымен және соңғы қазба жұмыстары барысында қалашықтың оңтүстік-шығыс бөлігінен аршылған ортағасырлық қала құрылыс орындарын да уақытша профнастильмен жауып қоюға шешім қабылданды.

Бұл — біреулердің «баннермен жауып тастаған» деп байбалам салып жүргендерімен мүлде бөлек дүние. Мұнымен тікелей «Қазқай-тажаңғырту» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының мамандары айналысты. Цитадельді толық аршып, реставрациялау, сондай-ақ консервациядан өткізу, төбесін ұзақ жылдарға шыдамды жабынмен жауып, туристер жүретін трап жолдар жүргізу арқылы ашық аспан астындағы музейге айналдыру — алдағы уақыттың басты міндеттерінің бірі.

— **Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген құнды ескерткіші екені белгілі. Енді төрткүл дүниеге аты мәлім рухани мекеменің бүгінгі тыныс-тіршілігіне тоқтала кетсеңіз...**

— Биыл Астананың 20 жылдығы. Сондай-ақ биыл Өзбекстанның Қазақстандағы жылы. Осы екі басты оқиғаларға сәйкес «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі биыл бірқатар маңызды мәдени іс-шараларды қолға алды. Осы орайда, бірқатар шаралар басталып та кетті. Атап айтсақ, осы жылдың қаңтар

айында қорық-музей кітапханасы музейге тарту акциясы аясында 300 кітаппен толықты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын талқылауға арналған ұжымдық жиын өтті. Сонымен қатар «Түркістанның ортағасырлық тарихы» тақырыбындағы лекция-көрме, Елордамыз Астана қаласының 20 жылдығына орай «Бірлігі жарасқан ел» тақырыбындағы лекция, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген «Туған жер» бағдарламасы аясында балабақша бұлдіршіндеріне, «Музей қорындағы құнды қолжазбалар», «Тарихы терең Түркістан» тақырыбындағы лекция-көрмелер, «Ырысы тасыған ыдыстар» тақырыбында көрме өткізілді. Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай «Қожа Ахмет Яссауидің 70 хикметі» кітабы латын әліпбиіне және орыс тіліне аударылып баспаға тапсырылды.

— **Өткен жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарық көрген болатын. Мақалада бірнеше жоба бойынша нақты тапсырмалар берілген. Осы мақаладағы жобаларды іске асыруға қорық-музейі нендей үлес қоспақ?**

— Баршаға мәлім, «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасы бойынша «Қасиетті Қазақстан» орталығымен 100 киелі жердің республикалық тізімі жасалынды. Бұл тізімге «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бірқатар нысаны енді. Олардың ішінде Қожа Ахмет Яссауи, Рәбия Сұлтан бегім, Есім хан кесенелері мен Қылуат жерасты мешіті, Құлтөбе, Жылаған ата, Ұқаша ата мазары мен құдығы, Гауһар ана кесенесі, Сауран қалашықтары бар. Сондай-ақ осы тізімге Қожа Ахмет Яссауидің анасы Қарашаш ана мен әкесі Ибраһим атаның мазарлары да енгенін айтқым келеді. Ендігі басты міндет — киелі жерлерімізді кеңінен насихаттап, туристерді тарту.

Биыл «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи музейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтас-тыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру үшін көшпелі көрме, экспедиция ұйымдастыруды көздеп отырмыз. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру мақсатында Өзбекстан, Франция елдерінде көрме ұйымдастыру да жоспарда бар. Сондай-ақ Түркия мемлекетіндегі Қожа Ахмет Яссауи атындағы қорлар, ғылыми мекемелермен байланыс орнату да, алдағы күндердің еншісінде.

Биыл «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің құрылғанына 40 жыл толады. Әрине, алдымызда осы төл мерекемізді де лайықты түрде атап өту міндеті тұр.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан **Е. МҰРАТБЕК,**
Оңтүстік Қазақстан облысы

Ғайникамал есімі ойға оралғанда үнемі есімізге халық әні «Ғайнидің» түсетіні несі екен?! Сірә, Ғайникамал мен әннің арасында бір ұқсастық болуы мүмкін. Әйтпесе, өмірін әскери салаға арнаған прокурор Мұқан аға мен өнерлі қыз Гүлфарида анамыз тұңғышының есімін Ғайникамал деп қоймас еді. Осындай шын зиялылардың отбасында дүниеге келген Ғайникамал Байқошқарованың саналы ғұмырын өнерге арнауы да тегін емес.

1962 жылы Алматы медициналық институтына оқуға түскен бойжеткен өнер жолын неге таңдады? Дәрігерлік мамандықты тастай салып, консерваторияға жетелеген не құдірет? «Газеттен «Консерваторияның актерлер дайындайтын факультетіне КСРО Халық артисі Хадиша Бөкеева актерлер қабылдайды» деген хабарландыруды көзім шалды да, нілдей бұзылды. «Осында түсемін!» деген шешімге келдім бірден. Әкеме нағашы жағынан ағайын болып келетін Болат Маусымбаев деген ағам бар еді. Ол кісі театрдың бас директорының орынбасары болып қызмет атқарады. Актер болудың қырсырын үйрететін шығар деп, әуелі сол кісіге бардым. Болат аға бұл шешімімді әуелде құптай қойған жоқ. «Екіннің бірі медициналық институтқа түсе алмайды. Балалық жасама» деді. Алған бетімнен қайтпайтын қайсарлығым болар, аға сөзіне көне қоймадым. Болат аға жетектеп, Фарида Шәріповаға алып келді. «Ана – Жер-Ана» спектаклі қойылып жатқан кез. Толғанайдың монологын берді де, «Осыған дайындал. Сосын келерсің» деді. Кейінірек Болат ағам Сәбира Майқановаға алып барды. Сәбира апа да салған жерден: «Ойбай-ау, мединститут деген екіннің біріннің қолы жете бермейтін оқу орны ғой. Мұның не, қызым, артист болам деп, ең күшті оқуды тастағың келе ме? Ойлан» деп әбден үгіттегеніне қарамастан, қабылдау комиссиясына барып, құжаттарымызды тапсырдым. Ешкім бетімнен қайтара алмады. «Артист боламын» деген ой санама мықтап сіңіп қалған. Екі бірдей Халық артисінің дайындағаны тағы бар. Комиссиядан оп-оңай өтіп, оқуға қабылдандым. Бұл аз болғандай, киноактриса боламын деген арманмен Мәскеуге жол тарттым. Жоғары кино институтына оқуға тапсыру – бар мақсатым. Өкінішке қарай, ХІІ халықаралық кинофестиваль өтетін болып, қабылдау емтихандарын кейінге қалдырған екен. Емтиханның басталуын күтуге уақыт жоқ, кері қайтуға тура келді. Әлемге әйгілі Радж Капурмен, Марина Владимен суретке түстім. Әлем киноларын тамашалап, кино кеңістігіне бойлап, елге қайттым» деп еске алады өткен күндерді Ғайникамал апа.

Өнер дейтін бір құдірет. Өнерге құмартқан адамның алған бетінен қайтуы мүмкін емес. Әйтпесе, дәрігерлік мамандықты бітірсе де, Ғайникамал Байқошқаровадан жақсы дәрігер шығар еді. Алайда есіл-дерті театр артисі болғысы келді де тұрды.

Театр сахнасында жүріп, жүзге тарта рөл ойнады. Армандаған



ҒАЙНИКАМАЛ



рөлдерінің бәріне жете алмаған да шығар. Бірақ театрдың алтын ғасыры саналған кезеңде кіл майталмандармен бірге сахналас болды. «Сәбира Майқанова, Бикен Римова, Шолпан Жандарбекова, Фарида Шәріпова, Зәмзагүл Шәріпова, Ыдырыс Ноғайбаев, Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Әнуар Молдабеков, Таңат Жайлыбаев, Райымбек Сейтметов сияқты әрқайсысы жеке бір мектептің жүгін көтерген сахнаның нағыз санлақтарымен бірге жұмыс істегенімді мақтан тұтамын. Көп нәрсе үйрендік. Театр өнерінің қыр-сырынан бөлек, адами қарым-қатынастың, кісі сыйлаудың, бірін-бірі қадір тұтып, құрметтеудің озық үлгісін бойға сіңіруге тырыстық. Гастрольге шыққан кездері тіпті ғажап болатын. Біздің гастрольдер бейнебір театр фестивалі секілді өтетін. Бір ауданнан кейін екінші аудан әндетіп алдымыздан шығып, нан-тұзын ұсынып, қаз-қатар тізілген оқушылар құшағымызды гүлге толтыратын еді» дейді актриса.

Актрисаның ерекше ойнаған рөлдерінің бірі – Қарагөз. Қарагөзді ойнау – Ғайникамал Байқошқароваға 49 жасында бұйырды. Қарагөз оңай бейне емес. Оны сахнаға оңай алып шыға алмайсың. Актриса «Қарагөз – күрделі бейне. Махаббат азабын тарта тұра – ол бақытсыз емес, бақытты. Махаббат – керемет сезім. Тазалық бар. Шынайы махаббат құшағына бөленген отбасылардың

шанырағында ұрыс-керіс, өкпенің болмауы керек. Мейірім төгілген мекенге бақ та, бақыт та, дәулет те қонады. Қарагөзді көрген әрбір бойжеткен соны сезінсе дедім, сондай махаббатты армандап, бақыт құшағында тербелсе екен деген үмітім болды. Махаббат қонған жүректерде бір-біріне деген құрмет үстемдік құрып, қатыгездік атаулыға орын қалмайды. Олар бірін-бірі ренжітуден, қандай жағдайда да ауыр сөздер айтудан аулақ болып, бірін-бірі барынша аялайтын болады. Бұл рөл – өзіңді, жарынды, өзгені қадірлеуге жетелейтін образ» екенін еске алады.

Ол негізінен, аналардың, әжелердің, әртүрлі тағдырды әйел образдарын ойнады. Әр ананың сахнадағы бейнесін келтіру – оңай емес. Үнемі дайындықта болуы тиіс. Әрі жанкештілікті де қажет етеді. Режиссер Болат Атабаев қойған «Кемпірлерден шыққан дау» спектаклінде Қыз-кемпірді ойнаймын деп сан мәрте арбадан құлағаны бар. Кейін дәрігерлерге қаралғанында омыртқасында мүжілмеген жер қалмағанын айтып, таңданған екен.

«Булгаковтың «Жендеттерінде» партнерім Нұрмұхан Жантөрин болды. Ол – Мольер, мен – Мадлена Бездарды орындадым. Мадлена Мольерге ғашық, ол үшін басын өлімге тігуге де бар. Мольермен қоса, тағы бір полковникпен көңілде болған Мадлена дүниеге келген қызының кімнен екенін

айыра алмай, дал болады. Кейін Мольер ғашық болады өз қызына. Сол кездегі Мадленаның жан азабын адам басына бермесін, бұл – қайғы, қайғы болғанда уақыт келе ұмытылатын емес, қайта уақыт өткен сайын жан әлемінді тілгілеп, өткен күндер жіберген қателігінің қалқып шығып, енді қайта батпайтыны. Ол көз алдында күндіз де, түнде де көлбеңдеп кетпей, бір кездері жіберген қателігінің өтеуі үшін жан азабын шегуге тура келетін нағыз тозақты бастан кешіреді. Психологиялық өте күрделі образ. Трагедия. Әке мен қыздың арасын ажыратамын деп барын салады. Түк шығара алмайды. Аяғында есінен шатаса бастайды. Бұл спектакль кейін Мәскеуде де қойылды. Жантөриндей алыптың жанында нашар ойнау мүмкін емес еді» дейді актриса.

Театр репертуарында ұлттық және әлемдік классикадан рөл ойнаса, кинодан отызға жуық үлкенді-кішілі рөлде көрінді. Музыкалық комедия мен фарстан бастап, психологиялық драмалар мен трагедиялық қойылымдарда да бақ сынады. «Киноактриса боламын» деген арманына да жетті. Ең сүбелі рөлі – «Қара шаңырақ» фильміндегі Гаухар ана бейнесі көпшіліктің көңілінен шықты. Гаухар ана бейнесін жасау арқылы қазақ әйелінің, анасының, әжесінің қандай болуы керектігін көрсетті. Әр анаға тән байсалдылық, байыптылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерді Гаухар ана бейнесінен табуға болады.

«Атам Мұсатай ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен үзегілес дос болыпты. Әжем гармон тартып, ән шырқап, жүрген жерін тойдунанға айналдыратын көрікті жан болған екен. Абай атамның ұрпақтары үйлерінде жақсылық болса, міндетті түрде пар атты күйме жіберіп, әжемді алдырады екен. Анам көп сөйлемейтін, сырбаз, келісті жан болған. Гаухар ана образының сәтті шығуына әжем мен анамнан алған тәрбиенің бір ұшығы тиген шығар. Кез келген ортада жастар да, үлкендер де

құрмет көрсетіп жатады. Бұл да – өнердің арқасы. Азды-көпті рөлдерім арқылы ел ықыласына бөленіп келеді. Бір жағынан, театр сахнасындағы бірге әріптес болған, бір сахнада жүрген аға-апаларымның тәрбиесі де бойға сіңді» дейді Ғайникамал апа. Бойындағы тұмшаланып жатқан өнердің қайнар көзін ашып, өнер додасына қосқаны үшін ұстазы Хадиша Бөкеева айтар алғысы да шексіз. Қазақтың Төлегеніне айналған марқұм Құман Тастанбеков, қарасөздің кемелгері марқұм Әшірбек Сығай, сахна сұлуы Рахилия Машурова, сұлу Жібек – Меруерт Өтекешова да Хадиша Бөкееваның шеберлік мектебінің тұңғыш түлектері. Барлығы – қазақ өнерінің көшін биікке алып шыққан тұлғалар.

«Актер атына кір келтірмей, өнерге деген адалдықты сақтағаны жөн. Ол ішкі әлемімен бірге сыртқы тұлғасының да актер деген атқа лайық болуын басты назарда ұстауы қажет» дейді актриса.

Арман таусылған ба? Өзінің мерейлі жетпіс бес жасын қарсы алған актрисаның елу жылға жуық ғұмыры театрда өтіп келеді. 2001 жылдан бері театр репертуарынан түспеген «Отыз ұлын болғанша» спектаклін көрген адам Ғайникамал апаиды өзгеше қырынан таныған болар еді. Флорид Бялуковтың бұл пьесасы қазақ сахнасынан түспей келе жатқанына – аттай 17 жыл. Қарт адамдардың тағдырынан сыр шертетін спектакльдің көрермендері де – зейнеткерлер. Қарияның да өз мұңы, өз қайғысы бар. Сірә, Буляков соны меңзесе керек. Қазақ қариясы қашан қарттар үйін паналап еді? Буляковтың төрт кемпір, бір шалының тағдыры қазақ қариясының басындағы хал бүгін. Белгілі сатирик Толымбек Әлімбаевтың «Отыз ұлын болғанша...» деп аударған спектакльдегі рөлімен Ғайникамал Байқошқарова да әлі күнге сахна төрінен түскен жоқ. Алла ғұмыр берсе, актриса талай-талай рөлдерімен сахна төрінен көріне беретіні анық.

«Алдымнан бір қыз шықты құлпырып-ай, сұрап ем, Ғайни екен қыздың аты» демекші, Ғайникамал есімін иемденген Байқошқарова сырбаз, сабырлы, байыпты жүріс-тұрысымен ғана емес, айрықша дарынымен де көпке үлгі. Бір кездері өзі үлгі тұтқан ұстаздары Хадиша Бөкеева, Сәбира Майқанова, Бикен Римова, Фарида Шәріпова сияқты санлақтардың ізін басып, бүгінде театр анасына айналған. Жасы кіші өнер қайраткерлерінің бәрі Салика Қожақова, Нүкетай Мышпаева, Ғайникамал Байқошқарова сияқты аяулы есімдерді, дара дарын иелерін ардақ тұтады, құрметтейді.

Бүгінде театр мен кино – өмірінің егіз саласына айналған Ғайникамал Байқошқарованың өнердегі елу жылдық ғұмырына әлі талай баға беріліп жатар.

Бастысы, шаршамаңыз, шалдықпаңыз, Ғайни ана, Ғайникамал актриса!

**ДЕРЕК пен ДӘЙЕК:**

Бүгінгі күні Алматы құрылыс-техникалық колледжінде 1140 студент білім алуда. Олардың 800-ден астамы – әлеуметтік жағдайы төмен, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар. Оларға мемлекет тарапынан Үкіметтің 320-қаулысына сәйкес тегін тамақ, медициналық көмек, шәкіртақы, қаржылай көмек көрсетіледі. Сондай-ақ колледж студенттері республикалық, қалалық байқауларда ғана емес, Ресей мен Прагада, Украина мен Германияда өткен халықаралық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарды иемденді. Осы колледждің бір студенті Бразилияның Сан-Пауло қаласында өткен халықаралық сайысқа Қазақстан атынан қатысып, биік тұғырдан көрінді. Студент-жастарға 140-тан астам педагог-оқытушылар, инженер-техниктер, өндіріс шеберлері дәріс береді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауында белгіленген асқаралы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында елімізде «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы қобылданған. Бағдарламадағы еліміздің әрбір азаматына тегін кәсіби мамандық беру туралы шешім еліміздің жастарына жасалған аса маңызды қамқорлық екендігі даусыз. Бұған қоса, Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен орта арнаулы оқу орындарында жаңа модульдік бағыттағы оқу бағдарламасы қолға алынып, кәсіптік білім беру дуалдық жүйе арқылы жүзеге асырыла бастады. Алматыдағы №10 құрылыс-техникалық колледжін тыныс-тіршілігімен танысу барысында біз бұған нақты көз жеткіздік.

Қолда бар дерекке жүгінсек, қазіргі күні жастарға алуан түрлі мамандық бойынша білім беріп жатқан 80-нен астам колледж бар екен. Бұл оқу орындарының 20-сы – мемлекеттік, 60-тан астамы – жекеменшік. Сондай арнаулы оқу орындарының бірі – №10 құрылыс-техникалық колледжі жастарды дәнекерлеуші, сантехник, автокөлік шебері, тігінші және басқа да бір-қатар техникалық мамандықтарға дайындайды. Мұндағы бір артықшылық – біраз жылдан бері колледж оқытушылары Германия, Сингапур, Жапония тәрізді әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елдердің білім беру, яғни оқыту технологиясын кенінен пайдалануда. Егер осыны ескерсек, №10 колледж ұжымының бүгінгі күні өмір талабына сай ізденіс үстінде екендігін айқын аңғарамыз.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Сондықтан колледж ұстаздары студент-жастардың сапалы білім алуына жа-

БІЛІМ НЕГІЗІ – БЕЙІМДЕЛУ

«Кәсіптік-техникалық білім берудің озық мекемелерінің желісі дамып келеді. Олардың тәжірибесін бүкілқазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет».

(Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауынан).

уапты. Ал бүгінгі студент – ертенгі маманның еліміздің дамуына үлес қосатынын ұмытпағаны абзал» деп атап көрсетіп, ел жастарына білімді болу қажеттігі туралы ақыл-кеңесін айтты. Осылайша, Мемлекет басшысы жастардың білімін жетілдіру үшін қажетті жағдай жасау керектігін және Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруі жолында жүзеге асырылуы тиісті нақты мақсаттарды белгілеп берді. Сөйтіп, ел жастарына тегін кәсіптік-техникалық білім беру қажеттігін басты міндет ретінде алға қойды. Бұл – жергілікті кәсіпорындардың сұранысына сай білікті мамандарды дайындау деген сөз. Сондықтан да ұлттық өндіріс пен құрылыс орындары үшін құбыр жөндеушілер мен электрліктерді, дәнекерлеушілер мен тасқалаушыларды, сонымен қатар жиһаз өндірісі, автокөлік, электротехника салаларына қажетті мамандарды дайындаудамыз. Қазір мұндай кәсіп иелеріне сұраныс өте жоғары. Оқу орнының құрылғанына биыл жарты ғасыр, яғни 50 жыл толып отыр. Міне, осы жылдар аралығында колледж 30 мыңға жуық білікті, кәсіби мамандарды дайындады. Түлектеріміз еліміздің барлық аймақтарында құрылыс және жиһаз, автокөлік саласында табысты еңбек етуде, – дейді Алматы құрылыс-техникалық колледжіннің директоры Ысқақ Молдәлімұлы.

Заманауи оқу-материалдық базасы бар Алматы құрылыс-техникалық колледжі бүгінде көпсалалы іргелі оқу орнына айналды. Мұндағы толық жабдықталған 39 оқу аудиториясы, 8 оқу өндірістік шеберханасы мен бірнеше компьютер кабинеті, 16 мультимедиа-

лық кабинет, екі спорт залы, тренажерлік зал, кітапхана, мәжіліс залы, асхана, тағы басқа нысандар студент-жастардың қолданысында. Сондай-ақ алты аудитория электронды подиумды интерактивті тақтамен қамтылған. Колледжде 140-тан астам жоғары және арнайы білімді, тәжірибелі педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлері еңбек етеді. Ең бастысы, орта буынды біліктілігі жоғары мамандарды дайындауға, студенттердің тәжірибе өткізу базасын ұйымдастыруға айрықша назар аударылады. Себебі, нарықтық бәсекеге қабілетті мамандарды өндірістік тәжірибесіз оқыту мүмкін емес. Осыны ескерген колледж басшылығы әлеуметтік серіктестіктермен бірлесіп жұмыс істеуде. Мысалы, Алматыдағы 30-дан астам құрылыс және басқа да салалардағы мекемелер мен кәсіпорындарда студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу

ДЕРЕК пен ДӘЙЕК:

Оқу орны 2000 жылдан бергі уақыт аралығында Білім және ғылым министрлігі мен Еуропалық білім қорының, TESIS-тың ұйымдастыруымен өткізілген кәсіптік білім беру саласындағы 10-нан астам халықаралық жобаға қатысып, жеңімпаз атанды. Мысалы, №10 колледж ұжымы 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі аралықта Дүниежүзілік банк қаржыландырған Білім және ғылым министрлігінің «Техникалық және кәсіптік білімді модернизациялау» жобасына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Осы жобаға қатысу барысында колледж базасында «Дәнекерлеу ісі» аймақтық ресурстық орталығы мен дәнекерлеу жіктерін тексеру зертханасы, металл өңдеу және дәнекерлеу цехы ашылды. Сондай-ақ Атырау сертификациялық «Дәнекерлеу» орталығында – 12 өндіріс шебері, Франция, Германия, Голландия, Бельгия, Польша, Беларусь елдерінде 4 оқытушы-өндіріс шебері, Минскіде – 8 ұстаз, Беларусьта – 10 өндіріс шебері, барлығы 36 адам өздерінің білім-біліктілігін көтеріп қайтты.

дарды жұмыссыздықтан қорғау бағытындағы батыл қадам, колледж басшылығының қамқорлығы деуге болады. Тиімдісі сол, студент-жастар үш жыл ішінде орта біліммен қоса, 20-дан астам мамандықтың кез келгенін өзінің таңдауына, жүрек қалауына қарай алып шығады. Олардың спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстануына да айрықша назар аударамыз. Қазіргі күні колледжде спорттың 8 түрінен арнайы секция үздіксіз жұмыс істейді. Соның нәтижесінде, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысқан студенттеріміз сан мәрте жүзден жүйрік шығып, мерейімізді тасытты.



Тағы бір маңызды нәрсе – білім беру саласында қолға алынған дуалды оқыту жүйесі. Жалпы, дуалды оқыту жүйесінің негізі – болашақ жас мамандарды оқу орны мен өндірісте қатар оқыту және түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету. Бір артықшылығы – дуалды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі ешқашан жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы оқушы оқу бағдарламасын өте жақсы меңгеріп шығады. Ал білікті дайын маманның қай кезде де жұмыс берушілердің сұранысына ие екені даусыз. Сондықтан да кәсіптік-техникалық кадрларды дайындаудың маңызы зор, – дейді Ысқақ Молдәлімұлы.

Елбасының жастарға кәсіптік-техникалық білім беру идея-бастамаларын басшылыққа алған Үкіметтің «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасын қабылдауы – жастарға қолдау көрсетудің жарқын үлгісі. Осы бағдарламаны қолға алу арқылы жастардың арасындағы жұмыссыздық проблемасын оңды шешіп, сауатты һәм білікті жұмысшыларды дайындау жолға қойылмақ. Осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында еліміздегі 23 колледжде 35 мамандық бойынша бір мың мемлекеттік гранттың бөлінуі – көшелі істің бастауы. Жастар үшін қуанышты тағы бір жайт, ҰБТ кезінде межелі 50 балды жинай алмаған мектеп бітірушілеріне өздері таңдаған колледжде оқуға түсіп, мемлекеттік грант бойынша білім алуына мүмкіндік беріліп отыр. Бұл – Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуды жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында атап көрсетілгендей, жастардың төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделуіне, биік жетістікке жетуге жол табуына жасалып жатқан қамқорлықтың айғағы.

Жомарт МОЛДАХМЕТҰЛЫ



ДҮНИЕДЕН ӨТКЕН
АТАҚТЫ
АДАМДАРДЫҢ
ӨМІР ЖОЛЫНЫҢ
БАРЛЫҒЫ ДА
ӨНЕГЕЛІ МЕ?
СОЛАЙ ДЕСЕК,
ҚАТЕЛЕСКЕН
БОЛАР ЕДІК.
АНЫҒЫНДА,
ТАРИХТА ҚАЛҒАН
ТҰЛҒАЛАР ҚАЙБЫР
САЛАДА БОЛСЫН,
ӨЗ АТЫН
ҚАЛДЫРҒАНЫМЕН,
ОЙЛАНАТЫН БІР
НӘРСЕ БАР: ОЛАР
МЕКТЕПТЕ ҮЛГІЛІ
ОҚУШЫ
БОЛМАҒАН.
МҰНЫҢ СЕБЕБІ
НЕДЕ?



Кілтүпқан қайда жатыр десек те, оның сыры арғы текте немесе өз-өзін тәрбиелей алуында болуы әбден мүмкін. Расында, мектепте бұзық болған балалардан кейін бір нәрсе шығады. Демек, бұзықтық қайдан, қарапайым тілмен айтқанда, өзін қоярға жер таппаған баланы тек дұрыс нәрсеге бағыттай алу керек. Бір ғана мысал, Адольф Гитлерден жауыз шығады деп жас кезінде ешкім ойлаған жоқ. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының соңында Гитлер бастаған соғыстың салдарынан қалалар мен ғимараттар қирады. 20-30 миллион адам бақилық болды. Немістер екінші дүниежүзілік соғыста оңбай жеңілді. Бірақ жеңілсе де, Гитлер тарихта қалды. Бір адамның жауыздық әрекеті тарихты өзгертіп жібереді. 1945 жылы соғыс аяқталған соң, әлемдік саяси лагерь екіге бөлініп кетті. Социалистік және капиталистік. Егер сонау 1938-1939 жылы Гитлер Екінші дүниежүзілік соғысты бастамағанда, мүмкін әлем тарихы басқаша жазылар ма еді, кім білсін?! Бұл — ақиқат нәрсе. Расында да, бала кезінде жоқшылықты көп көріп, өмірден қиянат көрген Гитлерді мүмкін дұрыс жолға бағыттайтын адам болмаған шығар. Негізі, терең тәрбие берілгенде, одан керемет суретші шығар еді?! Бірақ талант қашанда тас жарайды, Гитлердің салған суреттері қазіргі таңда әлемдік аукциондарда керемет үстеме бағамен сатылып жатыр. Мектепте дұрыс оқымаған бала бәрібір тарихта қалды. Бұл Гитлерді қолдау емес. Ақиқаты, баланың ішкі дайындығы мен өмірлік позициясы көп жерде оның тұлғалық қасиетін көрсетіп жатады. Тағы бір мысал, ағылшынның аксүйектер отбасында дүниеге келген Уинстон Черчилльді қазір екінші бірі біледі.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде «екінші майдан» ашуға көп септігін тигізген сол Черчилль бала кезінде мектепте дұрыс оқи алмаған. Оның үлгерімі өте нашар болғандықтан, тіпті мектепті жиі ауыстырып отырған. «Қиын бала» атанған оқушыға білім беруге тіпті мұғалімдердің де құлқы болмаған. Ақыры түк шықпаған соң, оны дирекция жеке білім беретін мектепке ауыстырып жіберген. Сабақ оқудан бас тартқан баланы ақыры ата-анасы біраз уақыт үйде ұстауға мәжбүр болады. Тіпті жеке мектепке бергеннен өзінде бұл жүйе оған еш пайда бермеген. Қабылдай алмаған соң, ұстаздар оған латын және ежелгі грек тілін оқытудан бас тартқан. Бірақ жоғары сыныпта ағылшын тілі мен әдебиетіне құмары артқан Черчилль соғыс аяқталған соң, мұның орасан зор пайдасын көрді деп айтуға болады. Ол осы кезеңде қолына қайтадан қалам алды, «Екінші дүниежүзілік соғыс» атты кітабын жаза бастады. Оның алғашқы томы 1948 жылы сатылымға түсті. 1953 жылдың 10 желтоқсанында оған әдебиет жөніндегі Нобель сыйлығы берілді. Нақты айтар болсақ, 1953 жылы Нобель комитетінің қарауына екі кандидатура ұсынылды. Мемлекет және қоғам саясаткері Уинстон Черчилль мен жазушы Эрнест Хемингуэй екеуі бәсекеге қатар түсті. Нәтижесінде, Нобель сыйлығы мемуарлық жазбалары үшін Уинстон Черчилльге берілді.

Міне, мектепте үштік бағаны әзер алып, білім ордасын зорға бітірген бала ақырында әлем таныған халықаралық қайраткерге айналды. Демек, әңгіме оқуда емес, мәселе өмірлік тоқуда және жинаған бай тәжірибеде екенін бағамдауға болады. Бірақ бір қызығы, оқушы кезінде дұрыс оқымаған Уинстон

Черчилль екі рет, 1940-1945 және 1951-1955 жылдары Ұлыбританияның премьер-министрі атанды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде маңызды шешімдер қабылдай білген ол, 1965 жылы 25 қаңтарда қайтыс болды. BBC хабар компаниясы жүргізген сауалнама бойынша

жастық шағы қиындықпен өткен. Кейбір әңгімелерге қарағанда, ол өз шешесін елдерді жек көрген. Әжесінен 30 жас кіші болған анасы аксүйек әулетінен шыққан. Ол еркіндікті жақсы көрген. Көп қыдырған, көп еректермен көңілде болған деген де дерек айтылады. Болашақ

тікелей байланысты екені белгілі. Бірақ біз кішкентай Костяның жас кезінде мүлдем сабаққа үлгермей, нашар бала болғанына хабарсызбыз. Шындығында да, солай. Константин Циолковский бұзық бала атанба да, оның сабаққа үлгерімі өте нашар болған. Тіпті ұстаздарының айтқан түсіндірмесін де қабылдай алмаған. Вятск ерлер гимназиясына түскен бала 13 жасында сабақ үлгерімінің нашарлығынан екінші рет орнында қалып қойған. Үшінші рет орнында қалғаннан кейін, оны

«Екімен

оқыған»

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

басшылық мектептен шығарып жіберген. Тек алты жылдан кейін ғана барып, ол мектепті бітіргені туралы аттестат алады. Өмір бойы өздігінен ізденіп, кейіннен оқуға түседі. Жас кезінде ауыр науқастанып, құлағы мүлдем естімеген ол «мұғалімдер не айтып жатыр, ол жағы маған мүлдем түсініксіз еді» деп еске алады кейінгі жазбаларында. Патшалық Ресей билік құрып тұрған сәтте оның өнертапқыштық идеяларын ешкім қолдаған жоқ. 1897 жылы ол Ресейде алғаш рет аэродинамикалық құбырды сынақтан өткізді. Қазан төңкерісінен кейін ғана оның ғарыштық жобаларын кенестік билік қолдай бастады. Кейіннен «Кеңес космонавтикасының атасы» атанған Циолковский туралы талай өлен, жыр дүниеге келді.

Жалпы, балалық шағы қиындықта өткен кез келген танымал тұлғалардың тағдыр-талайына көз салып қарасаңыз, олардың барлығы да қиындықты еңсеріп, жеңіп шыққанын байқауға болады. Мектепте нашар оқыған оларға мұғалімдері «осыдан бір нәрсе шығады-ау» деп үмітпен де қарамаған. Бастауыш сыныпта екілікпен оқып, кейін үштікке зорға іліккен олардың жетілуінде сонда қандай сыр жатыр? Өлермендік пе, еңбекқорлық па? Айта берсек, тарихта мұндай мысалдар өте көп. Мультиимиллардер Virgin Group компаниясының негізін қалаушы және жеке ғарыштық туризмге жол салған Ричард Брэнсонның балалық шағы туралы да біз аз білеміз. Бастауыш сыныпта екі әріптің басын құрай алмаған, мұғалім тактаға шығарса, қызарып, ұялып, кекештеніп қала беретін оқушы кейін ғарышқа ақша салып, жеке туризмді дамытады деп сол кезде ешкім де ойлаған жоқ. Орыс жазушысы, «қысқа әңгіменің шебері» атанған Антон Чехов та тоғызыншы сыныпқа дейін шығармадан ешқашан төрт алып көрмеген. Мұғалім оның жазған диктанты мен шығармасына үнемі үш қойып отырған. Дәптері қып-қызыл сиядан көрінбейтін қатеге толы сөйлемдерден Чехов қалай арылды? Кейін Мәскеуге келіп, оқуға түскеннен кейін ғана жазушы сөйлемдерін дұрыс құрай алатын болған. Бұдан шығатын тұжырым не? Жас кезінде нашар оқығандар өмірдің өзінен көп сабақ алады. Сондықтан түпкі нәтиже өмірлік ізденіс пен еңбекқорлықпен келетінін ұмытпауымыз керек.

Уинстон Черчилль ағылшын тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі атанды.

Орыс ақыны Андрей Твардовскийдің есімі туралы жұрт білгенімен, оның мектепте қалай оқығаны туралы өзгелер біле бермеуі мүмкін. 1939 жылы Мәскеудегі мектеп талбалдығын аттаған оның балалық шағы қиындықпен өтті. Соғыс басталды. Әкесі бес жасында тастап кетті. Шешесі жалғыз өзін өсірді. Мектепте сабақ оқуға құлқы болмаған оның бар құмарлығы көшеге ауды. «Мен тәрбиені көшеден алдым, қулық-сұмдықты көп көрдім» деп еске алады ол кейінгі бір жазбасында. Мектепте тек қана әдебиеттен төрттік баға алған Андрей Твардовский тарихты үшке оқыды. Химия, физика және сызудан ол екілік баға ғана алды. Режиссерлік мамандықты қалаған ол, 1951 жылы Мәскеудің шығыстану институтына оқуға түседі. Бірақ бір жыл оқығаннан кейін институтты тастап кетеді. «Мен кереметті өмірден аламын» деген ақын кейіннен өмірінің соңына дейін «Новый мир» журналы басқарды. Мектепте нашар оқып, кейін институтты зорға бітірген ол таланттының арқасында мемлекеттің бірқатар медаль, орденін кеудесіне тақты. Үш поэмасы үшін I, II, III дәрежелі Сталиндік сыйлықтың иегері атанды. Ленин сыйлығы мен КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды. I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталды.

Расында да, балалық шағы қиындықпен өткен танымал тұлғалардың барлығы да өздерін кейіннен өмірде дәлелдеп шыққан. Мүмкін бала кездегі ауыр тағдыр олардың санасына салмақ салған болар. Мысалы, Онере де Бальзактың да

жазушының анасы заңсыз некеден туған Онероның екі інісіне көп қамқорлық көрсеткен. Онеро болса, шетқақпай көрген. Ақыры оны анасы үйден қуып жіберіп, интернатқа орналастырады. Өмірдің бар ауыртпалығын көрген Онере де Бальзак интернатта зейін қойып, сабақ оқымаған. Мұғалімдердің айтуынша, ол терезеге қарап, өз әлемімен отыратын болған. Сабақ сұраса, үнемі жауап бермейтін оқушыны мұғалімдері баспалдақтың астындағы суық шоланға қамап қоятын болған. Бірақ қапасақ жиі қамалған Онере де Бальзак осы жерде отырып, өмірдің қызығын көрді. Күнде қойнына тығып өкелетін кітапты оқып, жан сарайын кеңейтті. Әлем классиктерін оқыды. Суық жер оған опа бермеді. Денсаулығына зардабын тигізді. Денсаулығы құрып бара жатқан соң, оны әке-шешесі қайтадан үйлеріне әкелді. Одан кейін де болашақ жазушының тағдыры она-ла қойған жоқ. Екі рет мектеп ауыстырды. Сабаққа үлгері алмайтынын білген ұстаздар Онере де Бальзакты керек те қылмады. Әкесі екіге оқитын баланың болашағына еш сенбесе керек, «өз тағдырыңды өзін жаса» деп қолын бір сілтеді. 12 жасында ол балаларға арнап әңгіме жазды. Оның бұл шығармасына сыныптағы бүкіл оқушылар күлді, мазақ етті. Бірақ француз классиктерінің озық дүниелерін жата-жастанып жүріп оқыған Онере де Бальзак кейін өзі де мықты шығармаларды дүниеге әкелді. Кейбір әңгімелерге қарағанда, ол колледж-интернатта оқып жүргенде жастық шақтың буымен көп шығармалар жазғанға ұқсайды. Бірақ қиялшыл, нашар оқушының жан-дүниесін кім түсінсін, оқытушылар оған әдебиетпен айналысуға тыйым салды. Онере де Бальзактың «Еркіндік туралы трактат» атты шығармасын ұстаздар оқушылардың көз алдында өртеп жіберген» деген де дерек бар. Жастық шақтағы ауыр азапты күндердің бәрібір зардабы қалады ғой, 40 жас-тан асқан жазушы жүрек ауруына шалдықты. 1950 жылдың тамызында дүниеден өтті.

Біз кеңес космонавтикасының атасы Константин Циолковскийді данқы жер жарған қайраткер азамат ретінде ғана білеміз. КСРО тарихында оның есімі ғарыш саласымен



Берік
БЕЙСЕНҰЛЫ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Айқын» газетінің шығарушы редакторы, белгілі қаламгер-журналист Ермахан Шайхыұлы «Қазақстан полициясына 25 жыл» мерекелік медалмен, ал aikyn.kz сайтының веб-редакторы Берік Бейсенұлы ТМД Парламентаралық ассамблеясы кеңесінің төрайымы Валентина Матвиенконың қолы қойылған «Баспа ісі және ақпарат саласын дамытуға ерекше еңбек сіңіргені үшін» белгісімен марапатталды.

Ермахан Шайхыұлы бұдан бөлек, Ішкі істер министрлігіне қарасты Көліктегі ішкі істер департаментінің алғысхатымен марапатталды.

Алғысхат мәтінінде Ермахан Шайхыұлына «Көліктегі ішкі істер департаментінің басшылығы сізге қоғамдық

МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтарымыздың тыныштығын қорғау жолындағы көлік полицейлерінің қызме-

тін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттауға қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіреді» делінген. Хат соңында Көліктегі ішкі істер



департаментінің бастығы, полиция полковнигі А.Қабыловтың қолы қойылған.

Марапатты иесіне Алматы І стансасындағы Ішкі істер же-

лілік басқармасы бастығының орынбасары, подполковник Алмас Талдыбаев тапсырды.

Серік САДЫР

ҚҰҚЫҚ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, сот шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. **Ғ.Сапарғалиевтің Қазақстан Республикасы Конституциясына ғылыми-құқықтық түсіндірмесінде, сот төрелігін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мәжбүрлеу құқығына ие екендігі атап өтілген. Сот өз шешімімен сот орындаушылар институты арқылы жауап берушіні сот шешімін орындауға мәжбүр етеді.**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 430-бабына сәйкес, заңды күшіне енген сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты алты айдан астам орындамау, сол сияқты оларды орындауға кедергі жасау қылмыстық жауапкершілікке алып келеді.

Жоғарыда аталғандардың барлығы – құқықтық мемлекетімізде, сот төрелігіне, әр сот шешімінің міндетті және уақытылы орындалуына аса үлкен мән берілетіндігінің дәлелі.

Бұл ретте ұлы философ Аристотельдің «Саясат» еңбегінде баяндалған «егер сот шешімі атқарылмаса, сот төрелігінен ешқандай пайда жоқ» деген сөзін айта кеткен орынды.

Мемлекетте осындай мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен орындаушылық құжаттардың уақытылы орындалуында мәселе болмау керек сияқты. Алайда бүгінде шешімін таппай отырған мәселелердің бірі – жауап берушіден ақшалай қаржыны мемлекет

СОТ ШЕШІМІНІҢ ОРЫНДАЛУЫНА МӘН БЕРІЛЕДІ

кет пайдасына өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот актілерін орындау.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңға сәйкес, мемлекеттік орган – мемлекеттік мекеме нысанында құрылатын заңды тұлға.

Мемлекеттік мекемеге оның қызметінің мақсаттарына сәйкес жедел басқару құқығында меншік, оның ішінде ғимараттар, көлік және басқа меншік беріледі. Мемлекеттік мекемелер өз кірістерінің болуы мүмкін емес. Сонымен қатар мемлекеттік органдарға өздігінен азаматтық-құқықтық мәміле жасауға құқық берілген. Мысалы, тауар сатып алу бойынша, жұмыс орындау, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру және т.с.с.

Сонымен қатар мемлекеттік органның жасалған азаматтық-құқықтық шартқа сәйкес жеткізіп берушілермен міндеттемелерді тиісінше орындамау жағдайында, талап-арыз жұмысын бастау міндеттемесі туындайды.

Контрагенттерден ақша өндіріп алу туралы арыз қойылған жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, өздері кіріс таба алмайтын болғандықтан, мемлекеттік органдар соттарды мемлекет пайдасына өндіріп алуды сұрайды.

Осыған орай, сотпен мемлекет пайдасына жауапкерден ақшалай қаражатты өндіріп алу туралы сот шешімі арқылы мемлекеттік органның арызы қанағаттандырылған жағдайда,

атқарушылық құжаттарда өндіріп алушы ретінде мемлекет көрсетіледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қарашадағы № 1072 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының заң қызметтері туралы үлгі ережеге сәйкес, заң қызметтері функцияларының бірі – заңды күшіне енген сот актілерін орындау жөніндегі шараларды қабылдауды қамтамасыз ету.

Айта кету керек, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 15-бабына сәйкес, өндіріп алушы мен борышкер – атқарушылық іс жүргізу тараптары, ал өз пайдасына немесе мүдделеріне атқарушылық құжат берілген жеке немесе заңды тұлға өндіріп алушы.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 16-бабына сәйкес, атқарушылық іс жүргізу тараптарының өтініш білдіруге, атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе шешімдеріне шағым жасауға және өзге де құқықтары бар.

Алайда іс жүзінде мемлекеттік органдар аталған құқықтарды пайдалана алмайды, себебі олар атқарушылық іс жүргізудің тараптары болып табылмайды. Жоғарыда аталғандай атқарушылық құжаттарда тараптар (өндіріп алушы) ретінде мемлекет табылады.

Бұдан басқа, Қазақстан

Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 241-бабына сәйкес, мемлекет пайдасына өндіріп алу бойынша сот орындаушыларына атқарушылық құжаттардың жіберілуі мемлекеттік орган-талапкердің қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Аталған ереже мемлекеттік органдардың атқару өндірісіне қатысу құқығын шектейді, сонымен қатар сот актілерін уақытылы орындалуына мемлекеттік органдардың мүдделілігінің төмендеуіне әкеледі.

Іс жүзінде мемлекеттік органдар сот орындаушыларына сот актілерінің орындалуы жөнінде ақпаратты алу үшін сұрау салуға мәжбүрлі.

Өз кезегінде, аталған сұрауға жауап берілмеуі де мүмкін. Сондай-ақ бұл жағдай артық хат алмасуға әкеліп, атқару өндірісінің жеделдігін төмендетеді. Осылайша, аталған тәжірибе сот актілерінің тиімді орындалуына әкелмейді.

Бұдан басқа, іс жүзінде атқарушылық құжаттарды талап қоюшы мемлекеттік органды тиісті хабарлануынсыз қайтару мүмкін.

Біздің ойымызша, бұл мәселенің шешімдерінің бірі сот талқылауына бастамашы болған мемлекеттік органдарды, мемлекет пайдасына атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алушы ретінде бекіту немесе кем дегенде, өндіріп алушының құқығын заңнамалық деңгейде беру. Нәтижесінде, мемлекеттік органдардың сот актілерінің орындалуына тікелей

қатысып, қажет жағдайда сот орындаушылардың әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасай алатын болады.

Ұсынылып отырған құқықтық механизм атқару өндірісінің ашықтығын және тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар мемлекеттік органдардың сот актілерінің орындалуына мүдделігін арттырады. Бұл тәсілдің арқасында мемлекеттік органдар мен атқару өндірісі органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толық қолданылу мүмкіндігі туындайды.

Бұл жағдайды шешудің балама тәсілі мемлекет пайдасына барлық атқару құжаттары бойынша өндіріп алушы ретінде бірыңғай мемлекеттік органды заңнамалық тұрғыда бекіту болып табылады. Бұл мемлекеттік кірістердің уақытылығы және толықтығына жауапты орган болуы мүмкін. Әлде мемлекет пайдасына ақшалай қаражат өндіріп алу бойынша жеке көрсеткішті бекіту арқылы атқару құжаттарының уақытылы орындалуын қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органның рөлін күшейтуге болады.

Бұл саладағы мемлекет пайдасына ақшалай қаражат өндіріп алу бойынша сұрақтарды бірыңғай жауапты мемлекеттік органда шоғырландыру, мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылаудың өте тиімді механизмі болып табылар еді. Сондай-ақ бюджетті ұлғайту мәселесін шешуге өз үлесін тигізеді еді.

Сәкен ЖҮКЕНОВ,
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Заң департаментінің директоры



ҮЛКЕН

МҮМКІНДІККЕ ИЕ

КІШКЕНТАЙ

ЕЛДЕР

жейді, жемегенін сатады. Табиғи ресурстан ада, аттап-аттап аралда өмір сүрген мемлекет осылайша экономикасын гүлдендіріп алған.

Оман елі әлемдегі ең бай 25 елдің ішіне еркін енеді. Экономикасы негізінен мұнай экспортына арқа сүйегендіктен, 49 пайызға жететін ЖІӨ – мұнайды өндіру және өңдеу, газ өндіру мен сұйылтудан түскен пайданың әсерінен ұлғайып келеді. Жалпы, жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші – 44 903 доллар. Мұнай қорының азаюына байланысты Оман билігі экономиканы әртарап-тандыруға көшкен. Яғни, газ өндіру көлемін көбейтіп, туризм бизнесі мен металлургиялық өнеркәсіпті жандандыруға тырысып жатыр. Ел билі-

араб елдері секілді Кувейт те мұнайға күні караған мемлекет ретінде ОПЕК-ке мүше. Соңғы жылдардағы мұнай бағасының күрт құлдырап кетуі – бұл елдің де экономикасына кері әсерін тигізді.

Бруней-Даруссалам. Аты-жөні бізге таңсықтау бұл мемлекеттің халық саны – 417 394 адам. Ислан-

дік қатер, 2 амфибия, 2 десанттық қатер және 17 шағын қатер бар.

Әлем елдерінің экономикалық жетістіктерін мемлекеттің гүлденуі тұрғысынан негіздейтін рейтинг бар. Оны 2006 жылдан бері англиялық «Легатум институты» жүргізіп келеді. Рейтингті жасар кезде елдердің экономика саласы бойынша дамуы, кәсіпкерлік саласы, басқару, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, білім беру, еркіндік және әлеуметтік капитал негізге алынады. Мәліметтер БҰҰ, Дүниежүзілік банк, Гэллуп институтының әлеуметтік ақпараттары негізінде құрастырылып, салыстырылады. Осы рейтингтің бір жыл бұрынғы көрсеткіші бойынша **Люксембург** елі 13-орынға нық табан тіреген. 2 586 шаршы шақырым болатын кішкентай аумақта орналасқан, халқы тым аз (582 972), ақша бірлігі ретінде евроны қолда-



Күннен 149 миллион 600 мың шақырым қашықтықта орналасқан, құшағына 7 миллиард адамды сыйдырған Жер планетасында 250-ге жуық мемлекет бар екен. Ресми деректерде оның 195-і тәуелсіз елдер деп көрсетілген. Осыншама мемлекеттің арасынан әскері мен экономикасы, саясаты мен салмағы

тұрғысынан қара үзіп шыққан бірнеше ел бар. Шамамен үздік 30 мемлекет деп алайық. Біз қатарына кіруге үздігіп жүрген үздік отыздық. «Кім мықты?» деген кезде де экономикасы алдыңғы қатарлы дамыған елдер ауызға түседі – АҚШ, Жапония, Қытай, Еуропа деп термелетіп кете беруге болады. Бірақ біз мән бере бермейтін, көп ретте назарға ілікпегенімен, үлкен шаруа тындырып отырған кішкентай мемлекеттер де бар.



Сауда сальдосы – экспорт пен импорт құнының айырмасы. Жағымды сальдо – экспорттың импорттан асып түсуі. Жағымсыз сальдо – импорттың экспорттан басым болуы.

натын бұл ел – Еуропадағы ең ақатты, ірі халықаралық қаржылық және туристік орталық ретінде танымал. Ауыл шаруашылығы – мал шаруашылығына бейімделген, жүзім өсіру кең етек алған, бірқатар фермерлік бірлестіктер бар. Ел территориясы арқылы халықаралық магистралдардың да (Германия, Франция, Бельгия) өтуі – экономикалық әлеуетін дамыта түскен. Туризм – мемлекет экономикасында басты рөлді ойнайды, ЖІӨ-дегі үлесі – 6 пайыз көлемінде. Елдің қазіргі әлеуметтік-экономикалық саясаты люксембургтік модел қалыптастыруға бағытталған. Металлургияға деген түбегейлі тәуелділікті жойып, есесіне қаржы секторын қауқарлы салаға айналдыруға кіріскен. Қазірдің өзінде қаржылық тұрғыдан Еуропалық одақ елдерінің ішіндегі әлеуеттісі – осы Люксембург. Бұған активтері – 863 млрд евроға жететін ұлттық инвестициялық қоры дәлел бола алады. Мемлекеттің жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші – 100,573,1 доллар. Осы көрсеткіш негізінде әлем бойынша көш бастайды.

Ирландия халқының саны – 4 612 719 адам. Ал жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші – 63, 861, 9 доллар. Өзге дамыған елдердегідей, Ирландияда да оң ықпалды сауда балансы сақталған. Сауда сальдосы – 25 пайыз. Бұл ел, әсіресе, химиялық өнімдер мен фармацевтикалық тауарларды өндірудегі жетекші мемлекет. Сонымен қатар елдегі өмір сүру деңгейі – Еуропадағы көптеген елге карағанда біршама бақуатты. 2017 жылы сиыр, шошқа, қой етінің сыртқа тасымалдануы – елдің экспорттық әлеуетін рекордтық 12,6 млрд евроға жеткізген. Бұл – 2016 жылмен салыстырғанда 13 пайызға бір-ақ қарғу. Бір ғана қой етінің өзінен 57 мың тонна сатылып, қазынаға 275 млн евро пайда түсірген. «Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп мақалдатқан ел үшін үлгі аларлық-ақ нәрсе екен.

Біз ол елдердің біразын күнде-лікті тіршілік барысында айтып та жүрміз, мүмкін кейбірін ұмыт қалдырған шығармыз. Ойға келмеген, еске түспеген болар. Ол – зандылық та. Себебі, аталған мемлекеттер – әлемдік, әсіресе саяси аренада аса белсенді емес. Ендеше, таңдап алған жұрттар хақында аз-маз ақпаратпен бөлісіп көрейік.

Атлант мұхитының солтүстік бөлігінде Еуропаның солтүстік-батысында бір аралдық мемлекет бар. Исландия деп аталады. Бұл мемлекеттің атауы, әсіресе, 2016 жылғы футболдан Еуропа чемпионаты кезінде қатты дүрілдеді. «327 589 ғана халқы бар елден күллі әлемді дүр сілкінтетін аяқдопшылар қалай шықты екен?» деп бәріміз таңғалдық, тамсандық. Сөйтсек, мемлекет футболдың өркен жаюына мейлінше жағдай жасаған, әр қала мен әр ауданға манежерлер мен футбол аяқдопшыларын салып тастаған. Инфрақұрылымды түзген, насихатын келістірген. Нәтижесінде, допты тәуір тебетін соқталдай жігіттер дамып, жетілді. Тиісінше, аралды мемлекет аяқдопқа қана жағдай жасап қоймапты. Экономикасының ілгерілеуіне де барынша көңіл бөлген. Қазір елдегі жан басына шаққанда-

ғы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) көрсеткіші Дүниежүзілік банк ұсынған мәлімет бойынша – 59, 976, 9 долларға тең. Халықтың орташа жасы 83,1 жасқа жетеді. Халықаралық экономикалық рейтингке салып кеп жіберсек, Исландия даму көрсеткіші бойынша 115-орынды қанағат тұтады. Алайда бұл – оның халық санының төмендігімен байланысты. Экономикалық тұрғыдағы әлсіз көрсеткіші – әлемдік дағдарысқа дейінгі (2008 жыл) жоғарғы инфляция шығар. Дегенмен дағдарыс кезінде инфляция дефляцияға ұласпай, тек 3-4 пайызға төмендеді. Есесіне, елде гидроэнергияның үлкен қоры бар. Жыл сайын шамамен 80 млрд кВт сағат су энергиясы өндіріліп, қазір гидроресурстың небәрі 6 пайызы ғана пайдаланылады. Сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық шаруашылықта жиі қолданылатын геотермиялық энергия көзі де сақталған. Елдің энергияға деген қажеттілігі негізінен мұнай импорты есебінен өтеліп отыр. Билік елде ауылшаруашылық өнімдерін, алюминий, диатомит, феррокремнийді өндіруді және экспорттауды жолға қойған. Сонымен қатар балық шаруашылығын да бабына келтіріп дамытқан. Жегенін

гінің қазіргі жоспарлап отырған басты дүниесі – экономикада жекешелендіру процесін жүргізу және халықтың білім сапасын арттыру.

Мұнай өндіру мен мұнай өңдеудің арқасында жалпы ішкі өнімнің артуына 30 пайыздық ықпал тигізген мемлекеттің бірі – **Бахрейн**. Жан басына шаққандағы ЖІӨ – 22,579 доллар. Біраз уақыттан бері «қара алтын» қоры азайып, экономикалық өсім де аздап саябыр тапқан. Соған қарамастан бір жыл бұрын, ОПЕК (мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) мәліметі бойынша 18, 462 млн баррель мұнай өндірілген. Мұнаймен бірге елде табиғи газдың да бірталай қоры бар. Бұл ел әлемдегі ірі қаржылық орталық, оның ішінде офшорлық қаржылық қазан ретінде де әйгілі. Ел экономикасында банк секторы екінші орынды еншілейді.


Кувейт жұртының 4 053 00 халқы бар. Жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші 27 950 долларға тең. Бұл елдің де бағын асырып отырған табиғи ресурс – мұнай. Бағасы әлемдік нарықты күн санап құбылған қоймалжың «құндылықтың» мол қоры жөнінен Кувейт әлем елдерінің үздік ондығына кіреді. Тиісінше, мемлекет фармацевтикалық тауарлар, тамақ өнімдері, автомобиль экспорттаудан да көш ілгері дамыған. Мұндай жұмыссыздар деңгейі төмен – 2,1 пайыз шамасында. Өзге де таяу шығыс және

диямен шамалас ел. Борнео аралында орын тепкен мемлекет Индонезия және Малайзиямен шектеседі. Брунейді де бай қылып тұрған – мұнай. Мұнай өндіріп, өңдеп (жылына 10 млн тонна), бензин күйінде Жапония мен Оңтүстік Кореяға экспорттайды. Елдегі экспорт көлемі импорттан 2,3 есе жоғары, сол себепті ол валюталық түсімнің 90 пайызын (60 пайызы – ЖІӨ) құрайды. Яғни, сауда сальдосы – оң ықпалға ие. Сұйытылған газды өндіру тұрғысынан әлемде төртінші орын алады. Елде өндірілген мұнай мен газ Малайзияның Саравак штатындағы зауытта өңделеді. Біраз жылдар бойы экономиканы әртарап-тандыруға күш салып келген Бруней, қазір өзге елдердің инвесторларын тартудың қам-қарекетін жасауда. Мемлекет целлюлоза-қағаз өнеркәсібін, минералды тыңайтқыштар, құрылыс материалдары өндірісін және ағаш сүрегіні өндірмей-ақ да көңіл бөлген. Сосын, әлем елдері үшін қызықты әрі экзотикалық өнімдер болып саналатын – кокос және саго пальмасы, банан, кофе жапырағы, жүгері, түрлі дәмдеуіш, какао-атбас бұршақтары осы ел аумағында өсіріледі. Халқы жарты миллионға да жетпейтін бұл елде армиясы да тым шағын. Жаяу әскер – үш батальоннан, әскери-әуе күштері – 3 тікұшақ эскадрилиясы, 1 транспорттық ұшақ, әуе шабуылына қарсы бөлім, техникалық және жәрдем ету бөлімінен құралады. Әскери-теніз флот құрамында – 3 зымырандық қатер, 3 патрул-



Абай
АЙМАҒАМБЕТ

Жыл сайын Алматы, Оңтүстік, Шығыс Қазақстан облыстарындағы тауларда қар көшкіңдері жиі болып, жолдарды жауып тастап жатады, кейде қайғылы жағдайлар да болады. Қазақстанда биыл таулы жерлерге қар қалың түсті, қардың қалыңдығы 50 см асқан жағдайда көшкін пайда болады. Қаңтардың ортасында жауған қалың қардан кейін, айдың аяғында Алматы облысындағы Түрген өзені бассейнінде (Түрген ауылы – Батан шатқалы автожолында) 4 рет табиғи қар көшкіні болып, жалпы көлемі 390 текше метр қар көшті. Қар көшкініне 29 қаңтарда Түрген өзені бассейніндегі жерасты дүмпулері себеп болған. Синоптиктердің айтуынша, енді бір-екі аптада күн жылына бастайды. Осы кезде қар сығымдалып, ауырлайды да төмен сырғиды. Құтқарушылардың айтуынша, тау қыраттарында қар бетімен жүру – миналанған аумақпен жүргенмен тең. Қар көшкіңдері адам өміріне өте үлкен қауіп тудырады. Қас қағым сәтте төбеден лап ете қалатын мұндай апатқа көп мән бермейміз, оның аса қауіпті табиғат құбылыстарының бірі екенін әрдайым есте сақтауымыз керек.



«Қазселденқорғау» мекемесінің мәліметтері бойынша, соңғы елу жылда Алматы маңында 143 адам қар көшкінінің астында қалған. Олардың 66-сы қаза тапқан. Ең қайғылы жағдай 1972 жылдың 9 сәуірінде Шайтан шатқалында, Кіші Алматының шалғайында Тұйықсу қақпасының маңында болды. Бұл оқиға И.Северскийдің «Лавины – грозная стихия гор» кітабында «Қардың қалың түсуіне байланысты «Шым-бұлақ» қар көшкіні бекетінің мамандары тауға шығушыларға тыйым салған. Бірақ соған қарамастан альпинистер тобы Тұйықсу қақпасының аумағындағы Шайтан шатқалына жаттығуға аттанады. Топ көлденен жатқан ұзындығы 200 метр ормансыз қырды киялап жүреді. Бір адам аяқ киімінің бауын байлау үшін кешеуілдеп артта қалған. Ол басын көтергенде, жолдас-тарының жүріп өткен ізімен ысқырып жатқан қар көшкінін көрді» деп баяндалады. Көшкін 17 шаңғышыны шатқалдың түбіне сырып түсірген. Оқиға орнына жедел жеткен құтқарушылар олардың сегізін ғана құтқарды. Тоғыз адам сол жерде көз жұмды. Одан кейін 1990 жылы 27 сәуір күні Тұйықсуда болған көшкін 5 адамды басып кетті. Келесі жылы 6 қарашада осы жерде 8 адам көшкінінің астында қалып, төртеуі қайтыс болды. Былтырғы жылы ақпанның ортасында Жамбыл облысындағы жаттығу кезінде 7 әскери қызметкер қар көшкіні астында қалып қаза тапты. Апат айтып келмейді, мұндай оқиғалар таулы жерлерде жиі болады.

Қар көшкіңдері – Альпіде, Кордильер, Кап, Гималай, Тянь-Шань, Алтай, Хибин, Килиманджаро сияқты жер бетіндегі ірі тау жүйелерінде жиі болатын табиғат құбылысы. Бұл апат туралы алғаш жазғандардың бірі Александр Македонский, оның әскері Орта Азияға, Гиндукуш арқылы Үндістанға жасаған жорық кездерінде бірнеше рет көшкін астында қалады. Ал оның алдындағы қар көшкіңдері туралы ең бірінші деректерді римдік тарихшы Полибийдің (біздің ғасырымызға дейін 201–120 ж.) жазғандарынан көруге болады. «Ганнибал әскері не жүк артылған жануарлар, не пілдер өте алмайтын тар шатқалға келгенде төбеден қар көшкіні құлады да, әскердің тауы шағылды» деп жазады. Ганнибал б.з.д. 218 жылы қарашада Альпі тауларынан асамын деп боранда тып 33 күн жүрген. Оның қарамағында 80 мың жау әскер, 12 мың салт атты, 37 піл болған. Солтүстік Италиядағы По өзенінің бойымен кері қайтқанда 20 мың жау әскер, 6 мың атты және 1 піл ғана қалған екен. Әскерінің үштен екісі соғыстан емес, қар көшкіңдері, боранның астында қалып, аязда үсіп, аштан өлген.

Қар көшкіңдерінен ең көп адам қырылған жер – Альпі таулары. Бұл аумақта қар көшкінін «ақ тажал» деп атауы бекер емес. 1799 жылы Суворов әскері Альпідегі Сен-Го-

ҚАР КӨШКІНІ ҚАУІПТІ

тард асуында едәуір шығынға ұшырады. Ірі көшкін апаты 1886 жылы 161 адамның өмірін жалмады. Ең сұмдық көшкін Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, Австрия – Италия майданында болды. Деректерге қарағанда, 60 мың сарбаз бір сәтте қар көшкіні астында тұншығып өлген. Сол оқиға кезінде табиғат апатынан көз жұмғандар саны шайқастан қаза тапқандардан аз болған. Одан кейінгі ірі апат 1916 жылдың 16 желтоқсанында болған екен, сол күні 10 мыңнан астам сарбаз бір мезетте қар астына жерленді. Бұл күн Еуропа тарихында «қара жексенбі» деген атпен қалды. Альпі тауларында – 1917, 1919, 1923, 1925, 1931, 1935, 1945, 1951, 1954, 1968, 1975 жылдарда қар қалың жауып, көптеген адамның өмірін қиған ірі көшкіңдер болған. Еуропалықтардың есінде қалған Альпідегі тағы бір


төмен сырғыған. Жылдамдығы шамамен 170 км/сағат болған. Оның жолында, 2700 метр биіктікте Ранраирка қалашығы және кішігірім алты елдімекен тұрған. Жиырма шақырымдық қашықтықты қар, лай, тас араласқан көшкін 7 минутта жайпап өтті. Көшкінің тоқтаған

ділерінің ең белсенді жері – 2000–3000 метр биіктіктегі орталық тау белдеуі. Мұнда қыста жана жауған қар көшкіңдері және көктемгі наурыз, сәуір айларында ылғалды қар көшкіңдері байқалады. Биік таулы жерлерде боранды қар көшкіңдері болып тұрады, ылғалды қар көшкіңдері мұнда сәуір, мамыр айларында, кейде маусымда қозғалады. Бәрінен де Іле Алатауы жотасының орталық бөлігінде (Ақсай және Түрген өзендерінің аралығы) қар көшкінінің қауіп мол. Жоңғар Алатауында Қаратал, Қора, Кіші және Үлкен Басқан өзендерінің аңғарларында қар көшкіні жиі болып тұрады. Орталық Тянь-Шань (Теріскей Алатау, Меридианальный, Сараджас) – Қазақстанның ең биік таулы аймағы. Оның ерекшелігі – барар жолдың қиындығы және аймақтың шалғайлығынан адамдар бұл жерге сирек барады.

Жаңа жауған қардың қалыңдығы. Бір жауғанда 25–30 см қалыңдықта қар түссе, көшкінің болуы өбден мүмкін. Тіпті 15–20 см жаңа қар көшкіңге себеп бола алады. Ұлпа қар ауа температурасы – төмендегенде құрғақ, тозаң тектес қардың сырғуына қолайлы. Нөл градусқа тақау температурада ылғалды қар керісінше қар көшкініне бөгет болып, қардың тығыздануына ықпал етеді.

Жел және боран. Күшті жел боранға ұласқанда қар көшкіні оңай сырғиды. Мұндай көшкіңдер биік таулы жерлерге тән. 18–24 сағатқа созылған боран қар тақталарының жылжуына себеп болады.

Ауа температурасы. Бұл да қар көшкінінің болуына өз ықпалын тигізеді. Нөлге жуық температура қардың нығыздалып, тұрақтануына жағдай жасап, көшкің қаупін азайтады. Нөл градустан жоғары температура 36 сағат мөлшерінде сақталатын жылымық кезде ылғалды көктемдік қар көшкіңдері болуы мүмкін. Мұндай көшкіңдер көбінесе күндізгі 12–16 сағаттар аралығында болады. Ұлпа, желілі қар ауа райы бұзылғанда немесе төмен температурада өте орнықсыз. Мұндай қар жауғаннан кейін 2–3 күн ішінде тығыздалып орнығады, сөйтіп қар көшкіні қаупін азайтады. Қатты жылымық кезінде ылғалды бойына сіңірген қар орнықсыз болып келеді. Сұйық күйдегі ылғал қар – жентектерінің төмен сырғуына қолайлы. Желдің соғуынан нығыздалған қар да өте орнықсыз. Ондай қар қабатының орталарында қуыс кеуектер пайда болады. Әдетте, мұндай кеуек қарлар шатқалдың төменгі жақтарында жарықшақтанып, көшкің қаупін тудырады.



апат кезінде, 1955–1956 жылы қыста 30 адам қар астында қалды. Альпінің француздарға тиесілі бөлігінде 1970 жылы жан түршігерлік екі апат болды. Валь-д'Изер отеліне құлаған қар көшкіні 200-ге жуық туристерді тірідей көміп тастаса, Сен-Жерве маңында сырғыған екінші көшкің санаторийде демалып жатқан 80 баланы және сондағы ондаған қызметшілерді басып қалды.

Исландия аралында да мұндай апаттар жиі болады. Исландықтардың сагаларында (аңыз, қиса) айтылатын дерек бойынша 1118 жылы 5 адам қар астында қалса, 1613 жылдың 24 желтоқсанында 50 адам қаза тауыпты. Соңғы жүз жылда жүргізілген санақ бойынша мұндағы көшкің астында қаза тапқандардың саны 500 адамнан асады, 470 ғимарат қирап, 3500 мал қырылыпты. Норвегияда 1679 жылы 500-ден астам адамды қар көшкіні басып

қалған, ал 1755 жылы – 200 адам қаза болған. 1932 жылы Оңтүстік Осетияда, Кап тауының түбінде орналасқан Арашенд елдімекені тұрғындарымен бірге көшкің астында қалып, жер бетінен жойылды.

1962 жылы 10 қаңтарда және 1970 жылғы 31 мамырда Перудегі Уаскаран шыңынан екі мәрте қарлы-мұзды, тасты көшкің құлады. 1962 жылдың 10 қаңтарында Оңтүстік Америкадағы Анд тауының солтүстік шетінде орналасқан Уаскаран шыңының ұшар басындағы көлемі 3 млн м³ мұз ойылып, 6700 метр биіктіктен төмен құлады. Шыңның басында соңғы мұз кезеңінен бері қатып тұрған қалыңдығы бірнеше жүз метр болатын реликті мұз тік құздан бір шақырымдай үлкен жылдамдықпен төмен қарай аққан, содан кейін жолындағы жартастарды, құм, балшықты қосып алып қатты екпінмен

кездегі, тас, қар, laidан тұратын массаның биіктігі 18 метрге жетіпті. Төрт мың адам осы қоймалжыңның астында жан тапсырды. Енді сегіз жылдан кейін болған жер сілкінісінен кейін тура осы шыңнан тағы да көшкің ақты. Бұл жолы табиғат апаты 20 мың адамды жалмады. Жанадан тұрғызылған Ранраирка қаласын дүлей күш жермен жексен қылып, сыпырып тастады.

Қазақстан Гидромет орталығының мәліметтеріне қарағанда, 2003–2009 жылдар аралығында адамдардың қар көшкіңдері астында қалуына байланысты 18 жағдай тіркелген, оның 12-сі – Іле Алатауында болған. 12 адам ажал тапқан. 17 жағдайда қар көшкініне адамдардың өздері себепші болған, ал 8 жағдайда қар көшкіңдеріне шаңғышылар тап болыпты. Мамандардың айтуынша, әртүрлі аймақтарда белгілі бір типтегі қар көшкіңдері болады. Көшкінің қозғалуына жер бедерінің ерекшеліктері, ауа райы және климаттық жағдайлар ықпалын тигізеді. Қазақстан Алтай (Батыс, Кенді Алтай) – ауқымы өте кең, таулы аймақ, таулы қыраттар биіктігі 2000 метрге дейін жетеді. Қары қалың. Үлбі өзені маңайындағы қар қалыңдығы 3,5 метр болады, ал бір жауғанда 1 метрге дейін қар түсуі мүмкін. Көшкің қаупі ең мол жері – биіктігі 2000 метрге дейін жететін ортаңғы таулы аймақ.

Іле және Жоңғар Алатауы, әсіресе, Алматы қаласына жақын тау бөктерлері – ең игерілген және зерттелген аймақтар. Қар көшкің-

Қайыржан ТӨРЕЖАН





ЖАРЫС КЕСТЕСІ

17 АҚПАН, СЕНБІ

- 07:00 Мәнерлеп сырғанау. Еркін бағдарлама (ерлер)
- 08:00 Тау шаңғысы. Супергигант (әйелдер)
- 15:30 Шаңғы жарысы. Эстафета (әйелдер)
- 16:00 Шорт-трек. 1500 метр (әйелдер)
- 16:44 Шорт-трек. 1000 метр (ерлер)
- 17:00 Фристайл. Акробатика. Іріктеу кезеңі (ерлер)
- 17:15 Биатлон. Масс-старт (ерлер)
- 18:30, 19:30 Трамплиннен секіру. Үлкен трамплин (ерлер)

18 АҚПАН, ЖЕКСЕНБІ

- 07:15, 10:45 Тау шаңғысы. Алып слалом (ерлер)
- 12:15 Шаңғы жарысы. Эстафета (ерлер)
- 17:00 Фристайл. Акробатика. Финал (ерлер)
- 17:15 Биатлон. Масс-старт (ерлер)
- 17:56 Конькимен жүгіру. 500 метр (әйелдер)

19 АҚПАН, ДҮЙСЕНБІ

- 17:53 Конькимен жүгіру. 500 метр (әйелдер)

20 АҚПАН, СЕЙСЕНБІ

- 16:00 Шорт-трек. 1000 метр (әйелдер)
- 16:45 Шорт-трек. 500 метр (ерлер)
- 17:15 Биатлон. Аралас эстафета

ҚАЗАҚСТАН ДАМУ

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ӘЛСІЗ ТҰСЫ ҚАНДАЙ?

Пеңаң Олимпиадасында 7 спорт түрінен 15 дисциплина бойынша жарыс өтіп жатыр. Еліміздің спортшылары соның төртеуінен бақ сынайды.

Біз қатыспайтын жарыстар: бобслей, шайбалы хоккей және керлинг. Сондай-ақ жекелеген дисциплиналардың кейбірінен отандастарымыз жолдама ала алмады. Газетіміздің өткен санында көпшілікке түсініксіз керлинг туралы сөз қозғаған едік. Енді кезек сноуборд пен шанаға келіп жеткен сыңайлы.

Сноуборд

Сноубордингке әлі бір ғасыр толмаған. Сол себепті, бұл спорт түрін жас десек болады. 1960 жылдары америкалық Шерман Поппен есімді азамат ойлап тапқан. Алғашқы сноубордтарды екі шаңғыны жабыстыру арқылы жасаған. Ол кезде атауын «снерфер» деген екен. Жанадан пайда болған спорт түрі дереу таныла бастайды. 19 жылдан кейін алғашқы Әлем біріншілігі өтеді. Бүгінде атауы да, түрі де өзгерген. Ең бастысы, Олимпиадалық спорт түрлерінің қатарына қосылды. Қазақстандық спортшылар жолдама еншілей алмаса да, Шымбұлақ, Табаған секілді спорт кешендерінде ара-тұра жарысқа қатысып тұрады. Демек, спорттың бұл түрі елімізде енді қанат жая бастайды. Сондай жарыстардың бірі – былтырғы өткен Универсиада.

Олимпия ойындарында жарыс бағдарламасы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Бастапқы қалпында қалғаны – хафпайп. Параллель алып слалом 1998 жылғы Олимпиададан кейін алып слаломның орнын басты. 2006 жылы Туринде өткен ойындарда бордеркросс (сноубордкросс) деген түрі қосылды. 2014 жылғы Сочидегі ойындарда слоупстайл және параллель слалом түрлерінен жарыс өтті. Биыл қосылған жаңа түрі – биг эйр. Барлық сайыстар ерлер мен әйелдер арасында өткізіледі.

Сноубордтан көш бастайтын команда – АҚШ. Осы уақытқа дейін берілген 30 алтын медальдың үштен бірі, яғни оны осы ел құрамасының еншісіне бұйырған. Бұдан кейінгі орында 7 алтынмен Швейцария, 3 алтынмен Франция елі тұр. Жарыстың қазылығын 5 төреші атқарады. Олардың әрқайсысы акробатика, айналым, ұшу амплитудасы, элементтер техникасы мен қонуына байланысты 10 ұпайға дейін бере алады. Жеңімпаз ұпай санына қарай анықталады. Әр елдің атынан 14 спортшы қатыса алады.

Шана спорты

Олимпиадаға ең алғаш қосылған кезі – 1964 жылғы Инсбруктегі ойындар. Бағдарламасы бойынша, әу баста үш дисциплинадан тұрды: бір орындық ерлер шанасы, бір орындық әйелдер шанасы және екі орындық ерлер шанасы. Жарты ғасырға жуық уақыт бойы ережесі өзгермеген, әйелдер мен ерлер бір жылда бастаған спорт түрі.

Мұндай тұрақтылық Олимпиада бағдарламасында бола бермейді. Тек 2014 жылы Сочидегі ойындарда командалық эстафета қосылды. Ол жерде ерлер де, әйелдер де бір-бірінің ізін жалғай жөнеледі. Жөніп алған жүлделер саны бойынша Германия, ГФР және ГДР құрамалары алда тұр. Олардың еншісінде жалпы саны 108 медальдың 65-і бар. Сонымен бірге, Австрия мен Италия спортшылары да шанамен сырғанауда алдарына жан салмайды. Ережесі бойынша, қатысушылар арнайы трассамен сырғанап, ең жылдам жеткені жеңімпаз атанады. Бұл жерде шананың салмағынан бөлек, спортшының салмағы, экипировкасына да баса мән беріледі. Барлығы бір уақытта бастауы тиіс. Ең маңыздысы – мәреге шанасыз жеткендердің нәтижесі жокқа шығарылады. Шанамен сырғанайтын тағы бобслей, скелетон сынды түрлері бар. Алғашқысының шығу тарихы ерекше. Ағылшын турист Уилсон Смит 1888 жылы екі шана мен тактаиды біріктіріп, Санкт-Морицандан Челерин коммунасына сырғып жетеді. XX ғасырдың соңында алғашқы бобслей клубы ашылып, ережелері анықталған. Скелетон болса, алғаш рет 1928 жылғы

Олимпиадада өткізілген. Бірақ одан кейінгі екі бас бөйгеде жарыс болған жоқ. Ақ олимпиадаға оралған кезі – 20 жылдан кейін, 1948 жылы. Бұлай болу себебі, скелетонға арналған арнайы трасса тек Санкт-Морицада бар болатын. Осыдан соң қайта үзіліс алып, 2002 жылы Солт-Лейк-Ситиде қайта жанданады. Әйелдер арасында жарыс өткізген жыл да осыдан бастау алған.



21 АҚПАН, СӘРСЕНБІ

- 07:00 Мәнерлеп сырғанау. Қысқа бағдарлама (әйелдер)
- 08:00 Тау шаңғысы. Даунхилл (әйелдер)
- 14:00, 14:44 Шаңғы жарысы. Топтық спринт. Іріктеу,
- 16:00, 16:30 Финал (әйелдер, ерлер)

22 АҚПАН, БЕЙСЕНБІ

- 07:15, 10:45 Тау шаңғысы жарысы. Слалом (ерлер)
- 16:00 Шорт-трек. 500 метр. Финал (ерлер)
- 16:14 Шорт-трек. 1000 метр. Финал (әйелдер)

23 АҚПАН, ЖҰМА

- 07:00 Мәнерлеп сырғанау. Еркін бағдарлама (әйелдер)
- 08:00, 11:30 Тау шаңғысы жарысы. Суперкомбинация (әйелдер)
- 16:00 Конькимен жүгіру. 1000 метр (ерлер)
- 17:15 Биатлон. Эстафета (ерлер)

24 АҚПАН, СЕНБІ

- 11:00 Шаңғы жарысы. Масс-старт 50 шақырым (ерлер)
- 17:00, 17:45 Конькимен жүгіру. Масс-старт (әйелдер, ерлер)

25 АҚПАН, ЖЕКСЕНБІ

- 12:00 Шаңғы жарысы. Масс-старт 30 шақырым (әйелдер) 17:00
- Жабылу салтанаты



КӨЛЕҢКЕҢІЗДІ «КӨТЕРІП» ЖҮРЕЙІН...

Бір күні ол жүре алмай, бір орында тұрып қалды. Артына бұрылып қарап еді, күні кеше орынбасары болған Инебай Көзіненөткенұлы екен, көлеңкесін басып тұрған.



— Кешіріңіз, көлеңкеңізді басып кетіп-
мін,— деді ол ыңғайсызданып.
— Оқасы жоқ.
— Ғафу өтінемін, мен әдейі басқан жоқ
едім. Ой, көлеңкеңіз жыртылып қалыпты...
— Ештеңе етпейді, ертең күн шыққанда
жанасы пайда болады. Аландамаңыз.
— Ойланып кетіппін... Халықтың қам-
мын... Елбасының тапсырмаларын... Сіздің
ескертулеріңізді... Көлеңкеңізді басып қал-
лып, сіз жүре алмай қалдыңыз-ау?

Лауазымы үлкен шенеунік жымыды.
— Мен тіпті көлеңке туралы ойлап та
тұрған жоқпын, — деп жүре сөйледі. Орын-
басары қуып жетіп, алдынан шықты.
— Сіздің рұқсатыңызбен, көлеңкеңізді
көтеріп жүрсем бола ма? Кабинетіңізге
дейін? Шаң болып қалыпты...
Билік дәлізіндегі шенеунік тоқтай қал-
ды.
— Шытынаған шыны сыртынан айтып
тұрсыз ба? Әлде, жарқыраған көңілмен?—
деп сұрады сосын.
— Иә, о не дегеніңіз, мен... Менің көңілім
Конгресс холдың люстрасындай жарық...

Ол орынбасарының көзіне қадала қара-
ды. Көзінен қулықтың ұшқындарын
көргендей ме?
— Былайғы жұрт сізді жағымпаз деп
ойлап қалады емес пе? Рақмет сізге!
Қызмет көлігінен түскен шенеунік билік
дәлізімен асықпай келе жатты. Соңғы кез-
дері кландардың қысымынан ба, көлеңкесі
де ауырлап, әрен сүйреп келе жатқан. Кенет
жүрісі жеңілдеп сала берді. Тоқтады. Артына
бұрылмастан. Орынбасары да тоқтай қалды.
Оның артында келе жатып. Анау жүрді. Бұл
да жүрді. Бір кезде шенеунік артына жалт
бұрылып қарап еді, орынбасары мұның кө-

леңкесін көтеріп келе жатыр екен, сас-
қалақтап, иегін қаси берді, қаси берді.

— Иегіңізге ине кіріп кеткен бе?
— Жәй, мен... Көлеңкеңізді көтеріп
жүрейін деп...

— Көтермені! Тастай салыңыз! — деп
ашуланды бастығы, —Төөу, кешіріңіз, сіз не
іздеп жатырсыз?

Еңкейіп, әр бұрышты қарап, жер сипа-
лаған орынбасары үсті-басын қакқыштап,
ентіге орнынан тұрды.

— Сіздің көлеңкеңізді іздеп... Жоғалтып
алғаным...

— Күн бұлттанды ғой, соны да ойлай
білмейсіз. Ал Елбасы тапсырмаларын қалай
орындайсыз сонда? Көлеңкелер көтеріп,
осы лауазымға жеттіңіз. Жіберіңіз деймін?

— Нені?
— Көлеңкемді басып тұрсыз! Жүре алар
емеспін.

— Ой, кешіріңіз, тағы да басып кеткенмін
бе? Сізден мың мәрте кешірім сұраймын, бай-
қамай қалдым. Ойбуу, қымбат көлеңкеңіздің
мына тұсы кірлеп қалыпты... Қазір, қазір...

— Сіз не істеп жатырсыз? — деп сұрады
бастығы таңырқап.

— Көлеңкеңіздің кірін түкіріктеп сүртіп...
Шенеунік не айтарын білмеді. Басын
шайқап, кете барды. Көлеңкесі де күніреніп
бара жатқандай ма?

Мұхтар ШЕРІМ,
«Жатыпатардың» жүгермегі



Күнің барда күліп жүр

ЖАТЫПАТАР

Сықақ екен

Сері меке

«ЖАТЫПАТАР» ЖАҢЫЛАП

Көптен тіресіп жүр,
Сырттай сіресіп жүр,
Сіресіп күресіп жүр,
Тіресіп сіресіп жүр,
Текетіресіп жүр...

Жеп-жеп тұтығып,
Көп жеп тұтылып,
Тұтығып,
Тұтылып,
Кетті-ау құтылып...

Тыржалаңаш,
Бір жалаңаш,
Жүр жалаңаш.
Бір жалаңаш,
Жүр жалаңаш,
Тыржалаңаш.

Қазыбек
ӘШІРБЕКҰЛЫ,
«Жатыпатардың»
Қызықордадағы
тыңшысы

Теке текке жүрмей,
Қойға ғашық болды.
Өліп-өшіп,
Бір көруге асық болды.
Болмаған соң мақтады.
Сонда да жақпады.
Қой: «Қой!» деді.
Теке ойнақтап,
«Ой!» деді.
Саулық,
Жерге қарап сырын айтты.
Бастан өткен жырын айтты.
«Бірінші қошқардан бір қозы,
Екінші қошқардан үш қозы,
Тұрмыста болғанмын,
Жеңіл жүрісті қойғанмын» деді.
Теке ойға берілді.
Тұрмыста бұрын,
Болса болған шығар.
Ал қазір,
Неге ойнап күлмейді?

Мүмкін өзі,
Көндірудің жолын білмейді!
Деді де,
Бастап кетті бір істі,
Бірден іске кірісті.
Көрсетпек болды өнерін.
Жарға шығып биледі,
Тасқа шығып биледі,
Бірақ қой көнбеді.
Әрекетінен еш нәрсе өнбеді.
Гүрс!!!
Теке бақ етті.
Есін жинап қарағанша
Сақалдың астынан,
тағы бір соққы «сақ» етті.
Сері батыр,
Жарға жалт етті.
Қараса, өзі сайда жатыр.
Мәң-ә... мәселе қайда жатыр?
Сөйтсе сүзген.
Қойдың жасырын көңілдесі,
Қошқар екен!
Былайша қой екеуі,

Бұрыннан «достар» екен.
Қошқардың әдеті,
Алыстан көреді екен,
Қойға кім тисе де,
Арқадан сүзін
Жақсылап «переді» екен!

Бұл — малдар.
Ал адамдар...
Өмірге бар келіншектер,
Әдейге ажырасқан,
Әншейінде, «сүттен ақ».
Бірақ
Күйеуі бар жасырын.
Түсініп көр жансырын.

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫ,
«Жатыпатардың»
Шымқаладағы тыңшысы

Жұлынған жыр

(«Даналық тәпсірі» топтамасынан)



Әйелдерге өйей заман жолықты-ау,
Еркектерге сын болады оны ұқпау.
Іштей рақат күй кешеді әйелдер,
Құрбы көрсе өздерінен толықтау.

Темірғали КӨПБАЕВ

Суретті шай ішіп отырып салған
Ғалым СМАҒҰЛЫ



«Қудай жатқанға берсін»
деп жатырмыз

Бес баптан беттің
бастығы —
Ермахан
ШАЙМҰЛЫ

<p>НҮР-Медиа</p> <p>Меншік иесі — «Айқын газеті» ЖШС</p>	<p>Директор – Бас редактор – Нұртөре ЖҮСІП</p> <p>Серікбол ХАСАН – Бас редактордың бірінші орынбасары Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ – шығарушы редактор Асқар БЕК – жауапты хатшы Гүлжан СӘДЕНҚЫЗЫ – жауапты хатшының орынбасары Берік БЕЙСЕНҰЛЫ – веб-сайт редакторы</p>	<p>БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ: Кәмילה ДҮЙСЕН – саясат, экономика Қаншайым БАЙДӘУАЛЕТ – ақпарат, спорт Гүлзина БЕКТАС – руханият, әлеумет Жолдасбек ДУАНАБАЙ – меншікті тілшілер бөлімі Мәдіхан ДҮЙСЕБЕК – техникалық редактор</p> <p>АСТАНА БЮРОСЫ: Амангелді ҚҰРМЕТҰЛЫ – 87789746272 (Астанадағы тілшілер қосынының меңгерушісі) Айхан ШӨРІП – 8 (7172) 935784 Нұрсұлу АЙБЕКҚЫЗЫ – 87058324073 Серік ЖОДАСБАЙ – 87029151514</p>	<p>ШТЕЛЕДЕГІ ТІЛШІЛЕР: Раушангүл ЗАҚАНҚЫЗЫ – 81036304178420, (Мажарстан) Дәурен ОМАР – 8108613764808083, (Қытай)</p> <p>ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 315-03-03. E-mail: zuhra-31@mail.ru</p>	<p>Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 АПТАЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ: 160 000</p> <p>Тапсырыс №2625 Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қадаяқов көшесі, 17-үй Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Славет көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Өалықұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 Ішкі 114</p> <p>«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғас ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102</p> <p>Кезекші редакторлар: Майра ЖАНЫСБАЙ, Кәмילה ДҮЙСЕН</p>
---	---	--	---	--